



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Арнайы педагогика» сериясы
Серия «Специальная педагогика»
Series of «Special Pedagogics»

№1(48), 2017



ХАБАРШЫ

«Арнайы педагогика» сериясы,
№1(48), 2017

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады

Бас редактор

психол.ғ.к., доцент Л.Х. Макина

Бас редактордың орынбасары
психол.ғ.к., аға оқыт. А.А. Ханания

Редакция алқасы:

физ-мат.ғ.д., проф. В.Н. Косов,

п.ғ.к., доцент А.А. Момбек,

п.ғ.д., проф. С.М. Кеңесбаев,

психол.ғ.д., проф.

Ж.И. Намазбаева,

п.ғ.д., проф. З.А. Мовкебаева,

психол.ғ.к., доцент А.А. Аутаева,

п.ғ.к., аға оқыт. З.Н. Бекбаева,

п.ғ.к., аға оқыт.

А.А. Байтурсынова,

психол.ғ.д., проф. Н.С. Ахтаева,

п.ғ.к., доцент Т.В. Лисовская

(Минск),

проф. Е.М. Кулеша (Варшава),

проф. Л.Хоппе (Берлин),

п.ғ.к., аға оқыт. И.А. Денисова

(жауапты редактор)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2017

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2009 жылы
мамырдың 8-де тіркелген
№10107-Ж

Басуға 14.04.2017 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 18 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тансырыс 66.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

**АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО И
ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Тайжан А.А., Молдабаева А.К. Мүмкіндігі шектеулі балалардағы ауытқулардың жіктелуі және оларға медициналық-әлеуметтік қолдау көрсету.....	6
Taizhan A.A., Moldabayeva A.K. The organization of psychology-medikal-pedagogical support of children with limited opportunities of various categories.....	6
Алиханова Г.Е., Сманова А.А. Оқу үрдісінде интерактивті тақтаны қолданудың білім сапасын жақсартудағы қажеттілігі.....	9
Alikhanova G.E., Smanova A.A. Interactive whiteboard as necessary means of improvement of quality of education.....	9
Капалыгина И.И. Особенности применения здоровьесберегающих технологий в образовательном процессе школы.....	13
Kapalygina I.I. Features of use of health saving technologies in educational process of school.....	13
Абаева Г.А., Айдар С.А. Еуропа елдеріндегі ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қолдау мен оның заңнамасын сараптау.....	19
Abaeva G.A., Aidar S.A. Analysis of legislation and social support for children with disabilities early development in Europe.....	19
Нуредин Г.Б., Сманова А.А. Виртуалды алаңқайлар арқылы «Мәдениеттану» пәнін қалай тартымды етуге болады: тәжірибе нәтижесі.....	24
Nuradin G.B., Smanova A.A. Use of the virtual portal as means of improvement of quality of teaching discipline «cultural science» in higher education institutions: results of experience.....	24
Туғанбекова К.М., Рымханова А.Р., Мадетова Ұ.Н. Аутизм: дәстүрлі және дәстүрлі емес түзету әдістері.....	29
Tuganbekova K.M., Rymhanova A.R., Madetova U.N. Autism: traditional and nonconventional methods of correction.....	29
Саурыкова Б., Бекбаева З.Н. Психологияда мотивация мен мотив ұғымының теориялық негізі.....	34
Saurykova B., Bekbaeva Z.N. The theoretical foundations of the concept of psychological motivation and motive.....	34
Сидорович З.З. Комплексный анализ текста как условие формирования читательской грамотности студентов.....	37
Sidorovich Z.Z. Complex text analysis as a prerequisite of students' reading literacy formation.....	37
Dyo E., Kanscitova U., Zhiyenbayeva S. Advantages of multilingual preschool education based on foreign experience.....	41
Дё Э.Р., Кансцитова У.Р., Жиенбаева С.Н. Преимущества многоязычного дошкольного образования, основанные на зарубежном опыте.....	41

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия
«Специальная педагогика»,
№1(48), 2017

Периодичность – 4 номера в год
Выходит с 2001 года.

Главный редактор
к.психол.н., доцент Л.Х. Макина

Зам. главного редактора
к.психол.н., ст. преп.
А.А. Ханаян

Редакционная коллегия:
д.физ.-мат.н., проф. В.Н. Косов,
к.п.н., доцент А.А. Момбек,
д.п.н., проф. С.М. Кенесбаев,
д.психол.н., проф.
Ж.И. Намазбаева,
д.п.н., проф. З.А. Мовкебаева,
к.психол.н., доцент А.Н. Аутаева,
к.п.н., ст. преп. З.Н. Бекбаева,
к.п.н., ст. преп.

А.А. Байгурсьнова,
д.психол.н., проф. Н.С. Ахтаева,
к.п.н., доцент Т.В. Лисовская
(Минск),
проф. Е.М. Кулеша (Варшава),
проф. Л.Хоппе (Берлин),
к.п.н., ст. преп. И.А. Денисова
(ответ. редактор)

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2017

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10107-Ж

Подписано в печать 14.04.2017.
Формат 60x84 1/8. Объем 18 уч.-изд.л. Тираж 300 экз. Заказ 66.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Мұратбаева Г.А., Ержігітова И.Д. Болашақ мұғалімдерді кәсіби күзiреттілік тұрғыдан даярлау.....	44
Muratbaeva G.A., Erzhigitova I.D. Formation of professional competence of future teachers.....	44
Даурамбекова А.А., Махадилова М.С., Милыхина Н.Ю. Инновационная деятельность в школе-интернате для детей с нарушениями слуха.....	48
Daurambekova A.A., Makhadilova M.S., Milyuhina N.Y. Innovative activity in boarding school for children with hearing impairment.....	48
Булабаева С.Т. Әлемдік тәжірибедегі инклюзивті білім жүйесі дамуының жалпы сипаттамасы.....	52
Bulabayeva S. General characteristics of the international practice of inclusive education system development.....	52
МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОВР	
Аутаева А.Н., Махадилова М.С. Нашар еститін 14-15 жастағы оқушылардың өзін-өзі бағалауының ерекшеліктері.....	58
Autayeva A.N., Makhadilova M.S. Features of self-appraisal of 14-15 years-old hearing impaired children.....	58
Denisova I.A. Use of information and communication technologies in professional development of special teachers.....	62
Денисова И.А. Использование информационно-коммуникационных технологий в повышении квалификации педагогов-дефектологов.....	62
Аутаева А.Н., Мирзахмедова У.А. 9-10 жастағы көру қабілеті зақымдалған оқушылардың базалық координациялық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған педагогикалық үрдіс.....	66
Autayeva A., Mirzakhmedova U. Improvement of formation of basic coordination abilities of 9-10 years old pupils with sight-violations.....	66
Алшынбекова Г.К., Арбабаева А.Т., Сексенбаева А.Т., Садвокасова А.А. Аутизмді түзету жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері.....	70
Alshynbekova G.K., Arbabaeva A.T., Seksenbaeva A.T., Sadvokasova A.A. Features of correctional work with autistic children	70
Аутаева А.Н., Қалымова Ә.Е. Есту қабілеті зақымдалған балалардың қимыл-қозғалысты бағдарлау ерекшеліктері.....	74
Autayeva A.N., Kalymova A.E. Features of coordination abilities of children with hearing impairment.....	74
Жунисханова Г.Ж., Жаканбаева Б.Б. Зияты зақымдалған балалардың (1-2 сыныптағы) кеңістікті бағдарлау және мезгіл ұғымдарын түсіну ерешеліктері.....	77
Zhunishanova G.Z., Zhakanbaeva B.B. Features of spatial orientations of children with violation of mental activity (1-2 classes).....	77
Мирзахмедова У.А., Тайжан А.А. Балаға динамикалық тексеру жүргізудегі ПМПК-ның қызметі.....	83
Mirzakhmedova U., Taizhan A. The activities of the child during the dynamic test at PMPC.....	83
Мусаева Н.С. Экспериментальное исследование особенностей развития навыков общения у младших школьников норме и с нарушением интеллекта.....	85
Musaeva N. Pilot study of features of development of skills of communication of younger school students with normal and abnormal intelligence.....	85

Kazakh National Pedagogical
University after Abai

BULLETIN

Series of «Special Pedagogics»
№1(48), 2017

Periodicity – 4 numbers in a year
Publishing from 2001

Editor in chief

*Candidate of Psychological Sciences,
Associate Professor L.Makina,*

Deputy editor

*Candidate of Psychological Sciences
A.Hananyan*

The editorial board members:

*Doctor of Physical and Mathematical
Sciences, Professor V.Kosov,*

*Candidate of Pedagogical Sciences,
Associate professor A.Mombek,*

*Doctor of Pedagogical Sciences,
Professor S.Kenesbaev,*

*Doctor of Psychological Sciences,
Professor Zh.Namazbaeva,*

*Doctor of Pedagogical Sciences,
Professor Z. Movkebaeva,*

*Candidate of Psychological Sciences,
Associate Professor A.Autaeva,*

*Candidate of Pedagogical Sciences
Z.Bekbaeva,*

*Candidate of Pedagogical Sciences
A.Baitursynova,*

*Doctor of Psychology, Professor
N.Ahtaeva,*

*Associate professor T.Lisovskaya
(Minsk),*

*Professor E.Kulesha (Warsaw),
Professor L.Hoppe (Berlin),*

*Candidate of Pedagogical Sciences
I.Denisova (Executive Editor)*

Kazakh National Pedagogical
University after Abai, 2017

The journal is registered by the Ministry of
Culture and Information RK
8 May 2009. №10107-ZЖ

Signed to print 14.04.2017.
Format 60x84 1/8. Volume 18 –
publ.literature.
Edition 300 num. Order 66.

050010, Almaty, Dostyk ave., 13
KazNPU after Abai

Publishing house «Ulagat»
Kazakh National Pedagogical University
after Abai

Сатова А.К., Миросланова Л.Р. Научные исследования проблемы аутизма за рубежом и в Казахстане..... 89
Satova A.K., Miroslanova L. The first experiments of correctional work with children suffers from autism in Kazakhstan..... 89

Ибатова Г.Б., Арынтай Б.Е., Өмірбек С.Ж. Жалпы білім беретін мектептегі 3-сынып оқушыларындағы жазу бұзылыстарын тексеру әдістемелері..... 93
Ibatova G.B., Aryntay B.E., Omirbek S.Zh. Techniques of inspection of violations of the letter at pupils of the third class of comprehensive school..... 93

Денисова И.А., Мамашева А.И. Использование ИКТ в работе по развитию и коррекции фонематических представлений..... 98
Mamasheva A., Denisova I.A., Use of ICT in the development and correction phonemic representations..... 98

Сатова А.К., Миросланова Л.Р. Система ABBLIS-R как метод исследования зрительного восприятия у детей с аутизмом..... 103
Satova A.K., Miroslanova L. The ABBLIS-R system as the method of the research of visual perception at children with autism..... 103

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ
ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ
ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОВР**

Makina L.Kh., Nurlanbekova A.D. Forms and stages of work with parents, who have children with special needs. Results of primary and final inspection of children of the researched group..... 107

Макина Л.Х., Нурланбекова А.Д. Дамуында ауытқуы бар балалардың ата-аналарымен жұмыстың кезеңдері мен формалары. Зерттелетін топ балаларды алғашқы және қорытынды зерттеу нәтижелері..... 107

Оразаева Г.С., Садакбаева А.Е. Особенности логопедической работы по развитию понимания речи у детей с расстройствами аутистического спектра..... 115

Orazayeva G., Sadakbaeva A. Features of logopedic work on development of understanding of the speech in children with frustration of the autistic rangeg..... 115

Первых О.В., Дегтярёва О.А., Курбанбаева А.Б., Садуакасова С.М. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқыту мен тәрбиелеуде мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі бұзылған..... 118

Pervykh O.V., Degtjarjova O.A., Kurbanbayeva A.B., Saduakassova S.M. Informatively are communication technologies in educating and education of children of preschool age with broken speech..... 118

Ибатова Г.Б. Жалпы білім беретін екінші сынып оқушыларының жазу бұзылыстарын түзетуге бағытталған логопедиялық жұмысты ұйымдастыру..... 123

Ibatova G.B. The organization of logopedic work on overcoming violations of written speech of pupils 2 classes of a comprehensive school..... 123

Аутаева А.Н., Моллабаева А.К. ЖСТД мектеп жасына дейінгі балалармен логопедиялық жұмыс барысында кіші фольклорлық формаларды қолданудың ерекшеліктері..... 128

Autaeva A.N., Moldabayeva A.K. Features of application of small folklore forms in logopedic work with school agechildren with the general underdevelopment of the speech..... 128

Махадилова М.С., Магжанова Б.Ж. Проведение словарной работы на уроках географии в коррекционных школах.....	133
Makhadilova M.S., Magzhanova B.Zh. Carrying out language work at geography lessons at correctional schools.....	133
Ақышева Г.Е., Аутаева А.Н. Нашар еститін окушылардын сабактан тыс уакытта диалогтык сөйлеу тілін дамыту.....	137
Akysheva G., Autaeva A.N. Development of the dialogical speech of hearing-impaired pupils in nonlearning time.....	137
Қошжанова Г.А. Зияты зақымдалған окушылардын еңбек әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері.....	141
Koshanova G.A. Features of mentally-retarded student's labour activity	141

Құрметті оқырмандар!

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы жинағының «Арнайы педагогика» сериясы, арнайы педагогиканың теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелерін қарастыруға бағытталған материалдарды жариялауды жалғастырады. Хабаршының бұл санында Қазақстанның, Ресейдің арнайы білім беру мекемелерінің мамандарының, жоғары оқу орындарының оқытушыларының, магистранттардың мақалалары қамтылған.

Басылымда қарастырылған рубрикалар аясында төмендегідей өзекті мәселелер қарастырылды: : амуында ауытқуы бар балаларды зерттеу; мүмкіншілігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу; балалармен психокоррекциялық жұмыс ұйымдастыру; арнайы мектепте оқу үрдісін жоспарлау, т.б.

Құрметті әріптестер, оқырмандар! Сіздердің мақалаларыңызды және ұсыныстарыңызды күтеміз. Сіздердің жолдаған мақалаларыңыз Қазақстандағы дефектология ғылымының теориясы мен тәжірибесін дамытуға ықпалын тигізеді деген сенімдеміз.

Құрметпен бас редактор: п.с.ғ.к.,доцент Макина Л.Х.

Уважаемые читатели!

В очередном номере вестника КазНПУ имени Абая серии «Специальная педагогика» (№1, 2017-го года) опубликованы научные статьи, посвященные актуальным проблемам специального и инклюзивного образования детей с особыми образовательными потребностями. В журнале находят отражение проблемы научно-теоретического и прикладного характера. Авторы статей – ученые, докторанты, магистранты из нашей Республики, ближнего и дальнего зарубежья. Публикуются практические материалы работников специальных (коррекционных) и общеобразовательных организаций образования.

В рамках специальных рубрик сборника рассматриваются такие важные направления, как:

- Актуальные вопросы специального и инклюзивного образования;
- Изучение детей с особыми образовательными потребностями;
- Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями.

Ждем Ваших материалов и надеемся, что все научные статьи, опубликованные в Вестнике, внесут определенный вклад в развитие теории и практики дефектологической науки в Республике Казахстан.

С уважением, главный редактор: канд. психол.наук, доцент **Макина Л.Х.**

Раздел 1. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

УДК 378.091:376-056.39

МРНТИ: 14.29.01

А.А.Тайжан¹, А.К. Молдабаева²

¹ *м.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының профессоры, sozba14@mail.ru*

² *Абай атындағы ҚАЗҰПУ-нің 6М010500 – Дефектология мамандығының 2-курс магистранты, ainura.moldabaeva93@gmail.com*

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДАҒЫ АУЫТҚУЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ – ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУІ.

Аңдатпа

Бұл мақалада денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың жіктелуі мен оларға медициналық-әлеуметтік қолдау көрсету жолдарын қарастыру мәселелері қарастырылды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ақаулығына байланысты қандай медициналық-әлеуметтік көмектің түрі көрсетілуі тиіс екені жайында жазылған.

Түйін сөздер: Мүмкіндігі шектеулі балалар, медициналық-әлеуметтік қолдау, дамудың жетіспеушілігі, динамикалық даму, даму тапшылығы.

Аннотация

ОРГАНИЗАЦИЯ ПСИХОЛОГО-МЕДИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ РАЗЛИЧНЫХ КАТЕГОРИЙ

А.А. Тайжан¹, А.К. Молдабаева²

¹ *д.м.н., профессор кафедры специального образования КазНПУ им. Абая, sozba14@mail.ru*

² *магистрантка 2 курса по специальности 6М010500 КазНПУ им. Абая, ainura.moldabaeva93@gmail.com*

В статье рассматриваются типы системы психолого-медико-педагогического сопровождение детей с органиченными возможностями (ОВ). Уделяется внимание медицинской сфере сопровождения, изучению истоков возникновения причин ОВ. Дается информация о деятельности отечественных и зарубежных ученых в сфере медико-социальной коррекционной помощи.

Ключивые слова: дети с органиченными возможностями, медико-социальное сопровождение, педагогическое сопровождение, патология.

Abstract

THE ORGANIZATION OF PSYCHOLOGY-MEDIKAL-PEDAGOGICAL SUPPORT OF CHILDREN WITH LIMITED OPPORTUNITIES OF VARIOUS CATEGORIES

А.А. Taizhan¹. А.К. Moldabayeva²

¹ *doctor of medicial sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Professor of the Department of Special Education.*

² *undergraduate of the 2nd course, specialty 6M010500 – Defectology, Abai Kazakh National Pedagogical University.*

Classifications of variations of children with disabilities and medical social support of them are presented in article. The article discusses the types of systems for psychological, medical and educational support for children with their limits physically challenged (HIA). Attention is paid to the medical field support, the study of the origins of the reasons for the HIA. We give information on activities Russian, Kazakh and far-foreign scientists in the field of medical and social correctional care.

Key Words: children with their limits possibilities of health, medical and social assistance, educational support, pathology.

Даму процесінің жетілмегендігі арнайы білім беру негізінде қаланған даму типтерін айқындайтын критерийлерді 3 топқа бөлуге болады. [1]

Осы топтар дизантогенездік типологияға сүйене отырып жасалынған. Олар:

Дамуында жетіспеушілігі бар топтарға осы немесе басқа жетіспеушіліктің құрылымы (әлеуметтік – психологиялық нормативке қатысты), олардың базалық компоненттерінің жетіспеушілігі байқалады. Ең бірінші болып таным қызметінің қалыптасуы, оның психикалық белсенділігі мен ақыл ой құрылымының реттелінгені жатады. Жалпы дамудың тотальды жетіспеушілігі бар топтардың негізгі еркін психикалық белсенділігі мен ақыл ой құрылымының реттілігі және бағыт бағдар мен уақыт түсініктерінің байланыстылығының бұзылысы анық байқалады. Ал оның бәрі баланың когнитивті саласының даму негізі болып саналады. [2]

Мерзімінен кешігіп дамуы кезінде осы базалық компоненттердің, реттеуші және когнитивті саланың қалыптасуы орташа нормативті және (9-10 жастағы) жас ерекшелігіне қарағанда қатты ерекшелене бермейді және уақыт өте келе компенсация арқылы қалпына келеді. Сондықтан бұл топты «тежелген дамушылық» деп атайды. Егерде негізгі құрылымның жеке бір компоненттерінің дамуының жетіспеушілігі байқалса, онда «толықсыз дамымаушылық» дейміз. Мысалы: «когнитивтік тежелген дамушылық».

Дамудың негізгі принципі бұзылған кезде яғни гетерохронияда асинхронды даму пайда болады. Бұл процессте дисгармония байқалады. Кейбір сфералар тез дамыса, ал кейбіреуі артта қалады. Бұл жағдайда реттеуші ерік-жігер және аффективті-эмоционалдық саласы бұзылады. Осындай балалар өздерінің мінез-құлқын және эмоцияларын басқара алмайды.

Дисгармоналды даму кезінде алдымен аффективті ұйымдастырудың жалпы және құрылымдық өзара қатынасының дисфункционалды қалыптасуына көз жеткізуіміз керек. Егер тек аффективті ұйымдастыру қалыптасуында өзгерістер болған жағдайда (алдымен психикалық дамудың базалық компоненттерінің құрылымдық бұзылысы) қалған компоненттер мен пропорцилық және даму кезектілігінің, когнитивтілік, реттеуші ерік-жігер, аффективті эмоциялық салада өзгерістер болған жағдайда «бұрмаланған даму» тобын бөліп көрсетуге болады.

Зақымдалған даму тобының негізінде орталық жүйке жүйесінің бұзылуы жатыр (алдымен ми) осы немесе басқа да факторлардың, біріншіден негізгі органикалық дамуына қатысты, екіншіден психикалық дамуына қатысты барлық құрылымдарға әсер етеді (факторлардың үлкен көлеміне, оқшаулануына, мерзіміне, көлеміне, анықтылығына, бұзылу деңгейіне байланысты) . Сонымен қатар, даму бұзылысында психикалық жарақат болуы мүмкін, ол жүйелі аффективті ұйымдастырудың нәтижесі (дұрыс емес қалыптастыру).

Зақымдалған даму бас миының зақымдалуымен сипатталады. Зақымдалу күшіне, орналасқан жеріне, уақытына, көлеміне байланысты органикалық болуы мүмкін. Аталғандардың барлығы психикалық даму бұзылуына әкеледі.

Кемістік (дефицитарлы даму)– (туылғаннан немесе ерте жас кезеңінде) негізінде сенсорлы (көру және есту) тірек қимыл және басқа жүйелердің жетіспеушілігін білдіреді. Бұл жағдайда арнайы психология және дефектология санатында (дәстүрлі бөлінеді) сенсорлы және тірек қимыл жүйесінің күрделі бұзылысы бар балалардың берілген логикалық типологиясының сәйкестігі ерте дефицитарлы немесе кеш дефицитарлы дамуға жатуы мүмкін.

Сонымен қатар дефектология салысында дефицитарлы даму термині бар. Ол ертедефицитарлы және кешдефицитарлы даму деп екіге бөлінеді.

Ерте дефицитарлы даму туу кезінде немесе ерте жастағы есту, көру, тірек-қимыл аппараты және т.б. жетіспеушілігімен байқалады.

Дефицитарлы даму- дамудағы көптеген бұзылыстарды қамтиды. Бұл естудің, көрудің, тірек-қимыл аппаратының, танымдық-когнитивті алғышарттарының дамымауымен сипатталады.

Осы категорияларға дамуында көптеген бұзылыстары бар (күрделі және біріктірілген) балалар да жатады. Аталған топқа көбінесе білім беру жүйесінде әртүрлі біріктірілген дамымаушылық

топтары : есту немесе көру және когнитивті пререквизиттері, тірек қимыл аппаратының жетіспеушілігі мен есту немесе көру, және тағы басқа күрделі және ауыр біріктірулер кіруі мүмкін.

Осындай жіктеу көптеген мамандардың (алдымен, дәрігерлер, логопедтер, дефектологтар) қосылып, ортақ шешімге келуіне көмек береді. [3]

Медициналық–әлеуметтік–педагогикалық қолдау көрсетуді дұрыс құрастыру үшін төмендегі заңдылықтарды білу қажет:

- Әртүрлі жастағы қалыпты онтогенезінің кезеңдері мен заңдылықтары;
- Әр жастағы психологиялық ерекшеліктерін білу;
- Дамуында әртүрлі спецификалық ерекшеліктері бар балалардың дизонтогенезі және осы жағдайдың болу себептері мен механизмдерін білу;
- Әртүрлі жас кезеңдеріндегі балалар қауымының өзара қатынасының даму заңдылықтарын білу .

Қолдау көрсету тобының қызметі әрбір нақты баланың даму ерекшеліктерін зерттеуге, жеке қолдау көрсетуге бағдарламасын құрастыруға бағытталған.

Жеке жоспарлаусыз динамикалық дамуды бақылауға болмайды. Ерте жастан көмек көрсету (1,5 жастан 3 жасқа дейін) және де медициналық – әлеуметтік түзету көмегін көрсету өте маңызды. Мекемелердің денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара қарым-қатынаста болуы үлкен рөл атқарады.

Түзету көмектерін көрсету кезінде бастапқы кезеңінде дәрігерлердің, педагогтардың, психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің тиімді ынтамақтасстығы маңызды.

Кей жағдайда басқа да мамандардың көмегі қажет болуы мүмкін. Мысалы, тифлопедагог, сурдопедагог, логопед және т.б.

Ерте жастан көмек көрсетудің қызметтері:

- Туылған кезде және ерте жастағы балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруден өткізу;
- Ерте жастан балаларға кешенді түзете-дамыту көмегін көрсету;
- Ерте жастан денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері жайында ата-аналарға кеңес беру.

Инклюзия – қалыпты балаларға қол жетімді мүмкіндіктері әртүрлі балаларды толықтай мектеп өмірінің позитивті аспектілеріне қосу. [4]

- Интеграция – мүмкіндігі әртүрлі балаларды мектеп және сынып құрылымына қосуды мақсат ететін бағдарлама.

Мүмкіндігі әртүрлі балалар – өзінің қатарластарымен салыстырғанда тапсырмаларды орындауда көзге түсетін ерекшеліктері кездесетін балалар.

Жоғарыда айтылғанды қамтығанда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің (ПМПК) мамандарының міндеттерін қысқаша сипаттағанда:

Невропатологтың диагностикалық міндеттері: баланың жай-күйін бағалау, ағымдағы белгілерін анықтау, немесе бұрын болған неврологиялық ауруы туралы. Моторлық сипаттамаларын жуықтап бағалау, ауызша және психологиялық дамуы, баланың неврологиялық ауруы бар туралы (неврологиялық бұзылыстардың болуы немесе болмауы.)

Дефектологтың диагностикалық міндеттері: балалардың білім деңгейін, дағдыларын, балалардың жасына сәйкестігін және бағдарламалардың (мектепке дейінгі білім беру мекемелері, мектеп жасындағы білім беру мекемелері) білім қабылдау деңгейін бағалау.

Сурдопедагогтың диагностикалық міндеттері: есту қабілеті деңгейін педагогикалық бағалау, қабылдау және ауызша сөз сөйлеу ерекшеліктері және қосымша факторлардың болуын, есту қабілеті нашар балаларға жалпы психикалық дамуына әсер ету.

Логопедтің диагностикалық міндеттері: коммуникативтік, лексико-грамматикалық және сөйлеген сөздің түсінуінің ерекшеліктерін бағалау. Баланың тек қана логопедпен ғана емес, одан да басқа мамандармен қарым-қатынасының ерекшеліктерінің арқасында байқауға болады. Одан

басқа сөйлеу тілінің дыбыс айту жағы, буын заңдылығын ұстануы, фонетика-фонематикалық қабылдау ерекшеліктері, сөзжасам жасауы, дизартриялық бұзылыстары т.б. жағдайы.

Тифлопедагогтың диагностикалық міндеттері: көрнекі қабылдау ерекшелігін педагогикалық бағалау, көру жүйесінің нашарлауы, қосымша факторлар, баламен жұмыс істеуді бағалау, баланың білім алуы үшін қажетті жағдайларды анықтау (соның ішінде, арнайы жабдықтар мен арнайы дидактика).

Психиатрдың диагностикалық міндеттері: мінез-құлықты бағалау, баланың жасына сай болуы үшін мінез-құлықтың жеткіліктігі, психологиялық денсаулықтың кез келген ауытқулардың белгілері (психикалық аурулар), соның ішінде медициналық жазбалар мен бала дамуының тарихына байланысты деректер. Дәрігерлер балалардың оқу мекемелерінің қажетті жағдайына бейімделу ықтималдылығын бағалау. Соның ішінде балаларға психиатрдың қолдау қажеттілігі, атап айтқанда, қосымша зерттеулер және медициналық емдеу үшін мұқтаждықтары. Бұл деректер мен тарихты қоса алғанда негізделген.

Психологтың диагностикалық міндеттері: баланың дамуының деңгейі мен ерекшеліктерінің, оның мінез-құлқының, сыни көзқарасының адекватты жағдайының, коммуникативтілігінің когнитивтік дамуының жасына сәйкестігінің бағалауы. Баланың мүмкіндігін байқау, оның арасында жұмысқа қабілеттілігінің ерекшеліктері, балалардың ортасында және оқу мекемелерінде адаптациялық мүмкіндіктерін бағалау.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сухарева, Г.Е . *Клинические лекции по психиатрии детского возраста.* \ Г.Е Сухарева. Т. 1. - М: Медгиз,1955. – 459с
2. М.М. Семаго, Н.Я. Семаго. *Проблемные дети. Основы диагностической и коррекционной работы психолога.* –М: Отдельное издание, 2003.
3. Шешембекова, М.С. –*Роль и потенциал центров психолого-педагогической коррекции в продвижении инклюзивного образования в Казахстан* \ М.С. Шешембекова. - Алматы,2016.
4. Сулейменова, Р.А. *Организационно-технологические основы ранней коррекционно-педагогической помощи детям с органическими возможностями* \ Р.А. Сулейменова М.: Академия, 2001
5. Тайжан, А.А. *Патологические основы метаболической терапии перинатальной энцефалопатии у недоношенных детей.* \ М: Академия, 1984

УДК: 378-1А

МРНТИ: 14.85.09

Алиханова Г.Е,¹ Сманова А. А.²

¹аға оқытушы ТарМПИ, gulbanu68@mail.ru.

²докторант Абай атындағы ҚАЗҰПУ, alua_87.87@mail.ru.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ КОЛДАНУДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН ЖАҚСARTУДАҒЫ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену үшін, білім сапасын модернизациялау қажет. Қазіргі таңда білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгерді. Қазір жалпы барлық оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары қолданыла бастады. Осыған орай, қазіргі кезде білім сапасын жаңартуға байланысты интерактивті тақтаның қажеттілігі өте зор. Тақырыптың көкейкестілігі білім сапасын жаңғыртуға байланысты интерактивті тақтаны қолдану маңыздылығының артуында. қазіргі заман талабына орай, бәсекеге қабілетті білім беру.

Мақаланың мақсаты интерактивті тақтаны қолданудың қажеттілігі мен тиімділігін анықтау болып табылады. Мақалада оқыту процесінде интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мен ерекшеліктері және оған қойылатын талаптар туралы айтылады.

Түйін сөздер: интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы, жаңа интерактивті әдістер, білім сапасын жаңғырту, ерекшелік, мүмкіндіктер.

Аннотация

ИНТЕРАКТИВНАЯ ДОСКА КАК НЕОБХОДИМОЕ СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

Алиханова Г. Е.¹, Сманова А.А.²

¹ старший преподаватель. ТАРГПИ. gulbanu68@mail.ru.

² докторант. КазНПУ им.Абая. alua_87.87@mail.ru.

В статье описываются возможности и особенности интерактивной доски и требования к интерактивной доске. Вступая в мир образования в эпоху глобализации, необходимо повысить качество образования. В настоящее время, содержание образования и требования изменились. Теперь использование инновационных технологий необходимо во всех образовательных учебных заведений. В связи с этим, в настоящее время мы имеем большую потребность в интерактивной доске для повышения качества образования. Актуальность данной темы в целях повышения качества образования заключается в повышении важности использования интерактивной доски.

Целью статьи является определение необходимости и эффективности использования интерактивной доски.

Ключевые слова: интерактивная доска, мультимедийные устройства, новые интерактивные методы, повышение качества образования, специфичность, возможности.

Abstract

INTERACTIVE WHITEBOARD AS NECESSARY MEANS OF IMPROVEMENT OF QUALITY OF EDUCATION

G.E. Alikhanova¹ A.A. Smanova²

¹ senior lector, Taraz state pedagogical institute, gulbanu68@mail.ru.

² doktorant. Kazakh National Pedagogical University named after Abai, alua_87.87@mail.ru.

This article describes the capabilities and features of the interactive whiteboard and the requirements to the interactive whiteboard. Entrance into the world of education in the era of globalization is necessary to improve the quality of education. Currently, the content of education and the requirements have changed. Now the use of innovative technologies is necessary in all educational institutions.

In connection with this, now we have a great need to improve the quality of education of interactive whiteboards. The aim of this article is in order to improve the quality of education in raising the importance of using interactive whiteboards. The purpose of the article is to determine need and effectiveness of the use of the interactive whiteboard.

At the moment, a great need for the interactive whiteboard in improving the quality of education.

Key words: interactive whiteboard, multimedia devices, new interactive methods, improving the quality of education, peculiarity, opportunity.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы еліміздің білім беру жүйесін заманауи бетбұрыстарға сәйкестікке бағыттап, тың арналарға жол салудың ғылыми негізі болып табылады. [1]

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында интерактивті технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.[1]

Қазақстан елінің барлық оқу мекемелерінде білімнің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат – жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Осыған орай, білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгереді. Сол себепті қазір жалпы барлық оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары қолданыла бастады. Сондықтан жанашылдық керек, яғни, инновациялық жүйе негізінде оқу орындардағы білім алушының белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту, сабақта, сабақтан тыс уақытта өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуы, қазіргі ұстаз қауымының алдында тұрған ең маңызды міндеттерінің бірі.

Қазіргі кезде білім беру саласын, оқытудың әр түрлі техникалық мультимедиялық құралдарын, оның ішінде интерактивті тақтаны пайдаланусыз елестету мүмкін емес. Сондықтан уақыт талабына сай

білім мазмұнын жаңарту бүгінгі күннің басты міндеті. Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде ХХІ ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Ал мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгеруін бақылаудың, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу.[2]

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни, педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Елбасының «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» жолдауында он-лайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет деп айтылған болатын.[3]

Елде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқадай өзгерістер білім беру жүйесіне үлкен әсерін тигізді. Бұл өзгерістер оқу орындарында жаңа пәндер енгізіп қана қоймай, оқыту әдістемесінің де өзін өзгерту қажеттігін туғызды. Біздің еліміздің дамуының демократиялық жолын таңдап алғандықтан қазіргі кезде шешім қабылдауға халықты тартудың да маңызы зор. Бұл аудиториядағы жұмысқа да қатысты: оқушылар сабақ кезінде мейлінше белсенділік көрсетуге тиіс. Оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын әдістемелік амалдарды көбіне интерактивтік деп атайды. Сонымен қатар, сабақ үстінде оқушы мен мұғалімнің арасында тығыз қарым-қатынас байқалса, бұлайша оқытуды интерактивті деп атауға болады. Әдетте мұндай қарым-қатынаста оқушылар әлдебір мәселені талқылап соның шешімін табуға талпынған маңызды. Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі-оқушылардың өз бетінше ой қорытып жауап табуға үйрету. Интерактивті технология өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды.

Сабақта жаңа интерактивті әдістерде қолданғанда, оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бірі толықтыратын, сабақ кезінде барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту әдісі.

Интерактивті әдіспен оқытқанда білім алушының: -ақыл-ойы дамиды, еркін ойлауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі артады, ұжымдық іс-әрекетке тәрбиеленеді, тіл байлығы жетілдіріледі, жан-жақты ізденушілігі артады. Кез келген оқыту технологиясы оқытушыдан терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.[4]

Сабақта интерактивті технологияны қолдану оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, оқушы пікірін тыңдауға, белгілі бір идеяны қабылдауды, зерттеуді, салыстыруды үйретеді.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр ұстаз алдында отырған баланың жас ерекшелігін ескеріп, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Жаңа әдістерді қолдануда интерактивті тақтаның пайдасы зор. Интерактивті тақта арқылы көптеген тапсырмалар орындауға болады. Тапсырманы орындауға барлық оқушы қатысады. Әсіресе тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушылардың өздері жазбаша жұмысты қызыға орындайды. Өйткені интерактивті тақтаның келесі бетінде ол тапсырманың дұрыс жауабы беріледі, сол арқылы оқушы өзінің жауабын салыстыра тексеріп, өзін-өзі бағалайды. Топпен жұмыстану барысында белсенділік көрсете отырып, топтау, Венн диаграммасына түсіру, сәйкестендіру әдістерін интерактивті тақтада орындап, уақытты үнемдеуге болатынын көруге болады. Сабақты бекіту бөлімінде активпультті пайдаланып, уақытты үнемдеу, оқушының шапшаңдық қабілетін, өз білімінің нәтижесін көруге дағдыланады. [5]

Қазіргі таңда білім беруші педагог оқу үрдісінде оқытудың дәстүрлі әдістерінен, мультимедиялық құрылғыларды пайдаланатын, жаңа интерактивті әдістерге көшуге тиіс. Ол үшін әр педагог өз біліктіліктерін көтеруге міндетті.

Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. [6]

Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез – келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екіпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын «Автивті экран», яғни, интерактивті тақта болып табылады.

Интерактивті тақта бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Демек интерактивті тақта компьютердің дисплейі. Яғни, компьютердегі барлық материалдарды интерактивті тақта бетінде көрсетуге болады.

Оқу үрдісінде компьютер мен проектордың көмегімен интерактивті тақтаны қолдану оқытудың әсерлілігін барынша жоғары етеді. Интерактивті тақтаның (ИТ)-барлық мүмкіндіктерін қолдану үшін оқытушы сабақты түбегейлі жоспарлау керек. ИТ-да құрастырылған сабақты бір рет емес, бірнеше рет

колдануға болады. Бұл уақытты үнемдейді. Оқытушы өзіне қажетті бір емес бірнеше ресурстарды таңдай алады. Жоғарыда аталған ресурстар кәдімгі сабақта қол жете бермейтін компьютердің мүмкіндіктерін, атап айтсақ, түс өзгерту, жылжыту, дауыс шығару т.б. ИТ арқылы пайдалануға үлкен жағдай туғызады. Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа сапалы білім беру барысында осы аталмыш технология нәтижелі жетістік, барлық оқу орындары интерактивті тақтаның педагогикалық мүмкіншіліктерін аса жоғары бағалауда. Оны іс жүзінде тиімді қолдану тәсілдерін үздіксіз зерттей бастады.

Шынында да, интерактивтік тақта сабақты түрлендіруге көмегін тигізіп, яғни оқытудың барлық кезеңінде, әсіресе гуманитарлық пәндерді оқытуды қызықты да әсерлі өткізуге ықпалын тигізеді. ИТ білім сапасын күшейтуге көмектесетін бірден бір ең қажетті құралдың біріне айналып отыр. Міне, тақырыптың көкейкестілігі жоғары екендігін осы тұста байқауға болады.

Оқушыны ойлау мен сөйлеу дағдыларына жетілдіруде мультимедиялық құрылғылар, оның ішінде интерактивті тақта арқылы интерактивті әдісті қолдану баланы тәрбиелеп, оған білім беруде үлкен жетістікке апаратын.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің мұғалім үшін артықшылығы:

- Мұғалімге жаңа материалды визуалды түсіндіруге мүмкіндік береді;
- Кез-келген қосымшалардың үстіне сурет салуға және жазба жазуға мүмкіндік береді;
- Артық уақыт, күш-жігер жұмсамай тақтадағы кескінді, сабақ уақытында жасалған жазбаларды сақтауға және баспаға беруге, және материалды қабылдау деңгейін тексеруді жеңілдетеді.
- Мұғалімдерді оқытудың жаңа түрлерін іздеуге, кәсіби шеберлікке ынталандырады, құзыреттіліктерін арттырады;
- Үлгерімі нашар оқушылардың қызығушылығын арттыра алады;
- Білімгердің білімін тексере алу мүмкіндігіне ие бола алады;
- Уақыт үнемдейді;
- Кері байланыс жасай алады ; («оқушы-оқытушы»)
- Дайындаған материалдарды студентке электронды нұсқасын бере алады;
- Үлкен аудиториямен жұмыс жасай алады

Білім алушы үшін интерактивті тақтамен жұмыс істеудің артықшылығы:

- Сабақты қызықты етеді және оқушы мотивациясын дамытады;
- Ұжымдық (топтық) жұмысқа қатысуға, жеке және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көп мүмкіндік береді;
- Оқыту материалының түсінікті, тиімді және өзгермелі берілуінің арқасында оқушылар қиын сұрақтарды жеңіл және тез қабылдайды.
 - Білім алушы, тіпті үлгермейтін, сабаққа келмейтін, қабілеті нашар, ынтасы нашар білімгерлерде шығармашыл түрде жұмыс істей бастайды және өздеріне деген сенімі арта түседі. (білімгер саусақтың ұшымен тез, еш қиындықсыз ИТ-ғы мәліметке қолын тигізе алады, үлкен объектілерді, түрлі-түсті кескіндерді, диаграммаларды тақтадан көріп, ары-бері оңай жылжыта алады, сурет салады, ой-өрістерін дамыту мүмкіндігіне ие болады т.б.)
 - Білімгер өз білімін тексере алады;
 - Бір сабақта көру, есту, жазу мен оқу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктеріне ие бола алады;
 - Басқа елдердің тарихы мен мәдениетімен танысу үшін ИТ арқылы өзге елдерге интерактивті саяхат жасай алады.

Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктерінің бірі сабақты көп жіберетін білімгердің белсенділігімен шығармашылығы артады. Оқуға ықпалы жоқ, оқығысы келмейтін оқушы үшін интерактивті тақта таптырмайтын құрал. Басқа ешқандай құрылғы мұндай мүмкіндіктер бере алмайды. Компьютердің кішкентай мониторы арқылы ондай мүмкіндіктерге қол жеткізу мүмкін емес.

ИТ-ның барлық мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін, оның құрылғылары, яғни компьютер, проектор және ИТ-ға арналған бағдарламалар болуы тиіс. Сонымен қатар, басқада заманауи мультимедиялық құрылғылардың бағдарламалық қамтылуын қадағалаған жөн. ИТ-ның қондырылуына, орналасуына, қауіпсіздігіне, кепілдігіне және интернетке қосылуына көңіл аударған дұрыс. ИТ білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе болып табылады. [7]

ИТ оқыту мен үйретуді әртүрлі бағытта өткізуге мүмкіндік береді:

- Презентация, модельдер жасау және оны демонстрациялау: қажет бағдарлама мен қорды интерактивті тақтамен өзара үйлесімді қолдану жаңа сабақты түсінуді жақсартады.
 - Білімгердің белсенділігін, қызығушылығын арттыру. ИТ-ны қолдану арқылы білімгерді жігерлендіру артады;
 - Сабақтың өтуі мен жылдамдығы (темп). ИТ сабақты жоспарлау мен барысын оның темпін жақсартады.
- Интерактивті тақта оқу материалын көрнекті түрде жеткізудің тамаша амалы, сабақты қызықты да қарқынды өткізуге, әр түрлі ресурс көздерінен мәлімет жинақтап ұсынуға мүмкіндік береді.

Оқытушылар интерактивті тақтаға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді және оның негізгі мүмкіндіктерін игеруі қажет. Және де интерактивті тақтамен жұмыс істеуде қандай ресурстар көмектесе алатынын анықтап алу маңызды. [7]

Интерактивті тақтаның **мынандай ерекшеліктерін** атап өтуге болады:

- Сабақта презентация, слайд жасауға мүмкіндік береді;
- Интернет желісін пайдалануға мүмкіндік береді;
- Сабақты жоспарлау мен өту барысы, жылдамдығы артады;
- Білімгердің білімге деген қызығушылығы, мотивациясы жақсарады;
- Түрлі – түсті айқын, ұқыпты әртүрлі кескіндер, объектілер мен диаграммаларды үлкен экраннан көріп оларды маркермен, немесе саусақпен ары – бері жылжытуға болады;
- Бір емес бірнеше терезелерді бір мезгілде ашуға мүмкіндік береді;
- Өткен сабақ материалдарын сақтап, оны қайта пайдалануға болады;
- Қиын мәліметтер мен материалдардың түсіндірілуін жеңілдетеді;
- Сабақтың өтілуі, екпінділігі мен өнімділігі артады;
- оқытудың әртүрлі тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді;

Әрбір білім беруші оқу үрдісінде интерактивті тақтаны қолданса, жоғарыда аталған барлық мүмкіндіктерге қол жеткізіп, білім сапасын модернизациялауға үлкен үлес қосып, көптеген жетістіктерге жетері сөзсіз.[8]

Дегенмен, интерактивті тақтаның төмендегідей **тиімсіз жақтары** да бар:

- интерактивті тақта жай стандартты тақтаға қарағанда өте қымбат;
- көптеген оқытушылардың компьютермен жұмыс жасау біліктіліктері төмен;
- санитарлық нормаларды сақтау үшін, сабақта интерактивті тақтамен жұмыс істеу уақыты шектеулі. [8]

*Кез-келген электронды құрылғының денсаулыққа кері әсері бар екені анық. Сондықтан барлық мультимедиялық интерактивті құрылғыларға қойылатын талаптар бар. Соның ішінде, **интерактивті тақталарға қойылатын талаптар:***

- тақтаның сапасына көңіл аудару қажет;
- сатып алар кезде сертификат пен экспертизадан өткендігі туралы құжаттарды талап ету керек;
- тақтаны, проекторды дұрыс орналастыру керек;
- оқытушының тақтаға дайындаған материалдары, ақпараттары талапқа сай жасалу керек;
- қауіпсіздігіне;
- желіге және интернетке қосылуын тексеру.[9]

Оқыту үрдісінде интерактивті құрылғыларды қолданып, білім сапасын арттыру үшін, әрбір білім беруші кәсіби-әдістемелік деңгейін көтеріп, инновациялық-технологиялық біліктілігін дамытуға міндетті және интерактивті құрылғыларды қолдануды үйретуге арналған семинарлар мен курстарды көбейтудің қажеттілігі артып отыр.

Қорыта айтқанда, білім сапасын жақсартуда интерактивті тақтаның қажеттілігі жоғары екендігіне көзіміз жетті. ИТ-ның оқыту процесінде оқытушыға да, білім алушыға да беретін мүмкіндіктері, артықшылықтары өте көп. Сонымен қатар, оқыту барысында интерактивті тақтаға қойылатын талаптары мен тиімсіз жақтарын ескерген дұрыс деп ойлаймын. Заман талабына сай, оқытушыға, білімгерге бәсекеге қабілетті болатындай білім беру үшін, осы мультимедиялық құрылғыларды, оның ішінде интерактивті тақтаны қажетті деңгейде, білім алушыны құлшындырып, белсендіру, олардың қызығушылығын өз пәнімізге арттыру мақсатында қолдана білейік.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
2. «Қазақ ұстазы» педагогикалық ғылыми-инновациялық ізденістерге арналған республикалық журналы-№ 1(1) 2014.
3. Назарбаев Н.А. «Жаңа әлемдегі –жаңа Қазақстан» жолдау,2007ж. 28 ақпан
4. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдердің пайдаланудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – 2004ж.
5. А.Әлімов «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» Оқу құралы - Алматы, 2009
6. Қазақстан республикасының «Білім туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы /Егемен Қазақстан. 29.10.11ж.
- 7.Х.Касымова п.ғ.к.Кәсіптік мектептің арнайы пән сабақтарында интерактивті тақтаны қолдану мүмкіндіктері. Орал, 2013
8. Алиханова Г.Е «Гуманитарлық пәндерді оқытуда интерактивті тақтаны қолданудың тиімділігі» магистрлік диссертация. Тараз, 2014
9. Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы: учеб.-метод.пособие. - М.: Высшая школа, 2000/

УДК 373 005. 336.2
МРНТИ: 14.01.93

Капалыгина И.

¹ к п н, заведующий кафедрой естественнонаучных и лингвистических дисциплин и методик их преподавания учреждения образования «Гродненский государственный университет имени Янки Купалы». Республика Беларусь

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ШКОЛЫ

Аннотация

В статье представлены здоровьесберегающие технологии, которые позволяют осуществлять процесс здоровьесбережения школьников. Главной целью применения таких технологий является укрепление здоровья, защита благополучия школьника, сохранение, профилактика заболеваний. Заявлены здоровьесберегающие принципы с учетом тенденций современного образования, особенностей индивидуального развития каждого ребенка. Оздоровительно-досуговые технологии предусматривают терапевтическое воздействие двигательной активности на психическое и соматическое состояние здоровья школьника. Коррекционно-поддерживающие технологии направлены на исправление недостатков в развитии психических функций и личностных свойств учащихся. Медико-профилактические технологии представляют собой физиолого-гигиенические условия обучения. Технологии сохранения психологического комфорта в информационном пространстве школьников и технологии формирования здоровой речевой среды представляют собой внутреннюю удовлетворенность, психологический комфорт школьника при работе с людьми и техникой.

Ключевые слова: здооровьесберегающие технологии, здоровьесберегающие принципы, коррекционно-поддерживающая деятельность, здоровая речевая среда, зрительное восприятие, видеоэкологическая среда.

Аңдатпа

Капалыгина И.И.¹

МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН
ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛ

¹Янка Купала атындағы Гроднен Мемлекеттік білім беру мекемесінде лингвистикалық және шынайы ғылыми пәндерді оқыту кафедрасының меңгерушісі

Мақалада оқушылардың денсаулық сақтау үрдісін іске асыруға мүмкіндік беретін денсаулық сақтау технологиялары ұсынылған. Бұл технологияларды қолданудың басты мақсаты оқушылардың денсаулығын нығайту, аурулардың алдын алу, сақтандыру болып саналады. Заманауи білім беру үрдістері мен балалардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, денсаулық сақтау қағидалары көрсетілген. Денсаулық сақтау технологиялары оқушылардың психикалық және соматикалық жағдайына терапиялық ықпал етуді болжайды. Түзетушілік-қолдау технологиялары оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері мен психикалық функцияларының дамуындағы жетіспеушіліктерді түзетуге бағытталған түзетушілік-қолдау технологиялары көрсетілген. Медициналық-профилактикалық технологиялар оқытудың физиологиялық-гигианалық жағдайларын құрайды. Ақпараттық кеңістікте психологиялық жағдайды сақтау ішкі қанағаттандыруды, оқушылардың адамдармен және техникамен жұмыс жасау барысындағы психологиялық жағымды ақуалын сипаттайды.

Кілттік сөздер: денсаулық сақтау технологиялары, денсаулық сақтау қағидалары, түзетушілік-қолдау әрекеті, қалыпты тілдік орта, көріп қабылдау, видеоэкологиялық орта.

Abstract

5 қадам. Мәдениеттану пәні бойынша 15 дәріс жоспарланған, алғашқы 2 дәрісті үлгі ретінде өзім жүргізіп, сабақтың мақсатын қалай қою керек, мақсатқа жеткенімізді немесе жетпегенімізді ұғыну үшін прежәне пост сауалнама жүргіздім. Алғашқы пресауалнама аты айтып тұрғандай дәрістің басында сол өтілетін тақырыпқа бағытталады. Мәселен, «мәдениет» сөзінің төркінін білесің бе, «культура» терминінің алғашқы аудармасы қалай аталғанын білесің бе, Цицеронның «культура» терминінің этимологиясына қандай өзгеріс енгізгенін білесің бе, «пайдея» сөзінің кімдерден енгенін және оның мағынасынан хабардарсыз ба, мәдениеттануды ғылым ретінде айналымға енгізген кім екенін білесің бе, мәдениеттану ғылымы немен айналысатынымен хабардарсыз ба, мәдениеттану бағыттарымен таныссыз ба деген 7 сұрақты қойдым. Ол сұрақтардың жанында 2 жауап бар, «иә» және «жоқ». Студенттер өз аты-жөндерімен тобын жазып, сұрақтың тек санын көрсетіп, жанына «иә» немесе «жоқ» жауабын көрсетеді. Бұл процедура бар жоғы 2 минут уақыт алады, кейін студенттердің дағдылары қалыптасқан соң 1 минутқа қысқартуға болады. Ал пре және постсауалнамаларын тексеру арқылы олардың бар-жоғын түгендеп алуға болады. Сабақты интерактивті тақтамен өту студенттердің қызығушылығын арттырады әрі уақытты үнемдейді. Постсауалнамада аты айтып тұрғандай дәрістің соңында жүргізіледі, онда пресауалнаманың 7 сұрағы сол күйінше қайталанатын.

6 қадам. Жиналған сауалнамаларға корреляциялық анализ жасадым, сонымен бірге, сол сауалнаманың арқасында студенттерді түгендеп алдым. Нәтижесінде 1 топтан 89,1% студент қатысып пресауалнама бойынша 37% «иә», 61,6 % «жоқ», 1,2 % жауап жазбаған, постсауалнама бойынша 89,3% «иә», 3% «жоқ», 7,5,% жауап жазбаған. Бұл көрсеткіштер менің дәрісімнің 52,3% - дық үлес салмағын анықтап тұр. Бұл үлес салмағы алғашқы және соңғы «иә» жауабын салыстыру арқылы, сонымен қатар, «жоқ» және жауап жазбағандарды есепке алу арқылы анықталды. Бұл көрсеткіш менің әлдеде ұмтылуыма өз ықпалын тигізіп, мотивациялық рөл атқара алады. Келесі 2-ші топтан 91% студент қатысып пресауалнама бойынша 38,5% «иә», 61,4% «жоқ» жауап берген, жауап жазбағандар жоқ. Ал постсауалнама бойынша 88% «иә», 2,2% «жоқ», 9,7% жауап жазбаған. Бұл топтағы дәрістің нақты үлес салмағы 49,5% құрап отыр. Келесі 3-ші топтан 85% студент қатысып пресауалнама бойынша 36,5% «иә», 62,8% «жоқ», 0,6% жауап жазбаған болса, постсауалнама бойынша 95,9% «иә», 3% «жоқ», 2,4% жауап жазбаған. Осы аталған пайыздарды саралай келе, бұл топтағы жүргізілген дәрістің үлес салмағы 59,4% құрады.

7 қадам. Сауалнаманың қорытындысын 2 дәрісте жариялап, пре-пост сауалнаманың құрылымын өзгерттім және азайттым, себебі сауалнамаларға корреляциялық анализ жасау менің өте көп уақытымды алды. Сондықтан ондағы сұрақ санын екіге қысқарттым. Ары қарай 2 дәрістің жоспарланған тақырыбына байланысты магия, фетешизм, тотемизм, анимизм және табу терминдерінің нешеуін білесің, санын жаз, Роззак, Тайлор, Кант, Флоренский мәдениет туралы теориясымен таныссың ба, оған «иә» немесе «жоқ» деп жауап бер, Шпенглер, Тойнби, Данилевский, ЛевиСтресс, З.Фрейд, Кассирер, Вебер есімдерінің нешеуімен таныссың, санын жаз деген 3 сұрақ берілді. «Сен үшін қажеттілік деген не? Қысқа әрі нақты ойыңды жаз» деген төртінші тапсырма «1 минуттық жазба» әдісі арқылы жүзеге асты. Бұл жолы да дәріс үстінде топты тексерудің қажеттілігі туындамады, ол уақыт студенттің жұмыс істеуіне жұмсалды.

8 қадам. Екі үлгі ретінде болған дәрістен соң келесі 3 дәрістің силлабус бойынша сұрақтарын 3 перзентатор болып бөліп алды. Оларға алдын-ала виртуалды алаңқайда жүктелген презентацияны бағалау рубрикасы бойынша жасау талабы қойылды, ал қалған студенттер дәл осы талап бойынша оларды бағалау қажеттілігі тапсырылды.

ПРЕЗЕНТАЦИЯНЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАСЫ

№	Бағалау рубрикалары	А 100-90 %	В 89-75 %	С 74-50%
1	Материалды беру Еркін сөйлеуі; Жест, мимика; Көзбен жұмыс, Сөзінің ырғағы мен шапшаңдығы; Даусының естілуі; Өзін-өзі ұстауы; Сыртқы пішіні Регламент; Көлемі	Еркін сөйлеп, аудиторияны өзіне бағындыра алады. Дауысы бәріне естіледі, сөйлеген әрбір сөзі түсінікті. Жистукляция қалыпты, өз-өзіне сенімді. 10 слайдтан артық емес, регламент 5-7 минут, 3 түстен артық қолданбау. Мәтін 10-20 пайыз. Бейне материалдар қолдану мүмкіндігі, басқа да инновациялық артықшылықтар	Сөйлеуінде аздаған іркіліс бар, аудиторияны өзіне қарата алады, дегенмен дауыс ырғағы динамикалық емес. Сыртқы пішіні педагогикалық стильге сай. Слайд 10-нан, регламент 5-7 минуттан, слайд түсі 3 түстен, мәтін 10-20 пайыздан артық немесе кем. Бейне материалдар қолдану мүмкіндігі, басқа да инновациялық артықшылықтар	Еркін сөйлей алмайды, аудиторияныөзіне қарата алмады. Даусынан діріл байқалады, өз-өзіне толық сенімді емес. Сыртқы пішіні педагогикалық стильге сай. Слайд 10-нан, регламент 5-7 минуттан, слайд түсі 3 түстен артық немесе кем қолдану. Мәтін 10-20 пайыздан артық немесе кем. Қосымша материалдар жоқ.
2	Мазмұны -Материалды игеруі; -Материалдың толықтығы; -Өзектілігі; -Салыстырмалы талдай білуі; -Аудитория деңгейін негізге алуы; -Материалдарды қолдана білуі; - Терминология; - Аргументация; - Авторлық библиография; - Құрылымы;	Материалды толық қамтыған, өзі оны игере алып тұр. Материалдың өзектілігіне баса назар аударады, аудиториямен контактке түсе алады. Презантациядағы материалдарды орынды қолданады, қосымша тыс материалдарды да қамти алады. Авторларға тоқтау арқылы оларға қатысты терминдерді, басты идеялар мен маңызды тұстарына нақты тоқтала біледі.	Материалды толық қамтыған, бірақ оны игеруде дайындық аздығы байқалады. Материалдың өзектілігі анық байқалады, бірақ аудиториядан гөрі материалға көбірек назар аударады. Қосымша материал тым аз, негізінен презентация бойынша сөйлейді. Авторлар мен олардың идеяларын немесе олар негіздеген терминдер арасындағы логикалық байланысты	Материал толық қамтылмаған, сәйкесінше оны игеруде де кемшілік бар. Материалдың өзектілігі ауқымды, сәйкесінше анық емес. Бір ғана автормен шектеледі. Аргументацияны орнымен қолдана алмады. Терминді пайдаланғанмен оның қандай мағына беретініне көңіл бөлмеген.

		Айтылған ойды аргументация арқылы негіздеп, қорытындылай алады. Авторлардың идеяларына салыстырмалы талдай жасай алады, аралық байланыс түзе алады.	анықтай алмайды.	
3	Ұйымдастырылуы - Мақсаты мен міндеті; - Логикалық сабақтастық; - Маңызды тұстарын айшықтау; - Тұжырымдамалар; - Сілтемелер; - Безендендірудегі стандарттарды ұстануы; - Қорытынды; - Ресурстар;	Мақсаты қолжетімді, міндеттері мақсаттан туындайды. Презентацияның әр бетінде бір-бірімен логикалық байланыс бар. Презентацияның ең маңызды тұсын анық айқындай біледі. Тұжырымдама, қорытынды мен сілтемелері бар. Презентацияны безендендіруде стандартты қатаң ұстанған. Ақпараттық ресурстар ресми.	Мақсаты қолжетімді бірақ міндеттерінде мақсаттан ауытқуы бар. Тек қорытынды мен сілтемесі бар. Безендендіруде тым көп түстер қолданған, маңызы жоқ суреттерде орын алған. Ақпараттық ресурстары көрсетілген.	Мақсаты тым ауқымды, сәйкесінше міндеттер де орындауға тым қиын. Логикалық сабақтастық үзілген, маңызды тұстарын ауызша жеткізуде қиналады. Безендендіруде стандарттан тым алшақ. Ресурстар мен сілтемелер көрсетілмеген.
4	Тіл - Идеяның айқындығы; - Сөздікпен жұмыс жасауы; - Дикция; - Сөз байлығы; - Сөз саптауы немесе сөйлеудегі сауаттылығы; - Регламент	Идея айқын, қызық, әрі әрекетті. Тақырыпқа қатысты сөздіктермен жұмыс жасаған, дикциясы орнықты. Сөз сауаттылығы мен байлығы жақсы, жаргон немесе диалект сөздер орын алмаған, іскерлік стильде. Регламентке толық үйлесті. Уақытты презентацияның әр тұсына дұрыс бөле алған және оны сақтай алған.	Идеясы айқын, бірақ тым қарапайым, әрекетті деуге болады. Сөздіктермен жұмыс жасалған, бірақ толық қамтылмаған. Дикциясында аздаған ақаулар бар. Әсіресе терминдерді қолдану барысында. Регламентке толық үйлесті, дегенмен презентацияның маңызды тұстарына уақыт аз бөлген.	Идея көмескілеу, толық пісіп жетілмеген екені назарға ілігеді. Сөздікпен жұмыс тым нашар. Сөзінде диалект және ауызекі сөз тым көп кездеседі. Артикуляция ақсап тұр. Регламентке үйлесе алмады, сәйкесінше уақытты бөлуді дұрыс орайластыра алмаған.

9 қадам. Келісілген 3 дәрістен бастап әр топтағы презентаторлар сол тақырып бойынша өз беттерінше дайындап келді, ал студенттер оларды бағалайды. Дайындалған материалдарды виртуалды алаңқайға тіркеу, презентацияға жазылуды жүргізу редакторларға жүктелді. Бұл үрдіске айналып кетті. Презентация жасау арқылы студенттер өзін-өзі ұстауға ойын білдіруге, IT технологияларын мүмкіндігінше қолдануға үйренді. Мен лектор ретінде оларға «PREZI динамикалық сервисі; KAHOOТ – онлайн жүйеде оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың тиімді амалдарын, PADLET виртуалды қабырғасын үйретіп, олардың да қолдануына жағдайлар жасап отырамын. Бір топтағы озық презентацияларды екінші топтың виртуалды алаңқайына салып оларға дауыс беуге мүмкіндік туғыздым. Мұндай мүмкіндіктер студенттердің «мәдениеттану» пәніне деген қызығушылықтарын арттырып, педагогикалық қызметке дайындап, IT игеруге деген құлшыныстарын оятты.

10 қадам. Дәріс үстіндегі презентациялардан тыс виртуалды алаңқайда қосымша тапсырмалар беріледі. Төмендегі сурет «Элиадеми» оқу платформасындағы тапсырмалар тізбегі.



[Кен Робинсон](#)

(5 из 38 получены)Дата сдачи 16 фев 2016 г. (18 дней назад)



[Білгенге маржан!](#)

(7 из 38 получены)Дата сдачи 23 фев 2016 г. (11 дней назад)



[ПРОФАЙЛИНГ](#)

(6 из 38 получены)Дата сдачи 26 фев 2016 г. (8 дней назад)



[Қосымша материалдарға бағытталған тест](#)

(26 из 38 получены)Дата сдачи 7 мар 2016 г. (через 2 дня)



[Құқықтық мәдениет](#)

(0 из 38 получены)Дата сдачи 11 мар 2016 г. (через 6 дней)



[Тест](#)

(31 из 38 получены)Без даты сдачи

Студенттер тапсырмаларды инструкция бойынша мерзіміне орай орындап отырады, орындалмаған студенттерді де осы оқу платформасы арқылы оп-онай тексеріп алуға болады. Элиадеми оқу платформасынан скриншотталған кестедегі «профайлинг» студенттердің ерекше ықыласына ие болды, онда арнайы құрастырылған инструкция бойынша 4 деңгей бар. Әр студент біріншісінен екіншісіне инструкция арқылы өтіп, тапсырманы логикалық жүйе арқылы орындайды.

Қорытынды. Өзімнің оқыту жүйеме осындай өзгерістер енгізу арқылы студенттерді «мәдениеттану» пәніне тартқым келді. Бұл тектес әдістерді әр сабаққа пайдалану, әсіресе педагогикалық бағыттағы ЖОО-да бірнеше функцияларды қатар атқаруға үлкен мүмкіндік береді. Виртуалды алаңқайлар арқылы «әлемдік 10 топ» атты жарыс жүргізу үстіндемін. Бұл қосымша тапсырма бойынша студенттер өз қалауларымен әлемдегі ең танымал көпірлер, театрлар, су бұрқақтары, алаңдар, суретшілер, композиторлар т.б. туралы топ құрастырады. Әрине, мұндай қосымша жұмыстарға студенттер 100 пайыз ат салыспайды, дегенмен қызығушылық күнен-күнге артып келеді. Әдепкіде тапсырмалар тым көп па деп қобалжыдым, бірақ студенттер мерзімімен тапсырмаларды еңсеріп келеді. Бір аптада бір қосымша тапсырма және бірнеше студент бір реттік презентацияға дайындалады. Белсенді студент менің нұсқауым бойынша метор болып, өзіне белсенділігі төмен протежені «әлемдік топ 10» бойынша дайындайды, бірақ баяндаманы протеже өзі жасайды.

Біз жоғары білімге ие болған азаматтың ой-өрісі, дүниетанымы кең болуы керек дейміз, бірақ ол оны қайдан алады, қалай кеңейтеді деген сұрақтарға көбіне жауап бермейміз. Біз студенттерге бір нәрсені қалай істеу керек екенін үйретпей, оны өз бойынан табуды талап етуіміз дұрыс емес. Сондықтан студенттерге дүниетанымын кеңейтетін құрал беруіміз керек. Осы мақаладағы эксперимент нәтижелері өзім атап отырған дүниетаным мен ой-өріс кеңейтуге арналған құрал деп есептейміз.

1. <https://eliademy.com/app/a/courses/ad99d0c710/participants>
2. <http://vk.com/club113547525>
3. <http://vk.com/ngb79>

УДК 159.97
МРНТИ 14.29.37

Туғанбекова К.М¹, Рымханова А.Р², Мадетова Ұ.Н³

*¹п.ғ.к., доцент, ²докторант, аға оқытушы, ³магистрант
дефектология кафедрасы, Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университет
Қазақстан*

АУТИЗМ: ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ТҮЗЕТУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Мақала аутистік спектрдегі бұзылыстары балаларды оқыту мен тәрбиелеу, әлеуметтендіру мәселесінің қазіргі арнайы және инклюзивті білім беру жүйесіндегі шешуді қажет ететін өзекті мәселе екендігіне шолу жасай келіп, аутист балаларға қысқаша психологиялық сипаттама береді және заманауи әлемдік білім беру кеңістігінде қолданылып жүрген дәстүрлі және дәстүрлі емес түзету әдістеріне талдау жасайды. Соның ішінде, әлем елдерінде қолданысқа ие болып отырған ТЕЕССН, АВА, Son – rise, заттық терапия (сенсорлық интеграция және стимуляция) әдістерінің қолданылу мүмкіндігі мен нәтижелері қарастырылады.

Тірек сөздер: аутистік спектрдегі бұзылыстар, білім алу қажеттіліктері ерекше балалар, дәстүрлі түзету әдістері, дәстүрлі емес түзету әдістері, заттық терапия.

Аннотация

АУТИЗМ: ТРАДИЦИОННЫЕ И НЕТРАДИЦИОННЫЕ МЕТОДЫ КОРРЕКЦИИ

Туганбекова К.М.¹ Рымханова А. Р.² Мадетова У. Н.³

¹ к.п.н., доцент, klaratuganbekova@mail.ru

² докторант 1 курса специальности 6D010300-Педагогика и психология,
ст. преподаватель, ainagul_rymhanova@mail.ru

³ магистрант 2 курса специальности 6M010500-Дефектология, madetova.toma@mail.ru
КарГУ им. академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан
г.Караганда, Казахстан

Статья рассматривает вопрос обучения, воспитания и социализации детей с расстройствами аутистического спектра как актуальную проблему в сфере специального и инклюзивного образования, требующую своего положительного решения, а также дает краткую характеристику детям с аутизмом. Проведен анализ традиционных и нетрадиционных коррекционных методик, которые используются в мировом образовательном пространстве. В том числе, методики, находившие широкое применение в странах мира, как ТЕЕССН, АВА, Son – rise, предметная терапия (сенсорная интеграция и стимуляция), соответственно рассмотрены возможности использования и результаты.

Ключевые слова: расстройства аутистического спектра, дети с особыми образовательными потребностями, традиционные и нетрадиционные методы коррекции, предметная терапия.

Abstract

AUTISM: TRADITIONAL AND NONCONVENTIONAL METHODS OF CORRECTION

Tuganbekova K.M.¹, Rymhanova A.R.², Madetova U.N.³

¹ PhD, associate professor, klaratuganbekova@mail.ru

² 1st year doctoral specialty 6D010300-Pedagogy and Psychology, senior lecturer
ainagul_rymhanova@mail.ru

³ 2 undergraduate course specialty 6M010500-Defectology madetova.toma@mail.ru
Buketov Karaganda State University, Kazakhstan

The article deals with the question of training, education and socialization of children with autism spectrum disorders, as the actual problem in the field of special and inclusive education, requiring its positive decision, and gives a brief description of the children with autism. Conducts analysis of traditional and non-traditional corrective techniques that are used in the world educational space. In particular, the technique is widely used in countries around the world as TEESCH, ABA, Son - rise, substantive therapy (stimulation and sensory integration), respectively, discussed the possibility of using the results.

Keywords: autism, autism spectrum disorders, special children, rehabilitation, training and education model, subject therapy.

«Аутизм» ұғымы осыдан он-он бес жыл бұрын тек ғылыми педагогикалық-психологиялық немесе медициналық ақпараттарда кездесетін болса, қазірге кезде бұқара көпшілік арасында да танымал ұғымға айнала бастады. Себебі он жасқа дейінгі жеткіншектер арасында атаулы синдром жиі кездесетін болды. Бұл, әрине, өз кезегінде аутизмге ұшыраған балалардың санында өсу тенденциясы орын байқала бастағанына дәлел.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми- практикалық Түзету орталығының ресми деректеріне сәйкес, 2004ж. мен 2015 ж. көрсеткіштерін салыстарғанда аутизмі бар балалар саны жиырма есеге артқан (!)[1].

Жыл санап аутизмнің симптомдары түрленіп, әрі көбейіп келе жатқандықтан ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде «аутистік спектрдегі бұзылыстар» деген ұғым пайда болды. Сәйкесінше, балалардың психологиялық-педагогикалық мінездемесі де өзгеріп, жаңа белгілер пайда бола бастады.

Аутизм – науқас емес, сондықтан оны емдеп-жазуға болады деген пікір қате. Ғалымдардың айтуынша, аутист адамдар әлемді өзгеше қабылдайды: өзгеше көреді, өзгеше естиді және өзгеше сезінеді.

Бұл тек олардың «ерекше» екендігін көрсетеді, демек, оларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде де «ерекше қажеттіліктер» туындайды. Өзге балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі әдістер мен жағдайлар бұл балаларға жарамайды, олардың білім алуға қажеттіліктері ерекше немесе өзгеше. Нәтижесінде әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі формадағы психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру қажет болады.

Мысалы, бұл категориядағы балалардың дыбыс, дәм, иіс, жарық немесе түс тәрізді тітіркендіргіштерге сезімталдығы жеткіліксіз немесе шамадан тыс күшті. Айталық, аутизмі бар бала үшін өзге адамдарға тікелей әсер етпейтін дыбыстар тым қатты болып қабылданады. Бұл мазасыздық немесе, тіпті, физикалық ауырсыну сезімін де туғызуы мүмкін. Керісінше, кейбір аутизмі бар балалардың сезімталдығы өте төмен болғандықтан, температураның өзгерісін сезбейді, денесіне түскен жарақаттан ауырсынуды сезінбегендіктен өзін-өзі жаралауы мүмкін.

Ал әлеуметтік өмірде пайда болатын қиындықтар, оларды өзге адамдардың түсінбеуімен байланысты. Күнделікті тұрмыста отбасы мүшелерімен қарым-қатынастар орната алмауы болашақта әлеуметтік дағдылар орната алмауына әкеліп соқтырады.

Кейбір аутист балалардың сөйлеу қабілеті бола тұра сөйлемейді немесе сөйлеу тілін қарым-қатынас құралы ретінде өте сирек қолданады. Бірақ олар өзге адамдардың айтқандарының барлығын түсінеді, кейде абстрактілі ұғымдарды түсінуінде қиындықтар ұшырасуы мүмкін. Балалардың басым көпшілігі сөйлеу тілінің баламасы – ым-ишара тілімен ұғынысқанды, яғни визуальды сөйлеу құралдарын қолданғанды қалайды. Сондықтан өздері үшін қолайлы қарым-қатынас құралын пайдаланады.

Аутизмі бар балалар өздерінің эмоциялары мен сезімдерін жеткізе алмайды және өзгелердің де эмоция-сезімдерін түсінбейді. Мұнда қиындықтар олардың әлеуметтік өмірді бағдарлауларында айтарлықтай кедергілер туғызады. Өзге адамдардың күйлерін олар мүлдем сезінбейді, себебі олар өз сезімдерін де білмейді, сондықтан өзгеге жанашырлық таныту немесе көмектесуге ұмтылу әрекеті болмайды.

Әлеуметтік қарым-қатынас орнату қиындығы балалардың өзге құрбыларымен ойын барысында тіл табыса алмауынан басталады, кейін есейе келе басқа балалармен достасқысы келсе де, оны қалай жасау керектігін білмейді.

Аутизмі бар бала үшін әлем толып жатқан күрделі ситуациялар мен бей-берекет шатасқан құбылыстар мен қарбаласқан адамдар. Олар үшін белгілі бір тәртіп, қалыптасқан күнделікті жағдайлар мен үйреншікті іс-әрекеттер қажет.

Зияты қалыпты жетілген балалардың қызығушылықтары, әдетте, өнер саласына бағытталады. Жас бала күнінен музыка, көркемөнер, бейнелеу тәрізді әрекеттермен шұғылданады. Математика, компьютерлік технологиялар тәрізді салалар аутизмі бар балалар үшін қызықты, әрі қолжетімді әлем.

Аутизмі бар балаларды оқыту мен әлеуметтендіру, әрине, ұзақ уақытты қажет етеді, бірақ олардың жоғары қабілеттілігі мен әлеуетті мүмкіндіктері жұмсалған күш пен уақытты толығымен өтей алады. Сондықтан, уақытында және дұрыс ұйымдастырылған түзету-дамыту және педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары мүмкіндігінше жақсы нәтижелер бере алады[2].

Заманауи арнайы білім беру кеңістігінде аутизмді түзетудің толып жатқан дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістері бар. Соның бірі - медициналық препараттарды қолдану. Ата-аналарда медициналық препараттар толық емдеп-жазып жібереді деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Жоғарыда айтқандай, аутизм – науқастың түрі емес. Сондықтан дәрілер тек қосымша қолдау жасай алады, дәрілерді белгілі бір түзету терапияларын қолдану кезінде қатар қабылдау ұсынылады.

Кез келген терапияның негізгі мақсаты – аутизммен ілесе жүретін жетіспеушіліктер мен отбасындағы қысымшылықты төмендету, өмір сапасы мен функционалды тәуелсіздігін жоғарылату. Емдеудің бірыңғай оптималды әдісі жоқ, ол тек жекелей таңдалып алынады. Әр түрлі емдеу тәсілдеріне зерттеулер жүргізу барысындағы әдістемелік қателіктер осы және басқа да тұжырымдамалардың жетістіктері жайлы сенімді айтуға мүмкіндік бермейді. Кейбір жақсы нәтижелер бірқатар психоәлеуметтік көмек әдістерін пайдалану кезінде болатынын байқатады.

Бұл мүлдем көмек болмағаннан гөрі, оның бары анағұрлым жақсы екенін көрсетеді. Қарқынды, ұзақ арнайы білім беру мен мінез – құлықтық емдеу бағдарламалары өмірінің ерте кезеңдерінде балаға өзіне көмек көрсету дағдыларын меңгеруге, қарым – қатынас, жұмыс дағдыларын алуға жағдай жасау, жұмыс жасау деңгейін жоғарылатады, симптомдар мен бейімделмеген мінез – құлық қиындықтарын төмендетеді.

Аутизмді түзетудің бірқатар әдістері бар. Олар: ТЕЕССН, АВА, Son – rise, заттық терапия (сенсорлық интеграция және стимуляция).

ТЕАССН (Treatment and Education of Autistic and related Communication handicapped Children) әдістемесі – аутизммен зардап шегетін және қарым – қатынасында бұзылысы бар балаларды емдеу мен оқыту. 70 – жылдары Солтүстік Каролина штатының университетінде Э. Шеплор, Р. Райхлер және Г.Месибовтармен бастамасы құрылған. Қазір осы және басқа да көптеген штаттарда мемлекеттік болып табылады. Сондай- ақ, Еуропа, Азия мен Африканың көптеген елдерінде кең таралған. Бұл бағдарламаның тұжырымдамалық өзіндік ерекшеліктері бар. Аутизмі бар балалардың психикалық ерекшеліктерін мұқият зерттей келе көптеген шетелдік авторларды: аутизмде ойлау, қабылау және психика нормамен салыстырғанда тұтастай мүлде басқаша ұйымдастырылған деген қорытындыға алып келді. Психиканың мұндай ерекшеліктері қиынға соқтырады, ал ауыр жағдайларда баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайды. ТЕАССН – бағдарламасы қолдаушыларының пікірі бойынша баланы әлемге бейімдеуді күшейтуге емес, ондағы бар ерекшеліктерді жаратылыс шарттарына қарай бағыттап құруды көздейді. Бұл бағдарлама шынайы өмірге бейімдеудің жоғарғарғы дәрежесін ешқашан жеткілікті түрде қамтамасыз етпейді, бірақ ол аутизмнің аса ауыр жағдайларында да жұмыс жасауда тез қалыпты тұрақты өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл әдістеменің мақсаты - «тәуелсіз және дербес» өмір сүру мүмкіндіктеріне ие болу, бірақ тек ереше, шектелген және жасанды құрылған жағдайларда ғана. Қосалқы мақсаты - баланың дербестігі мен тәуелсіздігінің және өзіне деген сенімділік деңгейін көтеру. Аутист бала үшін «жаратылыстың шынайы ортасы» - отбасы болғандықтан, үй жағдайындағы даму мен өмір тиімді саналады. Барлық күш қарым – қатынастың вербальды емес формасын дамытуға және қарапайым тұрмыстық дағдыларды қалыптастыруға бағытталады. Сөйлеу тіліне үйрету IQ - 50% болған жағдайда ғана орынды болып саналады, бірақ оқу және кәсіптік дағдыларды тәрбиелеу сияқты бұл да міндетті болып бағаланбайды. Әдістеменің нақты негізі – кеңістіктік пен уақытты айқын бағдарлау[3].

Кеңістіктік ұйымның міндеттері:

➤ Сәйкес дағдыны үйренуге арналған қажетті заттардың нақты іріктеуі: біз ең әуелі таңдалған дағдыны үйгенуде нақты қандай заттарды қолданатынымызды ойластырамыз. Мысалы, егер біз баланы ыдыс жууға үйрететін болсақ, онда бізге жуу заттары, губка, таза ыдыстарға арналған контейнер, сүлгі, сабын және қол сүртетін орамал қажет болады.

➤ Іс – әрекет түрлеріне қарай ғимаратты түгелдей секторларға бөлу, яғни кеңістікті аймақтың болуы: сабақ бөлмесі, дем алуға, ұйықтауға арналған бөлме, ас бөлме. Әрбір дағды үшін сол дағдыға қажетті құралдар таңдалған арнайы аймақ таңдалады.

➤ Дағдыны қалыптастырудағы қажетті заттардың қолжетімді орналасуы. Бұл баланың дербестігін жоғарылату мақсатында маңызды. Мысалы, қолды жуу дағдысын орындауда, орамалды бала қолы жететін жерге ілу керек.

➤ Сәйкес аймақта заттардың орналасуы. Осы дағдыны үйренуде балаға қатысы жоқ заттардың аз мөлшерде болуы. Кеңістіктің айнала көп мөлшердегі заттармен толып тұрмауы маңызды. Мысалы, балаға жуу үшін қажеті жоқ әкесінің қырыну заттары, анасының кремдері сияқты заттарды жоғары сөрелерге қою керек.

➤ Талап етілген дағдыны үйренуге қажетті заттардың басқа заттаран айырмашылығының көзге көрініп тұруы. Мысалы, балаға ірімшік қосылған бутерброд жасауды үйретпек болсаңыз, онда тоңазытқыштағы ірімшік салынған қаптама басқа заттардың қаптамаларынан айқын ажыратылуы керек; сондай - ақ, тіс тазалауды үйретсек, щетка формасы, түсі жағынан отбасының басқа мүшелерінікінен ажыратылады.

➤ Сабақ оқитын орынның дұрыс ұйымдастырылуы (баланың жұмыс орны)[4].

Бүгінгі таңдағы аутизмі бар балаларды түзетудегі тиімді әдістердің бірі – АВА (Applied behavior analysis), мінез – құлық терапиясы немесе мінез – құлықты қолданбалы талдау (анализ) әдісін атауға болады.

АВА – терапия - бұл мінез-құлық технологиялары мен оқыту әдістеріне негізделген қарқынды оқыту бағдарламасы. АВА ғылыми тұрғыда адамның мінез – құлқын өзгерту үшін, мінез – құлыққа қоршаған орта факторларының әсерін зерттей отырып, осы факторлармен әрекет етеді.

Аутизмі бар балалармен жұмыс істеуде АВА әдісін алғаш болып 1963 ж. Лос - Анджелестегі Калифорния университетінің докторы Ивар Ловаас пен оның әріптестері қолданған болатын. Кез –

келген мінез – құлық өзімен кейбір салдарларды алады, егер балаға мінез-құлық ұнаса, ол бұл мінез – құлықты қайталайды, ұнамаса қайталамайды, осы әрекеттер негізге алынды.

Осыған орай, сөйлеу, шығармашылық ойын, көзге тура қарай алу сияқты барлық күрделі дағдылар – іс - әрекет деген ұсақ блоктарға бөлінеді. Әрбір іс – әрекет әуелі баламен жеке – жеке оқытылады, сосын әрекеттер қабаттаса байланыстырылып, күрделі әрекеттер тізбегін құрады. Ересек баланы ынталандырмай, керісінше жеткілікті түде оның қызметін қатаң басқарады. Дұрыс орындалған іс – әрекеттер автоматты дағдыға енгенше бекітіледі, ал дұрыс еместері қатаң түрде жойылады. Көздеген мінез – құлыққа жету үшін оң да, сондай – ақ теріс те көмектер мен ынталандырулар қолданылады. Бала тапсырманы қай ортада және кімнің нұсқау бергеніне қарамастан 80 пайызға қатесіз орындай алса, онда оны дағдыға бекітілді деп санауға болады.

АВА әдісі бойынша оқыту бағдарламасының шеңберінде бала әркез бақылауда, оның еркіндігі мен өзіндік бастамалары оқытатын ересек қалауына қарай шектелген. Әр бала үшін кезеңдік дамудың жеке жоспары құрылады. Бала бір уақытта бір – бірмен байланыссыз 2 – 3 дағдыны меңгеруі мүмкін. Сондықтан педагогқа барлық жаңа дағдыларды күрделендіру мен кезеңдік меңгеруінің айқын жүйесін құру көзделеді. АВА – ның соңғы мақсаты – балаға қоршаған әлемді өз бетінше танып - білуге жағдай жасау.

АВА арсеналында жүздеген бағдарламалар, оның ішінде: вербальды және вербальды емес еліктеулер, жалпы және ұсақ моторика, тілді түсіну, заттарды атау, іс – әрекеттерді атау, заттарды жіктеу, «сен қалай ..., көрсетіп бер», есімдіктер, «Не?», «Кім?», «Қайда?», «Қашан?», «Қалай?» сұрақтарына жауап, «иә» және «жоқ» сөздерін қолдану, және басқалары. Бұл бағдарламалар ішіндегі жоғары дәрежедегілері: «Егер ... не болады? Айтып бер» (іс – әрекеттің алдын ала нәтижесін біледі), «Тарихын баянда», «(құрбысының есімі) сияқты істе», «(құрбысының есімін атап) бірге ойнауға шақыр» әдістері.

АВА – терапияда ерте балалық шаққа (1,5-3,5 жас), мектепке дейінгі және мектеп жасындағыларға, жеткіншектер мен ересектерге арналған бірнеше терапиялық модельдер бар.

Теріс мінез – құлықпен ол әлі санада бекітілмей тұрған кезде, ерте балалық шақта түзету жүргізу тиімді. Бала негізгі мінез – құлық дағдыларын меңгеруі және дамудағы артта қалушылықты жену үшін ерте араласу бағдарламасы қарқынды түрде аптасына 30 – дан 40 сағатқа дейін болуы керек.

АВА бағдарламасын жүргізуші маман ең әуелі баладағы мінез – құлық мәселесін анықтайды, сосын нәтижесінде бағасы шығарылып, оқыту стратегиясы жасалатын «өлшеулер» жүргізеді (мінез – құлықты бақылайды, танып - біледі).

АВА жүйесі бойынша оқыту кезінде бір күнде баламен әртүрлі бағыттағы бірнеше маман (мінез-құлық дағдылары бойынша дефектолог, музыкатерапевт, арттерапевт) жұмыс жасайды. Ал бақылауды әдістеме бойынша маман жүзеге асырады. Мамандар баламен реттілікпен 2 – 3 сағаттан (осы уақыт арасында 5 – 6 бағдарламадан) айналысады. Бір күн ішінде баламен 2 – 3 маман реттілік бойынша жұмыс жасауы мүмкін. Жұмыс күніне баламен 5 – 6 сағат жүргізіледі. Бағдарлама бойынша, мамандардың ісәрекетімен үйлестіріле отырып, баламен жүргізілген барлық іс - әрекеттер ортақ журналға жазылады. АВА әдісін оқыту мекемелерінде, балалар үйірмелерінде, үйге жүргізуге болады. Сабактар жеке немесе топтық: кіші топтарда (2 – 3 бала) және үлкен топтарда (5 – 6 бала) болуы мүмкін.

Әдістемені негіздеуші Ивар Ловаастың нәтижелері бойынша АВА – ны оқып, бітірген балалардың жартысына дерлігі жалпы мектептерде оқуға мүмкіндік алады. Және барлық баланың 90 пайызға жуығы өз жағдайын жақсартады[3,4].

Son – Rise бағдарламасы. Бұл 35 жыл бұрын ұлдары Раунның (Raun) аутизм диагнозына жауап ретінде ата – аналары Барри Нейла Кауфман мен Samahria Lyte Кауфманның шығарған бағдарламасы болатын. Son – Rise бағдарламасының авторы Барри Нейла Кауфман болып табылады. Аутизмнен толық сауыққан Раун Кауфман қазір Американың аутизмді емдеу орталығында ғаламдық білім беру директоры. Son – Rise бағдарламасы әлемнің 78 елінде шамамен 25000 балалар мен ересектерді емдеуге көмектескен. Бұл бағдарлама баланың өзіндік сарынына сүйенеді. Ересек баланың аутистік элементін бұзбай оның қайталаушы және дәстүрлі әрекеттеріне жаңа түсініктер мен саналылық бере отырып, оның әлеміне қосылады.

Сенсорлық интеграция мен стимуляция әдісі(СИС, заттық терапия). Дендегі барлық жүйке жүйелерінен миға түсетін сигналдар байланысы мәселесімен айналысады.

Сонымен қатар, аутизмді түзетуде – құм терапиясы, кинезотерапия сияқты, жай – күйімен, массажбен, актив – пассив гимнастикамен емдеу әдістері қолданылады.

Аутизмді түзетуде анималтерапия (латын тілінен аударғанда «animal» жануар), яғни психотерапиялық көмек көрсету үшін жануарлар мен олардың бейнелерін қолданатын терапия түрі. Оның ішінде: дельфинотерапия, иппотерапия (жылқыны пайдалану), канистерапия (итті қолдану арқылы жүргізілетін терапия) сияқты түрлері бар.

Аутизмді емдеп -жазуға арналған дәрі-дәрмекпен емдейтін әдіс жоқ. Дәрі-дәрмекпен емдеу ілесе жүретін мәселелер: агрессия, жалықтырушылық, тартылу, мазасыздық, көңіл-күйдің өзгермелілігі, гипербелсенділік және т.б. шешуде тиімді болар еді.

«Холдинг – терапия». Соңғы уақыттарда аутист балаларды түзету жұмыстарында Батыста «холдинг - терапия» (ағылшын тілінен «hold» - ұстау) деген атпен танылған әдісті қолданамыз. Әдіс эмоционалды бұзылыстарды түзетуде қолданылады. Бірақ алғаш ерте жастағы балалар аутизмінен зардап шегетін балаларға жасалып, қолданылды. Бұл әдістің авторы дәрігер Марта Велш.

Холдинг емінде ана баланы өзіне жақын тартады, оны құшақтайды және бетпе бет қатты ұстап тұрады.

Аутист бала бірден қарсылық танытады. Ол жұлқынады, төбелесуі, тістеп, түкіруі мүмкін. Анасы берілмей, оны жібермей көзімен байланыс орнатуға тырысуы керек. Қызығы, баланың қарсылық күші анасының күшін асыртпайды. Егер бала анасының құшағынан шығып кетсе, ол қашып кетпей «айкастың» жалғасын күтіп тұрады. Шешелері балаларын тынышталып, анасына қарай тығылып, көзіне қарағанша жібермей ұстаулары керек. Бұл әдетте холдингтің 1 сағат шамасында болады. Бала бұл кезде тек анасымен ғана емес, жанындағы басқа үлкендерменде қатынаса бастайды, сөйлеу тілін белсенді қолданады. Сабасына келіп, бала ұйықтап кетуі де мүмкін, бұл да холдингтің жағдайдан жол таба білудегі жағымды жағы. Дәрігер Велш холдингті күніне бір рет өткізуді ұсынады (бала көңіл – күйіне қарамастан барлық жағдайда).

Мүмкін болса отбасы мүшелерінің барлығын қатыстыру керек. Мұнда шешесі баласын ұстап тұрады, ал әкесі (немесе әжесі, т.б.) анасын демеп тұрады. Анасы қолына аутизммен ауыратын баласын ұстап тұрғанда, әкесі қалған балаларын (бауырлары, қарындастары) ұстауына болады.

Дәрігер Велштің тәжірибесі кез – келген жағдайда, ерте жастағы балалар аутизмі кезіндеде холдинг – терапия қалыпты нәтижелер бергенін тұжырымдады.

Холдинг – терапия кемістікті жоюға жағдай жасады, ал уақыт өте келе аутизмді толықтай жеңуге, мазасыздықты төмендетуге, қорқыныштарды, агрессияны жеңуге жағдай жасады. Холдинг – терапия баланың эмоционалды жағдайын жақсартатын отырып, әрі қарай дамуына серпіліс берді. Көп жағдайларда 4-5 жастағы күрделі аутизмді, психикалық дамуында күрделі артта қалушылығы бар балалар 3 – 4 жылдан кейін жалпы мектептерге бара бастады. Сонымен қатар, құрдастарының сөйлеу тілі және зияткерлік дамуларымен қатарласып қана қойған жоқ, біртіндеп қажетті элеуметтік дағдыларды да игерген[4].

Өкінішке орай, біздің елімізде шетелдік ғылым мен тәжірибеге сүйену, шетелдік жаңалықтарды енгізу дәстүрі қалыптасқан. Шетелдік тәжірибелердің барлығы бірдей қалаған нәтижелерге қол жеткізе бермейді. Мүмкін түзету әдістемелерінің технологиялары дұрыс сақталмайды, мүмкін отандық мамандардың біліктіліктері жетіспейді. Сондықтан ата-аналардың шамасы келетіндері балаларын шетелдік емханаларға, шетелдік мамандарға көрсетуге тырысады.

Бірақ ата-аналардың бәрінің бірдей мұндай мүмкіндіктері жоқ. Сол сияқты ата-аналардың бәрі бірдей өз баласының дамуындағы қандай да бір ерекшеліктерді, ауытқуларды байқай бермейді. Ата-аналар баланың өзіндік ерекшеліктерін еркелікке саяды, «есейгесін қояды, түзеледі» деген сенімде болады. Сондықтан аутизм белгілері бар балалардың көпшілігі психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияда (ПМПК) тексерілмеген және сәйкесінше, ресми диагноз қойылмаған, түзету-дамыту шаралары тағайындалмаған. Демек, аутизмі бар балалар саны қазіргі статистикалық мәліметтерде көрсетілгеннен де гөрі анағұрлым көп болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми- практикалық Түзету орталығының мамандарының пікірінше, «қазақстандықтардың басым көпшілігі аутизм туралы білмейді, бұл, өз кезегінде, аутизм белгілері бар балалардың бақылау мен түзету шараларынан қағыс қалдырады, балалар дер кезінде қажетті көмек пен қолдауға қол жеткізе алмайды. Көптеген ата-аналар мұндай проблемалар оларға қатысты емес деп ойлайды, шындығында, ешкім де болашақта не күтіп тұрғанын білмейді. Аутизмнің себебі ұлтқа немесе элеуметтік мәртебеге байланысты емес, кез келген дені сау, тұрмысы жақсы отбасында аутизмі бар бала дүниеге келуі мүмкін. Жапондық ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес. енді 20 жылдан кейін жер бетіндегі әрбір екінші балада аутизм белгілері болады!»[1].

Біздің елімізде қазіргі кезде аутизмі бар балаларды түзету немесе оңалту орталықтары ашылып жатқаны мәлім, бұл негізінен ата-аналардың күшімен құрылып жатқан жеке ұйымдар. Бұл жерде және бір айта кететін жай, түзету-дамыту шараларын жүзеге асырудағы ата-аналардың ролі. Ата-аналар бұл жердегі ең белсенді, әрі ең мүдделі субъект. Себебі, өз балаларының оңалуы мен дамуына, нәтижелі әлеуметтенуіне шын ниетімен көмек беретін, өз үлестерін аямай қосатын ата-аналар. Аутизм табиғатын өз бетімен зерттеп-білген, ізденген ата-аналар өз балаларының мінез-құлқы мен өзіндік ерекшеліктерін, не қажет екенін, ненің тиімді екендігін өз тәжірибелері негізінде кез келген дефектолог маманға қарағанда жақсырақ біледі.

Сондықтан аутизмді түзетудің әдіснамалық негіздерін құруда, тиімді жолдары мен тәсілдерін ұсынуда ата-аналар институты мен ғылыми-практикалық зерттеу орталықтарының, ЖОО арнайы білім беру кафедраларының өзара қызметтес әрекеті қажет. Әртүрлі реабилитациялық немесе түзету (оңалту) бағдарламаларын құруда теориялық білімдерді ата-аналардың тәжірибелерімен толықтырып негіздеген абзал. Тек өзара қызметтестік жағдайында ғана еліміздегі аутизмі бар балалармен жүргізіліп жатқан түзету-дамыту шаралары оң нәтиже беріп, балалар толыққанды білім мен тәрбие алуға, әлеуметтенуге мүмкіндік ала алады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. *Через 20 лет каждый второй ребенок в мире будет страдать аутизмом.* <https://radiotochka.kz/11273-cherez-20-let-kazhdyy-vtoroy-rebenok-v-mire-budet-stradat-autizmom.html>
2. *Рымханова А.Р., Арбабаева А.Т. К вопросу о расстройствах аутистического спектра.* // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Психология». - Алматы, 2016. – №3 (48). – С.64-67.
3. *К. Tuganbekova, Rymkhanova A., U. Madetova. Modern methods of psychocorrectional work with autistic children.* // Журнал «Education and Science without borders». - 2015.-Vol.6 -№ 12.- P. 87-89.
4. *Дахбай Б.Д., Рымханова А.Р., Аманбай Ж.С., Халықбергелі М.Т. Аутизмі бар балалармен жүргізілетін түзету әдістері: отандық және шетелдік тәжірибелерге шолу.* // Научное и творческое наследие академика Е.А.Букетова: Материалы междунар. науч.-практ. конф. посвящ. 90-летию Е.А.Букетова: В 2 т. -Т.2.- Караганда: Изд-во КарГУ, 2015.Б.87-89.

УДК 376-056.71
МРНТИ 15.01.07

Саурықова Б.¹, Бекбаева З.Н.²,

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің бМ010500 «Дефектология» мамандығының ІІ-курс магистранты baglan.saurykova.89@mail.ru

²Ғылыми жетекші, п.ғ.к., аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Арнайы білім беру кафедрасы kaznauzake@mail.ru

ПСИХОЛОГИЯДА МОТИВАЦИЯ МЕН МОТИВ ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда мотивация мен мотив мәселелері әлі де талқылауға мұқтаж және өкінішке орай экспериментальді түрде зерттеу үшін қиын тақырып болып табылады. Мотивацияның көптеген шет елдік теориялары жануарларды экспериментальді түрде зерттеу негізінде болғандықтан, адам баласына тікелей экстраполяциялау бірқатар жағдайларда мүмкін емес.

Түйін сөздер: мотив, мотивация, мотивациялық сфера, эмоционалдық ерік ерекшеліктері, мотивация сферасы

Аннотация

ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ ПОНЯТИЙ «МОТИВ» И «МОТИВАЦИЯ» В ПСИХОЛОГИИ

Саурықова Б.¹, Бекбаева З.Н.²,

¹Магистрант 2-го курса КазНПУ имени Абая по специальности бМ010500 «Дефектология»

²Научный руководитель, к.п.н, ст. Преподаватель кафедры специального образования КазНПУ имени Абая

В статье дается теоретический обзор исследований по изучению особенности сферы мотивации детей с общим недоразвитием речи.

Ключевые слова: мотив, мотивация, сферы мотивации, особенности эмоциональной воли, сфера мотивации.

Abstract

THE THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE CONCEPT OF PSYCHOLOGICAL MOTIVATION AND MOTIVE

Saurykova B.¹, Bekbaeva Z.N.²

¹ 2^d course master specialty of Defectology / *Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty,*

² *с p s, senior lecturer of department of special education of KAZNPY name after Abai Almaty*

In article the theoretical review of researches on studying of feature of the sphere of motivation of children with the general underdevelopment of the speech is given.

Keywords: motive, motivation, spheres of motivation, feature of emotional will, sphere of motivation.

Әрекет және іс-әрекет мотивтері мен мотивация мәселелері үлкен теориялық, методологиялық және тәжірибелік маңыздылығы бары заманауи психологияның басты мәселелерінің бірі. Б.Ф. Ломов (1999), мысалы әрекеттің психологиялық зерттеулерінде мотивация мен мақсатқа болжаулыққа үлкен рол жатқызылатындығын айтқан. «Бұл мәселелерді шығару психологиядағы теорияның дамуы үшін ғана емес, сонымен қатар көптеген практикалық мәселерді шешу үшін үлкен маңызды болып келеді» [1]

В.Т. Асеев (1995), В.Д. Шадриков (1994) және өзге де ғалымдар әрекетті мотивация тұрғысынан басқару мен тұлға әрекетін басқарудың заманауи психологиялық ғылымның кілттік мәселелеріне жатқызып, тәжірибе талаптары : өндіріс, оқыту мен тәрбиелеу психологияның осы аймағындағы ашылуларды талап етіп отыр. Мотивация мен мотив мәселелерінің маңыздылығын шет елдік психология да көрсетіп отыр [2, 3].

Бірақ мотив пен мотивация мәселелеріне арналған әдебиеттер табиғат тұрғысынан қарастырылып, ол кей ғалымдарға психологияда бұл мәселені белгілі қарастырып (Д. Дьюсбери, 1981, В.А. Иванников, 1985); мәселенің практикалық тұрғыда шешілмегендігі туралы айтуға болатындығын көрсетті. Х. Хекхаузен: «күтпеген нәтижелерді тым болмағанда артқы уақытпен түсіндіру үшін мотивациялық процесстер эффектсіне жүгінбеген психология саласы жоқ шығар...»деп айтқан болатын. Бұнда талаптардың үнемі өсіп отыратын көлемінде ғана емес, сонымен қатар осы мәселені шешетін импульстердің түрлілігінде болып табылады (олар экспериментальды психология, әлеуметтік психология, терең және клиникалық психология ияқты өзара ұқсамайтын аймақтардан шығады).

Шынымен де, психологиялық феномен ретінде адам мотивациясын қарастыра отырып, ғалымдар көптеген қиындықтарға душар болады. Х. Хекхаузеннің пайымдауынша (1986), мотив пен мотивация (немесе олардың эквиваленттері тура мәнісінде бақыланбай, сол себепті сана үшін қол жетімсіз болып келеді. Бірақ, Б.Ф. Ломовтің ойынша(1999), мәселелерді зерттеу барысындағы қиыншылықтар « мотивте де, мақсатта да психиканың жүйелі мінезі көрініс тауып, олар психикалық бейненің интегральді формасы ретінде болады» (155 б). Аталмыш жайттардың барлығы мәселеге психологияның ең жұмбақ және қызықты аймағы ретіндегі дәрежесін беріп отыр [1].

Терминалогиялық тұрғыдағы сәйкес келмеушілік мотивация психологиясының барлық даму тарихында көрініс тауып отыр.

Алғашқы «Мотивация» сөзін А.Шопенгаузер өзінің «жеткілікті себептің төрт қағидасы " атты мақаласында қолданған болатын (1900-1910). Кейін осы термин адам және жануарлардың әрекетін түсіндіру үшін психологиялық сөздік қорына еніп, бүгінгі күнге дейін адамның және жануарлардың мақсатты түрде бағытталған әрекет механизмдері мен себептерін зерттейтін психологияның барлық аласында кеңінен қолданылууда.

Мотивация түсінігі қозғалып жатқан әрекет пен іс-әрекет күшін түсіндірудің негізі болғанымен, бүгінгі күнге дейін психологиялық ғылымда адам мотивациясына қатысты бірегейлік ықпал ету жолы жоқ, яғни, «мотивация» және «мотив» түсініктері нақты қалыптаспай, терминология нақтыланған жоқ (В.Д. Шадриков, 1994) [3].

«Мотив» және «мотивация» терминдері синонимдері , тіпті кейде бірдей де қолданылып жатады (Е.П. Ильин, 2000). «Мотивация» термині адамның және жануарлардың белсенділігі немесе әрекет немесе іс-әрекеттің пайда болуын қалыптастыруды түсіндіруде кеңінен қолданылады (А.Б.Орлов, 1989). Бұл түсінікке көптеген нәрселерді жатқызуға болады, себебі шын мәнінде көп заттар мен көріністерге түрткі бола алады. Сондықтан да Д. Дьюсбери (1981)

«мотивация» түсінігі табиғаты жеткіліксіз түрлі факторлар үшін қоқсық қорапшасы ретінде қолданылады деп айтқан. Шынымен, мотивацияны адамның қажеттіліктерімен, мотивтері мен көзқарастарымен, оның өзі, тұлғалық ерекшеліктері және функциональды жағдайы туралы түсінігімен, уайымы, сонымен қатар қоршаған орта туралы түсінігімен, өзгерістер туралы болжаммен, өзге адамдардың бағалауымен байланыстыруға болады (В.А. Иванников, 1985) [4].

Ал, «мотив» түсінігіне келсек, оның көлемі де түсініксіз «...мотив қайшылығында оны өмірдің мақсаттары мен идеялары ретінде де, сонымен қатар электр тоғымен тітіркендіргіш ретінде де қарастыруға болады» (А.Н.Леонтьев, 1975, 189 б) [5]. Мотив деп түрлі психологиялық феномендерді атауға болады: ұстанымдар (А.Маслоу, 1954), әдеттер, ойлар мен парыздық сезімдер (П.А.Рудик, 1967) [6], түсініктер мен ойлар, сезімдер мен уайымдар (Л.И. Болови, 1968), моральды- саяси ұстанымдар мен ойлар (А.Г. Ковалев, 1969) [7], психикалық үрдістер, жағдайлар мен тұлғаның қасиеттері (К.К. Платонов, 1986) [8], сыртқы әлем заттары (А.Н. Леонтьев, 1971, 1975) [5], сонымен қатар өмір сүру жағдайлары (В.К. Вилюнас, 1990) [20]. Мотивация ол сенімдер, көзқарастар, талпыныстар, сезім мен қызығушылықтар, әдеттер мен еліктеуге тенденция (Н.М. Якобсон, 1969), сонымен қатар «қалыптасу барысындағы дағдылар» (G.W.Allport, 1937) сияқты түсініктеркөптеген авторларда кездесіп жатады (К.Н. Корнилов, 1948; В.И. Селиванов, 1974; Ж. Ньюттен, 1975; Е.П. Ильин, 2000) [9].

«Мотив» терминің «психогенді қажеттілік» (Н.А. Murray, 1938) терминімен және «қажеттіліктермен» (K.Lewin, 1935) немесе жай ғана «қажеттілік» терминімен (McClelland et.al, 1953; J.W. Atkinson, 1958) алмастыру да кеңінен тараған . Ж. Годфруа (1992) мотивацияға қатысты бүтіндей терминалогияның бар екендігін айтқанболатын. А.Н. Леонтьев мотивация мәселесіне қатысты жұмыстар бір жүйеге берілмей, түрлі болып келетіндігін айтқан. «Мотив» түсінігін әдебиетшілер, жазушылар, заңгерлер тарапынан еркін қолдану туралы айтудың да қажеті жоқ. Себебі, ол туралы заманауи түсініктер бір-бірімен жанасайтын бірнеше шынайылықты бейнелеуі мүмкін (В.А. Иванников, 1985) .

Сонымен, «мотив» және мотивация» түсінігін түсіндіре қолдану орны табалдырық шеңберінде жабылып қалады (Х. Хекхаузен, 1986, 1т, 36 б).

Нәтижесінде, тәрбиеге қатысты тәжірибедегі түсініксіз жайттар қиын жағдайда қалып отырады. Л.П. Кичатинов (1989) тәрізді педагогтардың бірі: «Мотивті осыншама талқылаудың түрлілігінде оның қалыптасуының тәжірибелік жолына педагогтар үшін қалай шығуға болады? Көріністің барысы мен осы түсінікті жетіліру бойынша жұмыстың белгісіздігі «соны жаса, бірақ не екендігін білмеймін» деген жағдайды еске салып отыр», - деп, Л.П. Кичатиновтың ойынша, мотивтің «үшкен қапшыққа» айналуы бүтіндей педагогикалық жоспарлардың жабылуына әкеліп отырғандығын пайымдаған.

Шет елдік психологияда мотивацияның 50 шақты теориясы бар. Осыған орай В.К. Вилюнас (1990) «мотив деген не?» сұрағын талқылаудың мақсаттылығына күмән келтірген болатын. Бұның орнына ол белсенділіктерді қоздырғаш ретінде қабылданатын жеке феномендерді белгілеу мен бейнелеуге назар аударуды ұсынған болатын. В.А. Иванников (1985) ұсынған ықпал ету жолы: бір шынайылық негізінде «мотив» түсінігінің мазмұнын қысқартып, ал өзгелері үшін басқа атаулар енгізу керектігін айтқан. «Мотив» терминің оның ойынша, затталған қажеттіліктер түріндегі мотивациялық сфераның тұрақты білімдерімен бекітіп, ал туындаған нақты жағдайлар үшін «итермелеу, түрткі болу» сияқты терминді қолдану керектігін айтқан .

Кейбір жұмыстарда «мотив» ми әрекетінің ақыл-ой жемісі ретінде қолданылады. Ж. Годфруа (1992) мотив ол – субъект әрекет етуі тиіс ойлану барысы. Х. Хекхаузен (1986): «Шын мәнінде ешқандай мотив жоқ. Олар – біздің ойымыздың түсінікті жеңілдететін қосымша құрастырулары, яғни, эмпиризм тілімен айтқанда «гипотетикалық құрастырмалар» (1т, 37 б). Қуанышқа орай кей авторлардың ойымен келісуге де болады, себебі, көптеген психологиялық көріністер ойлардың құрамалары болып табылады. Бірақ, бұл аталмыш психологиялық көріністің шын мәнінде өмір сүрмейтіндігін білдірмейді. Қандай да бір психологиялық көріністердің немесе феномендердің белгіленуі – психологтардың елестерінің нәтижесі емес, ол фактілерді талдаудың нәтижелері болып табылады. Егер Х. Хекхаузен және өзге де психологтарға сүйенсек, ерік, назар, ойлау тағы сол сияқты психологиялық феномендер жоқ, себебі оларды оларды қолымен ұстап немесе нақты құралмен өлшеу мүмкін емес. Аталмыш фактілерді есепке ала отырып, кез-келген теориялық құрылым волюптаризм мен қиялдың нәтижесі емес, нақты фактілерге сүйеніп, логикалық түрде бір-бірімен байланысты болуы керек (Е.П. Ильин, 2000).

Мәселеге қатысты қарама- қайшылық сұрақтар да бар: мотив әрекетке ме әлде іс-әрекетке жатады ма? А.Н. Леонтьев 1956 жылы мотив жеке, бөлек әрекетті тудыратындығын айтқан. Бірақ

кейінгі жұмыстарында ол «мотив сол әрекет қосылған іс-әрекет негізінде болады (520 б) деп айтқан. Егер осыны әрекеттің өмір сүруінің жеке жағдайы ретінде қарастырсақ, А.Н. Леонтьевтің пайымдауы анық болмақ – іс-әрекет негізіндегі әрбір әрекеттің өзінің жеке мотиві болмайды, бірақ бұл әрекеттердің мотивацияланбағандығын білдірмейді. Жай ғана іс-әрекет пен әрекет үшін жалпы отив болады. Бірақ іс-әрекет мақсаты мен оның құрамындағы әрбір әрекеттің сәйкес келмеушілігі де кездесіп жатады. Р.А. Пилюняның (1984) түсінігі бойынша, мотив, керісінше тек әрекетке қатысты болып, ал іс-әрекетті ол «мотивация» түсінігінің контекстінде қарастырған. Ол сонымен қатар М.Ш. Магомед-Эминовтың (1987) мотивацияны тек іс-әрекет даярлығымен ғана емес, сонымен қатар оның болмысымен байланыстыратын ойымен де келіседі.

Мотивация психологиясының жүріп өткен тарихи жолын талдай отырып, Д.А. Леонтьев (2002): «Әрине, мотивация психологиясына психология даму тарихының жалпы тенденциясы көрініс тауып, (соның ішінде мотивация психологиясы) олардың әрқайсысы затты өзіндік қабылауын ұсынып, өзгелермен сәйкес келмеушіліктен ақырындап оны ұжымдық өңдеуге де жетті. 1960-1970 жылдары мотивация психологиясы мен оны мен қатар жүретін тұлға психологиясының негізгі классикалық кезеңі аяқталып, пән аймақ арасындағы шекара мен түрлі мектеп арасындағы шекаралар анықталған болатын. Д.А.Леонтьевтің ойынша, осы кезден басталып, мотивация психологиясының заманауи даму кезеңі басталып, « ол тағы да мотивацияны тұлға психологиясы мен өзгеше байланыстыра түсті»: егер, бұрын мотивация түсінігін қарастырғанда ол кең мағынада түсіндірілетін тұлға ядросы ретінде болса, ал қазір тұлға – мотивацияны кеңінен түсінетін ядро болып отыр.

Кілт сөздер: инновация, инновациялық технологиялар, нашар еститін балалар, педагогикалық тәсіл, арнайы білім беру, тәжірибе.

Что же такое инновация? Слово «инновация» в переводе с латинского языка означает «обновление, новшество или изменение». Педагогическая инновация - нововведение в педагогическую деятельность, изменения в содержании и технологии обучения и воспитания,

имеющие целью повышение их эффективности. Целенаправленный поиск и максимально полное стремление получить новый результат. Изменения в оборудовании учебных классов; изменения в отношениях «Учитель-Ученик»; повышение статуса образования, новые санитарно-гигиенические требования. Содержание инновации – это содержание возможных изменений педагогической действительности, которые ведут к ранее неизвестному, ранее не встречавшемуся состоянию, результату, развивающее теорию и практику обучения и воспитания. «Менять педагогические ориентиры- это самое трудное и самое необходимое, что приходится делать сегодня» (так говорил В.А.Караковский).

Под готовностью к инновационной деятельности понимается совокупность качеств учителя, определяющих его направленность на развитие собственной педагогической деятельности и его способности выявлять актуальные проблемы образования учеников, находить и реализовывать эффективные способы их решения. Наличие мотива включения в инновационную деятельность, комплекс знаний о современных требованиях к результатам школьного образования, инновационных моделях и технологиях образования. [1]

Наукой доказано, что 80% информации, которую слышит ученик на уроке, забывается в тот же день, если ученик самостоятельно над ней не поработал (повторил, проговорил, записал), 20% сохраняется в памяти несколько дольше, в зависимости от уровня ее актуальности для обучаемого. Сегодня практически любое изменение в сфере образования претендует на инновационный статус. Но инновационная деятельность подменяется «педагогическим изобретательством» без существенных нововведений и развития как теории, так и практики. По мере взросления детей сопротивление детей прямому воздействию педагога возрастает, объем же его работы увеличивается, содержание учебных дисциплин усложняется. Силы учителя уходят на преодоление нежелания детей учиться. Работа превращается в тяжелый непосильный труд. Постоянная ситуация навязывания своей воли другим приводит к негативным изменениям в психике педагога. Особое значение этот фактор приобретает в условиях коррекционной школы, где большая часть обучающихся имеют сниженный уровень познавательной активности. Обостряется влияние этого условия, если мы имеем дело с подростками, вступившими в пубертатный период. В.А.Сухомлинский в книге “Сердце отдаю детям” пишет, что у 85% всех неуспевающих детей главная причина отставания – плохое состояние здоровья и неуверенность, порождаемая частыми упреками в школе и дома.

Как воспитывать сегодня? Какие методы воздействия сегодня могут стать полезными, какие инновационные технологии использовать в своей работе, чтобы пребывание детей в школе стало насыщенным, интересным, плодотворным? Внеурочная деятельность является составной частью учебно-воспитательного процесса для слабослышащих детей и одной из форм организации свободного времени учащихся. Она понимается сегодня преимущественно как деятельность, организуемая во внеурочное время для удовлетворения потребностей слабослышащих учащихся в содержательном досуге, их участие в самоуправлении и общественно полезной деятельности интерната.[4] Важнейшим условием является такая организация внеурочной деятельности, при которой в практических ситуациях, лично значимых для ребенка, они получают запас необходимых представлений и убеждений. Положительное влияние воспитательно-коррекционных воздействий значительно возрастает при включении учащихся в общественные дела, выходящие за рамки группы, а иногда и школы-интерната. Каждый вид внеклассной деятельности: творческой, познавательной, спортивной, трудовой, игровой-обогащает опыт их коллективного взаимодействия, что в своей совокупности дает большой воспитательный эффект. Особое место в процессе организации воспитательной деятельности слабослышащих учащихся занимает использование инновационных технологий. В процессе организации внеурочной деятельности использование инновационных технологий значительно повышает мотивационные показатели усвоения социальных норм поведения, дают возможность эффективного личностного роста детей.

Инновационные педагогические технологии могут различаться по разным основаниям:

- по источнику возникновения(на основе педагогического опыта или научной концепции);
- по целям и задачам (формирование знаний, воспитание личностных качеств, развитие индивидуальности);
- по возможностям педагогических средств (какие средства воздействия дают лучшие результаты);
- по функциям воспитателя, которое он осуществляет с помощью технологий (диагностические функции, функции управления конфликтными ситуациями);
- по подходу к ребенку.

В своей работе воспитатель может использовать следующие воспитательные технологии:
Диалоговые технологии (диспуты, дискуссии, дебаты)
Технология «коллаж»
Коллективное творческое дело.

Применение компьютерных технологий на занятиях по развитию речевого слуха и формированию произносительной стороны речи в школе-интернате для слабослышащих детей дает пошаговое развитие с учетом уровня слуха и речи каждого. На данном этапе компьютер не может и не должен быть только развлечением, игрушкой. Он должен быть еще и инструментом решения самых трудных для ученика учебных и житейских задач. При этом можно говорить о педагогическом результате, связанном с формированием навыка собственной деятельности (речевой и умственной) Именно применение цвета, графики, звука современных средств видеотехники позволяют формировать и моделировать смысловые компоненты речи глухих школьников: восприятия, памяти, внимания, воображения, мышления. [5]

Технология (коллаж)- предполагает изучение темы или проблемы путем создания плакатов из найденных иллюстраций, цитат и других имеющихся средств. Реализуется в группах.

Здоровьесберегающие технологии - это системный подход к обучению и воспитанию, построенный на стремлении педагога не нанести ущерб здоровью учащихся; создание благоприятного психологического климата во время проведения воспитательных мероприятий внеурочной деятельности детей;

охрана здоровья и пропаганда здорового образа жизни;

Пожалуй, одним из важнейших аспектов является именно психологический комфорт школьников. С одной стороны, таким образом, решается задача предупреждения утомления учащихся, с другой-появляется дополнительный стимул для раскрытия творческих возможностей каждого ребенка.

В современном законодательстве Республики Казахстан в соответствии с основополагающими международными документами предусматриваются гарантии прав всех детей на получение качественного образования. Эти права закреплены в Конституции РК, Законе «О правах ребенка в РК», «О социальной защите инвалидов в РК» и т.д. Государство предпринимает последовательные шаги в движении от равных прав к равным возможностям, доступе к качественному образованию для всех категории детей. В реализации этой программы центральной фигурой является педагог, работающий в коррекционных организациях. Работа педагога в специальной школе для детей с нарушениями слуха всегда связана с большой затратой сил, энергии, отдачей душевного тепла. Она невозможна без наличия глубоких, разносторонних знаний, объединенных с высокими человеческими качествами.

Педагог коррекционной школы должен знать особенности развития каждого своего ученика. Планировать работу с учетом зон актуального и ближайшего развития своих воспитанников. Наиболее значимыми компонентами инновационной деятельности педагога, работающего с «особыми детьми», являются восприимчивость, чувствительность, открытость, проблемам, нелинейное мышление. [2]

Инновационные процессы в нашей школе предусматривают поворот развития учебного процесса к обучению на основе современных педагогических технологий. Педагогическим коллективом ведется работа над внедрением и использованием технологий дифференцированного обучения, здоровьесберегающих, информационных технологий, применения информационно-коммуникативных технологий. Роль информационно-коммуникативных технологий в специальных школах становится едва ли не главенствующей. ИКТ решают компенсаторные задачи, являются вспомогательным средством обучения слабослышащих учащихся. Применение информационных технологий не только облегчает усвоение учебного материала, но и представляет новые возможности для развития творческих способностей слабослышащих учащихся, повышает мотивацию к учению, активизирует познавательную деятельность, развивает мышление.

Ситуативные технологии применяются по ситуации Сложно определить на глаз, какие формы, в представлении того или иного педагога, «новые», а какие «старые». Целесообразнее их рассматривать с точки зрения результативности в каждом конкретном случае.[6]

Какие бы технологии ни использовали учителя, воспитатели в своей деятельности, если они не будут прислушиваться к тому, что говорят их ученики, что они чувствуют, то удачного тандема не будет. Следует отметить важность применения любых компьютерных технологий на уроках РСВ и

ФП при обучении слабослышащих школьников, учитывая перспективность обучения, так как в процессе освоения компьютерных технологий у учащихся формируются следующие навыки и умения:

- способность использовать полученные навыки и умения при работе с компьютером на уроках;
- применять методы переработки полученной информации и использовать её в практических целях.

Современное слухопротезирование и коррекционная реабилитация позволяют ребенку с нарушением слуха чувствовать себя равным среди равных. В 2016 году мой 10 «Б» класс после обучения и воспитания в нашей школе в полном составе поступил в 2 колледжа. Алматинский государственный колледж технологий и флористики на специальностям: «столяр-строительный», «швея» и в Алматинский государственный колледж сервиса и технологий на специальность: «Парикмахерское дело».

Годы социально-ориентированного обучения и воспитания в нашем коллективе позволили детям сформировать индивидуальность, социально-адекватную самооценку. При всем многообразии технологий обучения: дидактических, компьютерных, проблемных и других – реализация ведущих педагогических функций остается за педагогом. С внедрением в учебно-воспитательный процесс современных технологий учитель и воспитатель все более осваивают функции консультанта, советчика, воспитателя. Это требует от них специальной психолого-педагогической подготовки, так как в профессиональной деятельности учителя реализуется не только специальные, предметные знания, но и современные знания в области специальной педагогики и психологии, технологии обучения и воспитания.[3]

Содержание учебно- воспитательного процесса в школе для слабослышащих детей имеет свои особенности. Наряду с коррекционно-образовательной, проводится и коррекционно-воспитательная деятельность, которые в современном интегративном единстве объединяет общее понятие «коррекционно-педагогическая» деятельность. Поэтому наряду с коррекционно-образовательными задачами, перед специальной коррекционной школой стоит главная задача-средствами коррекции дефекта развития, в условиях учебно-воспитательного процесса создать базис для успешной социализации детей с нарушениями слуха в обществе на основе духовно-нравственного воспитания.

На внеклассных групповых занятиях и подготовке общешкольных коллективных мероприятий широко используются разные формы организации деятельности слабослышащих школьников. В процессе работы парами, группами, состав которых может меняться, возникают ситуации сотрудничества, ролевого и делового общения. Используются такие формы организации деятельности воспитанников, как индивидуальное выполнение заданий под руководством воспитателя или групповая работа под руководством ведущего ученика (маленького учителя), старшего школьника. Но наряду с использованием традиционных технологий, педагогами внедряются и новые технологии в обучение и воспитание слабослышащих учащихся. Здоровьесберегающие образовательные технологии предусматривают программы, методы, которые направлены на воспитание у учащихся культуры здоровья, личностных качеств, способствующих его сохранению и укреплению, формированию представления о здоровье, как ценности, мотивации на ведение здорового образа жизни. [4] Проблема здоровья детей актуально сегодня как никогда. Особенно остро это касается детей с ограниченными возможностями. Многие учащиеся нашей школы- интерната имеют сложную структуру дефекта, дополнительные заболевания. Поэтому задача учителя и воспитателя строить учебно-воспитательный процесс так, чтобы обучение не наносило ущерба здоровью учащихся.

Учитывая возможности и способности каждого ребенка, в нашей школе функционируют спортивные кружки: по настольному теннису, шахматам, волейболу, футболу, бадминтону, легкой атлетике, баскетболу. Об увлеченности наших воспитанников говорят результаты соревнований по бадминтону, футболу, легкой атлетике. Наши учащиеся всегда занимают призовые места. Так, Ахмолданова Айжан - мастер спорта по бадминтону, капитан команды девочек по футболу, Волков Виктор- кандидат в мастера спорта по бадминтону, член сборной команды по футболу. Наши грамоты, кубки, медали говорят сами за себя.

Задачу по внедрению инновационных технологий обучения выполняют методические объединения. Например метод. объединение воспитателей систематически проводит открытые занятия как в старших, так и младших классах с обсуждением и анализом, конкурсы рисунков к различным праздникам, общешкольные праздники с привлечением родителей, спонсоров. Организует экскурсии для наших детей.

Все участники образовательного процесса школы-интерната: психолог, учителя, воспитатели, педагог слухового восприятия, врач-терапевт работают в единстве и тесной взаимосвязи. Уделяют особое внимание социальной реабилитации детей с ограниченными возможностями, подготовке их к семейной жизни и жизни в обществе, созданию условий для получения профессионального образования.

Доброжелательная обстановка, спокойная беседа, внимание к каждому высказыванию, позитивная реакция воспитателя на желание ученика выразить свою точку зрения, тактичное исправление допущенных ошибок, поощрение к самостоятельной мыслительной деятельности, уместный юмор или небольшое историческое отступление- вот далеко не весь арсенал, которым может располагать педагог, стремящийся к раскрытию способностей каждого ребенка.

Учащиеся входят в класс не со страхом получить плохую оценку или замечание, а с желанием продолжить беседу, продемонстрировать свои знания, получить новую информацию. В процессе такого урока не возникает эмоционального дискомфорта даже в том случае, когда ученик с чем-то не справился, что –то не смог выполнить. Более того, отсутствие страха и напряжения помогает каждому освободиться внутренне от нежелательных психологических барьеров, смелее высказываться, выражать свою точку зрения.[6] К тому же каждый ученик уже более спокойно реагирует на полученную оценку, если он сам понимает ее обоснованность. Оценивая свои ошибки, ученик сразу же видит и пути их исправления. Неудача, воспринимаемая как временное явление, становится дополнительным стимулом для более продуктивной работы дома и в классе. Педагог поощряет стремление ученика к самоанализу, укрепляет его уверенность в собственных возможностях. Следует заметить, что в обстановке психологического комфорта и эмоциональной приподнятости работоспособность класса заметно повышается, что в конечном итоге приводит к более качественному усвоению знания, и, как следствие, к более высоким результатам.

По окончании любого мероприятия ученики покидают класс с хорошим настроением, поскольку в течение этого времени отрицательные факторы практически отсутствуют. Охрана здоровья ребенка предполагает не только создание необходимых гигиенических и психологических условий для организации учебной деятельности, но и профилактику различных заболеваний, а также пропаганду здорового образа жизни. На сегодняшний день очень важно вводить вопросы здоровья в рамки учебных предметов. Это позволит не только углубить получаемые знания и осуществить межпредметные связи, но и показать ученику, как соотносится изучаемый материал с повседневной жизнью, приучить его постоянно заботиться о своем здоровье.

Современный французский ученый Легуве сказал: «Воспитание-это наука, которая обучает наших детей обходиться без нас». От себя позволю продолжить эту мысль- потому что нас когда-то не станет, но мир останется, и каким он будет- добрым или злым- во многом будет зависеть от того, что мы заложим в души наших детей.

Список использованной литературы:

1. Богданова, Т.Т. Сурдопсихология\ Т.Т.Богданова, - М: Академия, 2002.
2. Зайцева Г.Л. Современные научные подходы к образованию детей с недостатками слуха: основные идеи и перспективы. \ Дефектология. – 1995. - № 3.
3. Никольская И.А. Информационные технологии в специальном образовании.\ Коррекционная педагогика. - 2004. - № 2.
5. Речицкая Е.Г. Личностно-ориентированный подход в современной сурдопедагогике. Межвузовский сборник научно-методических трудов, М., 2001.
6. Турик Л.А., Осипова Н.А. Педагогические технологии в теории и практике. М: - 2009г.

МРНТИ 14.91.00

УДК 37(4/9)

Булабаева С.Т¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-ті, Педагогика және психология институты, «Арнайы білім беру» кафедрасының оқытушысы, п.ғ.маг. Алматы қ., Қазақстан

bulabaeas@mail.ru

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ ДАМУЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа

Мақалада шетелдегі мүмкіндігі шектеулі балалар үшін инклюзивті білім берудің мәселелері талданған. Зерттеу материалдарын талдау барысы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың негізгі бағыты мен болашағын айқындауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім, мүмкіндігі шектеулі балалар.

Аннотация

ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА МИРОВОЙ ПРАКТИКИ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Булабаева С.Т.¹

¹*магистр, преподаватель кафедры специального образования КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан*
bulabaeas@mail.ru

В статье анализируются вопросы развития инклюзивного образования детей с ограниченными возможностями зарубежом. Анализ материалов исследования позволил нам определить основные направления и перспективы развития инклюзивного образования в Республике Казахстан.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями

Abstract

GENERAL CHARACTERISTICS OF THE INTERNATIONAL PRACTICE OF INCLUSIVE EDUCATION SYSTEM DEVELOPMENT

Bulabayeva Saule¹

¹*teacher of department of Special education, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Institute of Pedagogy and Psychology, Almaty, Kazakhstan*
bulabaevs@mail.ru

The article analyzes the development of the inclusive education abroad. Analysis of materials research has allowed us to identify the main trends and prospects of development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan.

Key words: inclusive education, children with disabilities

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халқына Жолдауында білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екендігі айтылған [1].

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру арнайы білім берудің ең соңғы стратегияларының бірі болып табылады. Инклюзивті білім халықаралық ұйымның көптеген мүше елдерінің білім беру саясатының құрамына ене отырып, өз кезегінде жалпы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бөлігі болып табылады және оның сипатын, ішкі логикасын және даму бағытын қабылдайды.

Инклюзивтік білім беру жүйесі - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [1,3]

Өткен ғасырдың аяғынан бастап инклюзивті білім беруді дамыту әлемнің көптеген: АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия, Австралия және т.б. шетелдік мемлекеттерде білім беру саясатының жетекші бағдарына айналды. Осы елдерде балалардың дамуы үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған жалпы білім беру ұйымдарында психикалық және дене бұзылыстары бар, дамуында артта қалушылығы бар балалар қалыпты дамыған құрдастарымен бірге табысты білім алуда.

Интеграция әлеуметтік-тұрмыстық формасы ретінде қарастырыла отырып, қалыпты дамыған адам мен ерекше қажеттілікті қажет ететін адамдардың бірдей әлеуметтік үрдіске, барлық білім беру сатыларына, күнделікті бос уақыттарына, жұмыстарына, әртүрлі әлеуметтік функциялар мен рөлдерді жүзеге асыруға тең құқылы екені барлық дамыған елдердің заңдарында заңды түрде бекітілген.

Кез келген мемлекетте арнайы білім беру жүйесінің дамуы қоғамның мәдени нормалары мен құндылық бағыттарының негізінде жүзеге асырылады.

Экономикалық, технологиялық және ақпараттық мүмкіндіктері дамыған Европа, Япония, АҚШ елдерінде инклюзивті білім берудің пайда болуымен оны жүзеге асыруға ықпалын тигізеді. Демек, оларда арнайы білім беру жүйесінің болуымен, жалпы білім беру мекемелеріне арнайы білім беру жүйесін енгізу, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға максималды қолжетерліктей қалалық инфрақұрылымын құруға мүмкіндіктері бар екенін сөзсіз айтуға болады. Демократиялық тенденцияның әрі қарай бұл бағыт бойынша дамуы тек интеграциялық идеяны ғана емес сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларға қарасты өзекті мәселелерді және «ортақ топта» (mainstreaming) оқытуға бағытталған арнайы білім беруге сәйкес интеграциялық үрдістің дамуына септігін тигізді. Қазіргі уақытта АҚШ және Еуропа елдерінде ықпалдастық термині көбіне-көп кірістіру терминімен ауыстырылса, дамуында ауытқушылығы бар оқушылар термині білім алуға айрықша қажеттіліктері бар оқушылар терминімен алмастырылады [4].

XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап шетел мемлекеттерінде (АҚШ) мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған нормативті актілер пакеттері әзірленіп, мүмкіндігі шектеулі балалар тарапынан білім алуға қол жеткізу жолында *білім алуға мүмкіндіктерін кеңейту (widening)* мен *мэйнстриминг (mainstreaming)*, *интеграция (integration)*, яғни *инклюзия (inclusion)* сияқты бірқатар түрлері мен амал – тәсілдері пайда болды:

- білім алуға деген мүмкіндікті кеңейту (widening participation)
 - мэйнстриминг (mainstreaming) – мүмкіндігі шектеулі оқушылардың құрдастарымен түрлі мейрамдар, сауық бағдарламалары т.б. кезінде араласуы.
 - ықпалдастық (integration) – психикалық және физикалық кемтарлығы бар балалардың қажеттіліктерін оларға бейімделмеген, жалпы өзгермейтін білім беру жүйесіне сай келтіру.
- инклюзия, яғни кірістіру (inclusion) – еш шектеусіз барлық балалардың талаптары мен қажеттіліктеріне жауап беретіндей етіп мектептер мен оқу бөлмелерін қайта құру [5].

Инклюзивті оқыту жайлы ережелер 2006 жылдың 13 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясымен мақұлданған «Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясына енгізілген.

Бірқатар ғалымдардың зерттеулері (Коркунов В.В., Малофеев Н.Н., Назарова Н.М. және т.б.) мүмкіндігі шектеулі балалардың әлемнің әртүрлі елдерінде білім берудің жалпы жүйесіне ендіру үдерісінің, нақты әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен басшылықтың саяси еркін есепке алып, бірте-бірте жүзеге асатынын көрсетеді. Әрбір елде интеграцияның өзіндік модельдері жүзеге асырылады, ол білім берудің әмбебап интегративті модельдерін құрудың мүмкін еместігін білдіреді. Алайда, кез келген елде интеграциялық білім беруді табысты жүзеге асырудың алғышарттары болады. Оларға жататындар [6]:

- тұлғаның құқықтарын кепіл сақтаумен демократиялық қоғамдық құрылым;
- білім беру үдерісінің қаржылық қамтамасыз етілуі;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың өмір сүру әрекетінің ерекше жағдайлары мен арнайы білім беру қызметінің кең тізімінің жалпы білім беретін мектеп, балабақша құрылымында болуы;
- интеграциялық үдерістердің жүргізілуінің еркін сипаты, білім беретін және коррекциялық қызметті таңдау мүмкіндігі;
- қоғамның мүмкіндігі шектеулі адамдармен өзара әрекет етуге дайындығы.


Шетел мемлекеттерінде мүмкіндігі шектеулі оқушыларды қамтамасыз етудің өзіндік тәжірибесі болады. Әдетте, әрбір елде педагогикалық қамтамасыз етудің және мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдаудың өзіндік моделі болады. Олардың көпшілігінде мектептен тыс ресурстық орталықтар немесе қолдаудың жергілікті қызметі құрылған, олар «арнайы мұғалімді» жалпы білім беретін ұйымға немесе нақты педагогқа көмек беру үшін бағыттайды.

Қазіргі заманғы зерттеушілер, инклюзивті білім беру тәжірибесін қамтамасыз ету саласында, аса жетілдірілген заңнамасы бар елдердің арасында келесі елдерді атауға болады: Канада, Кипр, Дания, Исландия, Мальта, Нидерланды, Норвегия, ОАР, Испания, Швеция, Уганда, АҚШ, Ұлыбритания. Италияда заңнама енгізілген оқытуды 1970 жылдан бастап қолдайды. Мұнда ең түбегейлі және жедел өзгерістер әлемнің ең кедей елдерінде байқалады: Уганда, Лесото, Вьетнам, Лаос, Иордания, Палестина, Марокко, Египет, Йемен. Бұл динамика көп жағдайда жоғарыда аталған елдерде ЮНЕСКО бағдарламасының тиімді жүзеге асырылуымен түсіндіріледі [6].

Бірқатар елдерде баланың жалпы мектепте білім алуын қамтитын инклюзивті оқыту үрдісі басым болады (Ұлыбритания, Италия, Канада, АҚШ, Норвегия, Австралия), ал кейбір елдерде баланың білімді арнайы мектепте немесе орта мектептің коррекциялық арнайы сыныбында

алатын, бірақ сабақтан тыс уақытын дені сау балалармен өткізетін интеграция басым болады (Франция, Германия, Голландия, Финляндия, Бельгия). Әртүрлі елдер интеграцияға басқалардан айрықшаланатын, үлкен қиындықтары бар, оның пайдасы, нәтижелілігі және нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуінің құрастырылуы туралы пікірталасдан кейін өз жодарымен келді. Білім берудегі интеграция құбылысы әлеуметтік-педагогикалық феномен ретінде, АҚШ және Батыс Еуропада 1970-жылдардың аясында қалыптасты. Алайда, әлеуметтік, нәсілдік, діни және басқа белгілері бойынша айрықшаланатын адамдарды бірлесіп оқыту үрдісінің пайда болуының алғышарттары, өзінің түп-тамырын соғыстан кейінгі жылдары қалыптасқан әлеуметтік жағдайдан алады. Күйреу, адамдар ресурсын аяусыз қырып-жою, қоғам мен оның мүшелерінің азаматтардан өзіндік сипаттамасымен айрықшаланатын адамға деген қатынасты қайта мағыналуға ықпал етті. Адамзат өмірі мен тұлғаның маңыздылығын саналы ұғынып, қоғам мүмкіндігі шектеулі балаларға деген қамқорлықты көрсете бастады.

Ұлыбританияның инклюзивті білім беру саласындағы ғалым, зерттеуші Т.Бут өзінің зерттеу жұмысында 15 мемлекеттерді қарастыра отырып, олардың жалпы мектептер мен арнайы мектептер мен сыныптарда қамтылуының статистика бойынша қарастырып, оның диаграммасын көрсеткен.



Сурет 2 Т.Бут бойынша 15 мемлекеттерде мүмкіндігі шектеулі балалардың арнайы және жалпы мектептер мен сыныптарға кірістірілуі

Суреттен көріп отырғанымыздай, инклюзивті білім бойынша жалпы мектептерде мүмкіндігі шектеулі балалардың қамтылуы бойынша Канада, Италия, АҚШ, Испания, Ұлыбритания мемлекеттері алдыңғы қатарда екен. Оған ЮНЕСКО тарапынан шығарылған (ЮНЕСКО - ның білім, ғылым және мәдениет сұрақтары бойынша, 2009 ж) және осы инклюзивті білім бойынша өзге мемлекеттерге үлгі бола алатын «Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования» атты еңбек дәлел.

Ресей. Педагогикалық интеграция сау және мүмкіндігі шектеулі балалардың бірге оқытылуы мен тәрбиеленуі ретінде балалардың екі тобының да, білім беру қызығушылықтарын тең дәрежеде көрсетеді. Педагогикалық феномен ретінде интеграция бірнеше жүзжылдықтарды өткерді [7].

Педагогика тарихында түрлі білім беру мүмкіндіктері бар балалардың бірге оқытылуы мен тәрбиеленуінің ұйымдастырылуының мысалдары аз емес. Алайда көптеген жағдайларда бұл тәжірибе кездейсоқ, стихиялық сипатқа ие бола отырып, «Псевдоинтеграция» атауына ие болған. Интеграциялық педагогиканың даму тарихы арнайы педагогика тарихының құрылымымен байланысты. Себебі, білім алудағы қажеттіліктері әртүрлі балалардың интеграциялық білім алуы мен тәрбиеленуінің көздерін осыдан іздейді.

Мүмкіндігі шектелген балалардың жүйелі оқытудағы алғашқы қадамдарының бірі Киев мемлекетінің құрылуына алғашқы кезеңдерінде байқалады. Ол ең алдымен Киев Русінің XX ғасырда христиан дінін қабылдауымен байланысты. 996 жылы шіркеуді кедей және мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқор жасауға міндеттейтін православтық шіркеуде Жарлық қабылданды. Осы топтағы балаларды оқыту мақсатында мекемелер ашылған. Аталмыш мекемелерге қабылданатын кедей және өзге де балалар арасында әртүрлі бұзылыстары бар балалардың болуы стихиялы педагогикалық интеграцияның алғашқы мысалдары жайында куәлік етеді. Ағарту дәуірі еуропалық жаһанданудың даму жолында білім беру тарихының жаңа кезеңін ашты. Осы кезеңде сенсорлық бұзылыстары бар балаларды емдеу мен оқыту мүмкіндіктері пайда болған. Балаларды жекелей оқытудағы жетістіктер арта түсті. XVIII ғасыр интеграциялық және түзетушілік педагогика тарихына өз үлесін қосқан бірқатар жарқын тұлғалардың есімімен байланысты болды. XVIII ғасырдың екінші жартысында жетім және мүгедек балаларды тәрбиелеумен айналысқан және сол арқылы өзінің алғашқы педагогикалық тәжірибелерінде оқыту мен тәрбиелеудің интеграциялық ықпалын зерттеген педагог – гуманисттің бірі И.Г.Песталоцци (1746 – 1827ж.) болып табылады.

Осылайша, аталмыш кезеңде мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру мәселелері ғылыми жоба ретінде қалыптасты. Ал оның тәжірибе жүзінде кеңінен іске асуы 19 ғасырдың 2 кезеңінен бастау алады және қосымша сабақтардың өткізілуінен, көмекші сыныптар мен мектептердің құрылуынан көрінеді. Ресейде отандық психолог және педагог Л.С.Выготскийдің іскерлігі назар аудартады. Педагогикадағы интеграциялық ықпалдың дамуында Л.С. Выготскийдің үлесі оның мүмкіндіктері шектелген балаларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесін қатаң сынға алуымен байланысты, ол «қалыпты балалық шақ педагогикасы мен арнайы педагогиканы органикалық тұрғыда байланыстыратын» жүйенің құрылуы жайлы тезисті ұсынды. Г.Я. Трошин мен В.П. Кащенконың ойларын жалғастыра отырып, Л.С. Выготский баланың кемістігінің биологиялық жағы, сонымен қатар әлеуметтік салдары едәуір қиыншылықтар тудыратындығын қолдаған. Оқшауланған оқыту мен тәрбиелеу жүйесі қарым-қатынас пен білім, білік және дағдылардың игерілуін тоқтататын «әлеуметтік бұзылыстарды» өршітеді.

Өзге қатарластарымен салыстырғанда Л.С. Выготский интеграция мәселесі - бұл тек мектеп қана емес, сонымен қатар отбасының мәселесі болып табылады деп ары қарай жалғастырған. Ол көбінесе мүмкіндігі шектеулі баланың отбасындағы тәрбиесінің, оның одан әрі оқшаулануына әсер ететіндігін меңзейді: «отбасындағы соқыр және мылқау бала мұндағы ерекше бала. Бұл дәл осы жерде едәуір көп бөлінген назар мен мейірімділік бала үшін оны басқа балалардан бөлектейтін шекара болып табылады» [2]. Бұдан байқайтынымыз, интеграция отбасы тәрбиесінің алғашқы кезеңдерінде басталуы қажет. Л.С.Выготский бойынша кемістіктің әсері тура емес, жанама, яғни «екіншілік» әсер болып табылады. Ғалым бала өзінің кемістігін тікелей сезінбейтіндігін атап көрсеткен. «Ол кемістіктен туындайтын қиындықтарды сезінеді. Кемшіліктің тікелей салдары – баланың әлеуметтік позициясының төмендеуі». Мұнда баланы әлеуметтік ортаға жалпылаушы емес, енгізетін балалар ұжымы маңызды рөлге ие. Л.С.Выготский баланың өзіндік шектелген мүмкіндіктері оны кемтар етпейтіндігін айтқан. Оның кемшілігі мен қалып деңгейі қоғамдағы қатынас пен әлеуметтік компенсацияға тәуелді.

Білім беру үрдісі әрқашанда күрделі тарихи үрдістердің органикалық бөлігі ретінде болған. Орыс ғалымы Н.Н.Малофеевтің пайымдауынша салыстырмалы-педагогикалық зерттей қарастыру тұрғысынан мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға мемлекет пен қоғамның қатынасын бес кезең бойынша қарастыруға болады екен [7]. Олар Кесте -2 көрсетілген.Ресейде алғашқы инклюзивті білім беру мекемелері 1980 – 1990 жылдар шебінде пайда болды. 1991 жылы Мәскеулік емдік педагогикасы мен ата-аналардың қоғамдық қауымдасытығының «Кочвег» атты инклюзивті білім беру мектебі пайда болды. 1992 жылдың күзінен бастап Ресейде «Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың ықпалдастығы» жобасының іске асуы басталды. Нәтижесінде 11 аймақта мүгедек балаларды біріктіре оқыту эксперименталды алаңдары құрылды.

2001 жылдың 31 қаңтарында денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың бірлескен білім алу Концепциясы қабылданды. Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істеуге педагогтарды дайындау мақсатында РФ Білім министрлігінің алқасы 1996 жылдың 1 қыркүйегінен бастап педагогикалық ЖОО-дың оқу жоспарларына «Арнайы (түзету) педагогикасы» мен «Денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар психологиясының ерекшеліктері» курстарын енгізу жайлы шешім қабылдады. 2008 – 2009 жылдары инклюзивті білім беру үлгісі

эксперимент ретінде Федерацияның бірқатар субъектілерінде әр түрлі типті білім беру мекемелеріне енгізіледі. Мәскеуде инклюзивті оқыту бағдарламасы бойынша 47 мектеп жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Ресейде денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар үшін білім беру қызметтер нарығы тым шектеулі, арнайы (түзету) білім беру мекемелері оқытудың дәстүрлі формалары болып қалып келеді. Заңнамалық негізде және әлеуметтік қолдау жүйесінде анық кемшіліктер бар. Ресейде әлі күнге дейін балалар дамуындағы ауытқушылықтарды ерте кезеңде анықтау бірыңғай жүйесі және ерте түзету-педагогикалық қолдау толық құрылмаған, ал шын мәнінде сапалы мектепке дейінгі түзету педагогикалық қолдаудан өткен балалардың жартысы білім алуға шығыны көп арнайы (түзету) мектептері мен сыныптарында емес, жалпы білім беретін мектептерде оқи алады.

Мүмкіндігі шектеулі оқыту мен тәрбиелеудегі қиындықтардың елеулі бөлігі түзету педагогтары (педагог-дефектолог), психологтар, тәрбиелеушілер мен әлеуметтік педагогтар сияқты білікті кадрлардың қатты жетіспеуімен, олардың дайындық деңгейінің жетіспеушілігімен байланысты, көптеген мектеп директорлары мен мұғалімдері мүгедектік мәселесі жайлы көп біле бермейді және мүмкіндігі шектеулі балаларды қарапайым сыныптардағы оқу үрдісіне қосуға дайын емес. Мүгедек балалардың драма, би үйірмелері, спорт секциялары және т.б. қатысу мүмкіндіктері жоқтың қасы, бұл олардың қоғамға одан ары қарай бірігуін қиындатады [7].

Одан басқа инклюзивті білімге мектептердегі қажетті материалдық-техникалық қамтамасыздандырудың кемшіліктері кедергі, сондай-ақ мүгедек балаларға білім беру, денсаулық сақтау мекемелері, тұрғын үйлер мен көлікке, спорт және мәдениет мекемелеріне жетудіңөзі қиыншылық тудырады, бұл оларды қоғамнан мүлде ажыратады десе де болады.

Бүгінгі таңда РФ аумағында инклюзивті білім беру РФ Конституциясы, «Білім туралы», «РФ мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» федерациялық заңдары, сондай-ақ Еуропалық адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қорғау туралы конвенцияның №1 баяндамасы мен бала құқықтары туралы Конвенциямен реттеледі.

2010 жылдың 28 сәуірінде Мәскеу қаласында «Мәскеу қаласындағы мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім алуы туралы» Заңы қабылданды, ол денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу, қоғамға бейімделу және бірігу қажеттіліктерін мейлінше толыққанағаттандыруына бағытталған.

2012 жылы Ресейде «Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны бекіту туралы» Федералдық заңына қол қойылды. Заңнамалық тұрғыда бекітіліп, жіті қолға алынып келе жатқан инклюзивті білім берудің бүгінгі таңда педагогикалық, психологиялық тұстары зерттелініп, алға қойылуда.

Инклюзивті білім беру жүйесінің өзіндік тарихы мен даму кезеңі бар аталмыш Ресей мемлекетінде білім беру саясатындағы заңнамалық негіздер ерекше танылып, қазіргі таңда тіпті мш қажеттіліктері мен сұраныстарына орай кей тұстарына қосымшалар мен толықтырулар енгізілуде .

Инклюзивті білім беру мәселесіне қатысты заманауи зерттеу жұмыстарының нәтижелері аталмыш тақырып төңірегінде әлі зерттеуді қажет ететін тұстардың бар екендігі көрсетті.

Әр мемлекет ішіндегі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген қарым-қатынастың тарихи кезеңдерінен бастау алған инклюзивті білім беру жүйесін салыстырмалы-педагогикалық зерттеу негіздері заңнамалық негіздердің халықаралық және төл, яғни әр мемлекетке сай өзіндік болып бөлінетіндігін көрсетті. Білім беру саясаты негізінде оның ажырамас бөлігі болып табылатын заңнамалық негіздер шеңберінде білім беру саясатының жүзеге асырылуы оның білім беру сапасын анықтайтындай..

Қандай жүйе болмасын баланы біліммен қамтамасыз ету, бала мен қоғам арасындағы тығыз байланысты орнату, алдыңғы қатардағы бастапқы жоспарға негізделеді. Сонымен, өз бастамасын шетелден алған инклюзивті білім беру мәселесі күрделі талқылауды қажет етеді, бірақ бастысы - ол шын мәнісінде өзекті мәселе, өйткені оны шешу барысында көптеген адамдардың қызығушылықтары назарға алынуы тиіс.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж.*
- 2. Л. С Выготский , Дефектология негіздері / Л.С. Выготский. - жинақ., т.1. М., 1982. – 654 б.*
- 3. Инклюзивное образование – шаг к инклюзивному обществу //Современное дошкольное образование.- 2012.- №1.- С.10-15.*

4. Susan J. Peters. *Inclusive education: achieving education for all by including those with disabilities and special education needs.*
siteresources.worldbank.org/DISABILITY/Resources/Education/Inclusive_Education_En.pdf
5. Jenkins, J.R., Jewell, M., Leicester, N., Jenkins, L. and Troutner, N.M. (1991) *Development of a school building model for educating students with handicaps and at-risk students in general education classrooms*, *Journal of Learning Disabilities* 24, 311–20
6. Малофеев Н.Н. *История становления развития национальных систем специального образования (социокультурный аспект) // Специальная педагогика / Под ред. Н.М. Назаровой. - М., 2000*

РАЗДЕЛ 2 МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ

ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОВР

УДК: 376.2

МРНТИ: 14.29.27

Аутаева А.Н.¹, Махадилова М.С.²

¹ доцент, психология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі, akbota-n@mail.ru

² Абай атындағы Қаз ҰПУ-дің БМ010500 «Дефектология» мамандығының 2-курс магистранты, makpal_12_91@mail.ru
Алматы қ., Қазақстан

НАШАР ЕСТИТІН 14-15 ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Аңдатпа

Мақалада 14-15 жастағы нашар еститін оқушылардың өзін-өзі бағалау ерекшеліктері сипатталған. Отандық және шет ел әдебиет көдеріне психологиялық-педагогикалық талдау жасалған.

Түйін сөздер: өзін-өзі бағалау, когнитивті компонент, педагогикалық ықпал, нашар еститін балалар, мінез құлық.

Abstract

FEATURES OF SELF-APPRAISAL OF 14-15 YEARS-OLD HEARING IMPAIRED CHILDREN

Autayeva A.N.¹, Makhadilova M.S.²

¹ candidate of psychological Sciences, Professor, head of Department special education, akbota-n@mail.ru

² 2nd course master specialty of Defectology, KazNPU named after Abai

Almaty, Kazakhstan

The article describes the features of the self-hard of hearing of 14-15 years old- children. Spend a psychopedagogical analysis of domestic and foreign literature.

Keywords: self-appraisal, cognitive component, pedagogical influences, impaired children, behaviors.

Аннотация

ОСОБЕННОСТИ САМООЦЕНКИ СЛАСБОСЛЫШАЩИХ ДЕТЕЙ 14-15 ЛЕТ

Аутаева А.Н.¹, Махадилова М.С.²

¹ психол.н., доцент, зав.кафедрой специального образования КазНПУ имени Абая. Алматы. Казахстан

² магистрант 2 курса по специальности БМ010500- Дефектология, Каз НПУ имени Абая, makpal_12_91@mail.ru

В статье рассмотрены особенности самооценки слабослышащих детей 14-15 лет. Проведен психолого-педагогический анализ отечественных и зарубежных литературных источников по проблеме.

Ключевые слова: самооценка, когнитивный компонент, педагогическое воздействия, слабослышащие дети, поведения.

Соңғы жылдары жасалған білім беру тұжырымдамасында мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру мәселелері бірінші орынға қойылып отыр, өйткені мектеп жасындағы кезең бала дамуының жауапты кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл кезеңде педагогикалық ықпалдың әсерінен оқушының негізгі жаңа психикалық ерекшеліктері дамып, жетіле түскен кезі болып саналады. Есту қабілеті зақымдалған оқушылардың іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасуын анықтайтын басты факторлардың бірі- олардың өзін-өзі бағалау болып саналады. Жасөспірімдердің қалыпты өзіндік бағалауын қалыптастыру жолдары еліміздегі элеуметтік саяси өзгерістерге байланысты білім беру мекемелерінде өскелең ұрпақ бойында рухани, адамгершілік элеуметтік және тағы да басқа құндылықтарды қалыптастыру мақсатында жұмыстарын ұйымдастырудың қажеттілігі туындап отыр.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі: олардың Отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамгершілік қадір қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру қажетті екені Ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» жолдауында жан-жақты негізделіп көрсетілген [1]

Кенес психологиясында өзін-өзі бағалау мәселесі теориялық деңгейде зерттелген (Б.А.Ананьев, Л.И.Божович, И.И.Чеснекова) және т.б). [1]. Соңғы жылдардағы эксперименттік зерттеулер барысында өзін-өзі бағалауды өз беттілік, жеке тұлғалық феномен, адамның мінез-құлқын реттеуші деп қарастырады. (А.И.Липкина, М.И.Лисина).

Сонымен қатар Қазақстанда жүргізілген зерттеулердің ішінде профессор Ж.Ы. Намазбаеваның жетекшілігімен Р.Ш. Сабырова, С.Ж. Өмірбекова және Л.С. Пилипчуктың жұмыстарында жасөспірімдер мен жеткіншектердің өзіндік бағалау ерекшеліктері мен жасөспірім шақтағы өзіндік сана-сезімдер жайлы, олардың тұлғаның даму сатыларындағы әсері көрсетіліп, зерттелінді.

Қазіргі уақытта ғылымда жалпы тұлғаның ерекшеліктері жан-жақты зерттелінген. Бірақ дамуында ауытқуы бар балалардың, соның ішінде есту қабілеті зақымдалған балалардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған жұмыстар аз.

Шетел психологтарының зерттеулерінде өзін-өзі ұғынудың пайда болуы баланың анасынан субъективті ажырау процесі ретінде қарастырылады (E.Jacobson). Бала өзін 3 жасқа қарай қоршаған ортаны және басқа адамдарды танығанда өзін тұрақты адам ретінде ажырата бастайды. Дәл сол кезде оның өзі туралы белгілі бір елестетулері пайда болып, өзін-өзі бағалауы пайда болады (А.Валлон). [2]

Л. Пожар есту қабілеті зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалау мәселелерін зерттей отырып, қызықты жайттарды анықтады. Есту қабілетнің зақымдалу сипаты балалардың моральдіэтикалық түсініктерінің, әлеуметтік-эмоциональдық тұрғыда есеюу түсініктерінің қалыптасу ерекшеліктеріне ықпал ететіндігі анықталды.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың есту ауытқушылықтары баланы жиі жағдайда оқшаулайтындығына орай есту қабілеті зақымдалған балалардың отбасы мен мектептің, қоғамның жағдайының эмоциональды және тәрбиелік жағдайына тәуелділігі байқалады. Зерттеушінің пайымдауынша, есту қабілеті зақымдалған балаланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуының бастапқы кезеңінде отбасының ықпалы зор болатындығын айтқан. Ата-анасының махаббат сезімінің бөлінбеуі тұлға дамуының түрлі деформациясына әкелуі мүмкін екен: өзін толыққанды сезінуінің жетіспеушіліктері, ашушандық т.ғалымдардың пайымдауынша, екі жастан соң балалар түрлі әрекет түрлерін меңгере бастауына байланысты баланың өзін-өзі жеке бағалауы қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала өзінің жетістіктерін өзәрекетінің шынайы нәтижелеріне қарамастан жоғары бағалауы да кездесіп жатады. Бірақ аталмыш кезеңде баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасу үрдісі бастау алып жатқандықтан, ересектер тарапынан болатын жиі бағытталған жағымсыз бағалаулар мен ескертулертәрбелік мән бермей, тек баланың келесі ретте өзге әрекет түрлерінен бас тартуына әкелуі мүмкін.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалауының жағымды түрінің қалыптасуына балалардың өз жолдастарымен бірге ойнауы, әрекетке түсуі де маңызды болып саналады. Бала өзінің әрекет түрлерін өзімен жасты балалардікімен салыстыра отырып бағалай бастайды. Балалардың жеке өзін-өзі бағалауы негізінен ересектердің бағалауы мен баланың өз тәжірибесі негізінде қалыптасады.

Ғалымдар балалардың өзін-өзі бағалауының қарқынды қалыптасу кезеңі көбінесе жасөспірім шақта болатындығын айтқан. Сондықтан да жасөспірім балалар өздерінің сәтсіздіктерін өздерінен басқа себептерге итермелеп жатады. Бұл жағдайлар балалар тарапынан ашушандық, қырсықтық сияқты қатынастарды туындатып, тәрбелеу мәселесін де қиындыққа бағыттап жатады. Бұндай әрекеттердің ұзақ уақыт бойы қайталануы бала бойында бектіліп, мінезінің бір болмынна айналып кетуі де мүмкін. 14-15 жастағы балалар негізінен өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін –өзі жетілдіруге қажетті болып саналады (қалыпты балалар).

Өзін-өзі бағалауды балалардың қоғамға бейімделуі мен әлеуметтенуінің басты негізі ретінде есту қабілеті зақымдалған оқушылардың өзін-өзі бағалауын зерттеу барысы келесі жайттарды анықтауға мүмкіндік берді. [3]

Өзін-өзі бағалау адам баласының өзін таным үрдісінің ерекше объектісі ретінде тани отырып, өзіне қатысты бейімделуінің тұрақты дамуы үшін ішкі жағдайларды құрайтын өзі туралы жалпы және дифференциальды білімдердің жинақталуы, сонымен қатар өзіне деген эмоциональдық қатынасты құрайды. Онтогенезде аталмыш психологиялық феноменнің дамуы жалпы өзін-өзі бағалауда, оның эмоциональды және когнитивті компоненттерінің дамуында және шынайылық шынайылық деңгейінің дамуында белгілі ерекшеліктерді анықтайды. Есту қабілетінің депривациясы кезінде балалардағы өзін-өзі бағалаудың ерекше көріністері бір-біріне сипаты бойынша вариативті статистикалық нақты факторлардың тәуелділігін анықтайды.

Аномальды фактор балалардың өзін-өзі бағалауының жалпы деңгейі мен оның жеке когнитивті және эмоциональдық деңгейіне, оның шынайылық даму деңгейіне жағымсыз ықпалын тигізеді екен. Бірақ бұл фактордың айқын жағымсыз ролі жеткіншек жас кезеңінде байқалады, ал жасөспірім кезеңінде оның ықпалы аздап әлсірей бастайды.

Есту қабілеті зақымдалған оқушылардың өзін-өзі бағалауын зерттеуге бағытталған біз жасаған бағдарламаға сәйкес анықтаушы эксперименттің сериясының негізгі мақсаты - есту қабілеті зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалау компоненттерінің жасерекшелік даму ерекшеліктерін анықтау болды. Аталмыш серия барысында әдістемелік негіз ретінде когнитивті және эмоциональді компоненттерден тұратын өзін-өзі бағалаудың екі компонентті құрылымы туралы теориялық жағдайы болды. Аталған екі компоненттер де ажырамас бірлікте жүре отырып, өзінің ерекшелігіне ие болып, дамудың түрлі деңгейімен сипатталады екен («Д.Б. Ольшанский, А.В. Захаров, И.С. Кон т.б).

Өзін-өзі бағалаудың когнитивті компонентінің даму деңгейін анықтау үшін – **өзін-өзі сипаттау әдісі қолданылды**. Есту қабілеті зақымдалған оқушылардың өзін-өзі бағалауының когнитивті компонентінің даму деңгейін зерттеу үрдісінде респонденттер тарапынан көрсетілген тұлғалық көріністердің орташа саны есептелінді (қасиеті, сипаты, әдеті)[4]

Зерттеу нәтижесінде анықталғандай, жасерекшелік факторлары, бір жағынан есту қабілеті зақымдалған балалардың жалпы өзін-өзі бағалау деңгейінің динамикасын кіші мектеп жасынан жеткіншек жас кезеңі арқылы, жасөспірім шаққа дейін балаларда өзін-өзі шынайы бағалаудың дәрежесіне жағымды ықпалын көрсетіп, ол балаларды әлеуметтік өмір әрекетінің субъектісі ретінде сипаттайтын қасиеттерді оларды бағалау барысында қосу арқылы кеңейту негізінде сипатталады. Сонымен қатар тағы бір заңдылық назар аудартады. Егер баланың өзін-өзі бағалауының когнитивті компоненті жасы ұлғайған сайын көтерілсе, ол оның эмоциональды компонентіне де ықпалын тигізеді екен. Кіші сынып жасында ол жағымды бейімдеушілікке ие болса, ал жеткіншек жас кезеңінде – кері, ал жасөспірім кезеңінде – индифферентті бейімдеушілікке ие болады екен.

Зерттеушілер жеке өзін-өзі бағалаудың когнитивті компоненттерінің қалыптасуының үш деңгейін бөліп көрсеткен:

1. **Ең жоғарғы дәреже**. Өзін-өзі бағалаудың ақиқаттылығымен және тұлға өз ерекшеліктерін білуімен; бағаланып отырған қасиеттер жүзеге асырылатын жағдайды жалпылау қасиеттерінің қалыптасуымен; өзін-өзі бағалап отырған пайымдалулардың тереңдігі мен мазмұнының жан жақтылығымен сипатталады.

2. **Орташа дәреже**. Өзін-өзі бағалаудың шынайылығы тізбексіз түрде пайда болуы қасиеті бар: көбіне жас өспірімдердің өзін-өзі бағалауы жанындағы тұлғалардың ойларына негізделген, нақты жағдайлар мен факттердің анализіне, өзін-өзі бағалау тұғырлары өте тар.

3. **Төменгі деңгей**. Өзін-өзі бағалаудың қателігімен ерекшеленеді: шынайы факттардың анализін негізге алмай, эмоционалды жағдайға байланысты бағалау, өзін-өзі бағалаудың пайымдаулары терең емес.

Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, С.Л.Рубинштейн, П.Р.Чамата т.б. ғалымдар өзін-өзі бағалауды тұлғаның өзіндік сана-сезімінің бір компоненті, тұлға дамуының өнімі ретінде қарастырады. Өзін-өзі бағалаудың тұлғаның идеялық бағыттылығымен, дүниетаныммен байланысы Л.И.Божович, В.С.Мерлин, А.Л.Шнирман т.б. ғалымдардың зерттеулерінде көрсетіледі.[5]

Жасөспірімдік жас соңында кезде өзін және жеке тұрақсыздықты іздестіру соңында жасөспірімде «Мен-концепция» - «Мен» көрінісі, өзі туралы іштей келісілген ұғымдарының жүйесі қалыптасады. Кулагина И. Ю. Коллюцкий В.Н. «Мен-концепцияны» құрайтын екі үлкен пластты ерекше көрсетеді: шынайы «Мен» және мінсіз «Мен». Шынайы «Мен» - бұл жасөспірімнің өз санасында қалыптасқан «Мен» көрінісі: өзінің сырт келбетінің тартымдығы, өзінің ой-өрісі, түрлі саладағы мүмкіншілігі, мінез-құлық күші туралы, сөзге шеберлігі, мейірімділігі мен басқа да қасиеттері туралы ұғымдар. Шынайы «Мен» өзіне келесі компоненттер кіреді:

-**Когнитивтік (танымдық) компонент** – өзін және өзінің түрлі қасиеттерін тану кіреді.

-**Бағалау компоненті** – негізінен отбасы мен құрдастардың ықпалынан пайда болған құндылықтар жүйесіне тәуелді.

-**Мінез-құлық компоненті** – мінез-құлықтың нақты бір стилі.

Өзін-өзі бағалау-бұл тұлғаның өз-өзіне, өз мүмкіншіліктеріне, қабілеттеріне, тұлғалық қасиеттеріне және басқа адамдар арасындағы орнына, сондай-ақ сырт келбетіне баға беруі.

5 сынып оқушысы достарының арасында сыйлы, көмегін аямайтын, мектепте, спортта үлгерімі жақсы сияқты қасиеттердің өзіне тән екендігін жеткізіп бере алады. Бұл өзіндік ерекше белгілер бір жүйеге негізделіп, ұйымдастырылған.

«Мен» тұжырымдамасы бүтін мәнді жеке адамның қалыптасуында өте маңызды рөл атқарады. Адамның өзі туралы жеке көрінісі тіпті балалық шақтың өзінде-ақ келісімді түрде болуы тиіс, әтпеген күнде, жеке адам рөлдердің араласуынан зардап шегеді. «Мен» тұжырымдамасы шындықтағы және арман-мұраттағы «Мен» бейнесін қамтиды: шындығында адам өзі қандай және қандай болуы керек туралы көріністер.[6]

Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік сана-сезімінің дамуы баланың өзіне талап қоя білуі, өзіне сын көзбен қарай бастауының біртіндеп өсуі арқылы байқалады. Мысалы, бірінші сынып оқушылары өздерінің оқу әрекетін оң бағалайды, ал сәтсіздіктерін объектілік жағдайлармен байланысты деп есептейді. Ал, екінші-үшінші сынып оқушылары оқудағы табыстарын ғана емес, сәтсіздіктерін бағалауда да әлдеқайда сыни көзқараспен қарайды. Бастауыш сынып жасында өзін-өзі нақты жағдайлық бағалаудан (өз әрекетін, қимылын бағалау) әлдеқайда жинақталған бағалауға көшеді және бағалаудың дербестігі де өседі. Егер бірінші сынып оқушысының өзін-өзі бағалауы толығымен үлкендердің бағалауымен әрекетіне тәуелді болса, 3-4 сынып оқушылары оқытушының бағалау әрекеті мен ыни тұрғыдан бағалауын мұқият қарай отырып, жетістіктерін өз бетінше бағалай алады. Өзін-өзі бағалау орнықты, дербес бола отырып, бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетіне дәлелдің қызметін атқара бастайды.

Жыныстық фактордың ролі келесі жағдайда болады екен. Есту қабілеті зақымдалған балалардың жалпы өзін-өзі бағалауы мен оның шынайылық дәрежесінің тәуелділігі біздің зерттеуіміздің статистикалық талдау барысында соншалықты байқала қоймады. Бірақ, өзін-өзі бағалаудың когнитивті және эмоциональды компоненттерінің дамуына жыныстық фактордың ықпалы бар деп айта аламыз, бұған есту қабілеті зақымдалған қыз балалардағы жағымды психологиялық статустың мысалдары дәлел.

Арнайы және интеграцияланған оқыту жағдайлары оқушылардың өзін-өзі бағалауының шынайылығы мен оның эмоциональды компонентінің жағымды бейімделуіне жағымды ықпал етсе, ал жалпы білім беру жағдайы керісінше аталған аспектілер бойынша кері нәтиже беретіндігі анықталды.[6]

Өзін-өзі бағалаудың когнитивті және эмоциональды компоненттері оқушылар ұжымындағы статустық жағдаймен нақты статистикалық өзара байланысты орнатса, эмоциональды компонент олардың алаңдаушылық деңгейімен өзара байланыспен сипатталады екен. ал, оларды білгеу есту қабілеті зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалауды жетілдіру жолындағы ықпал етудің оңтайлы жолы деп білеміз. Сонымен психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдай келе мынандай тұжырымға келуге негіз болады, өзін-өзі бағалау 14-15 жастағы оқушылардың оқу танымдық ролі тұрғысынан екі аспектіде қарастырылады

- Өзін-өзі бағалау оқыту үрдісінде белсенді қалыптасатын тұлғалық білім алу ретінде алға шығады және орта буын оқушыларының оқу танымдық әрекетіне маңызды ықпал жасайды;
- Өзін-өзі бағалау оқу әрекеті тұтастай құрылымының ерекше бөлігі, оның қызметі орта буын сынып оқушыларының осы әрекет субъектісі ретінде оқу міндеттерін шешуде оның қаншалықты алға жылжығанын анықтай білу болып табылады.

Демек, баланың өзін-өзі бағалауы яғни оның мінез-құлқының анықталуына бастама болатын өзінің жетістігі мен біліктілігін бағалауға қабілеттілігі мен баланың өмірінде және жеке тұлға болып қалыптасуында жасының өсуіне орай өзін-өзі бағалау мінез-құлқы мен қимыл әрекетінің дәлелі секілді үлкен рөл атқара бастайды. Ол соғұрлым орнықты бола береді. Дамудың белгілі кезеңінде оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуында және оқуға ынтасын арттыруда өзін-өзі бағалау негізгі құралы болып табылатыны анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Намазбаева Ж.И. Развитие уровня притязаний и самооценки в процессе обучения во вспомогательной школе в условиях самостоятельной трудовой деятельности: дис... к. психол. н.-М., 1971
2. Ананьев Б.Г. К постановке проблемы развития детского самосознания// Избр. психол. труды. М., 1980.-Т.2-С.103-127
3. Божович Л.И. Психологические закономерности формирования личности в онтогенезе// Вопросы психологии. 1976. №6 с.46-50
4. Бернс Р. Развитие Я- концепции и воспитание- М. Прогресс 1986
5. Лубовский В.И., Л.С. Выготский и специальная психология// Вопросы психологии.- 1966- №6

УДК: 371.39
МРНТИ :14.85.01

I.A. Denisova¹

*¹candidate of pedagogical sciences, senior teacher of department of special education. Kazakh National pedagogical university named after Abai.
Almaty. Republic of Kazakhstan*

USE OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF SPECIAL TEACHERS

Abstract

Questions of the organization of rates using the remote technologies (RT) in RK are today rather urgent as the Actions plan on implementation of the State program of development of education of RK for 2011 - 2020 by point 16 included "Methodological ensuring remote advanced training of teachers" [1].

This problem opens a special context in special education as a considerable part of the contingent of special schools are disabled people, students at home. Distance technologies in a system of improvement of skill will allow special teachers to use ICT in their correctional work with children with special educational needs. This will favor a successful integration of such children into general education process and socium.

KeywordsDistance education; Quality of education; Assistive technologies -Case technology; - e-learning on-line technology

Аңдатпа

Денисова И.А.¹

ПЕДАГОГ-ДЕФЕКТОЛОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушы

Алматы қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасында педагогтардың біліктіліктерін жетілдіру курстарын ұйымдастыруға байланысты мәселелер қазіргі кезде көкейкісті жағдайда, себебі ҚР 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасының «Мұғалімдердің біліктіліктерін жетілдірудің әдіснамалық қамтамасыз етілуі» атты 16 бабында оны жүзеге асырудың жоспарларында қарастырылған [1]. Бұл мәселе арнайы білім беру жүйесіне, соның ішінде арнайы мектеп контингенттік құрайтын мүгедек балаларды, үйде оқытылатын балаларды құрайтын маңызды бөлігі болып табылады. Қашықтықтан оқыту технологиясын біліктілікті жетілдіру жүйесінде қолдану, педагог-дефектологтарды даярлауда АКТ ЖСТД (жалпы сөйлеу тілі дамымаған) балаларды түзету жұмыстарында, сонымен қатар оларды жалпы білім беру үрдісіне және әлеуметке тиімді қосудың негізгі құралы болып табылады.

Түйінді сөздер ашықтықтан білім беру, білім беру сапасы, қосымша технологиялар, кейс технологиясы

Аннотация

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПОВЫШЕНИИ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГОВ-ДЕФЕКТОЛОГОВ

Денисова И.А.¹

¹к п н ,ст.преподаватель кафедры специального образования КазНПУ имени Абая.

irenadenisova@mail.ru

Алматы, Казахстан

Вопросы организации обучения на курсах повышения квалификации педагогов с помощью дистанционных технологий (ДТ) в Республике Казахстан сегодня актуальны, так как План действий по внедрению Государственной программы развития образования в РК на 2011 - 2020 пунктом 16 включает «Методологическое обеспечение повышения квалификации учителей» [1]. Эта проблема открывает особый контекст в специальном образовании, поскольку значительная часть контингента специальных школ – это дети-инвалиды, обучающиеся на дому. Применение дистанционных технологий в системе повышения

квалификации позволит сформировать готовность педагогов-дефектологов применять ИКТ в коррекционной работе с детьми с ОВР, что, в свою очередь, будет способствовать успешной интеграции таких детей в общеобразовательный процесс и социум.

Ключевые слова Дистанционное образование, качество образования, вспомогательные(ассистивные)технологии, кейсовая технология

The analysis of contents of the regulatory base on special education of RK, the Russian Federation and other countries allows to draw a conclusion that when training school students with development violations application information (developing, compensatory) means and remote technologies acts as one of the main methods of pedagogical rehabilitation and integration of such children into general education space [2]. In RK today organizational and technological bases of distance education of persons with limited opportunities just begin to be developed. Unfortunately, now most of teachers have an essential psychological barrier before using of ICT. The best, in our opinion, means of forming of readiness of teachers for use of ICT in educational and correctional process is their direct involvement in course actions which would acquaint with content of supportive technical means and would be held with use of an IT and distance technologies (DT). It is obvious that, studying in the remote mode, students of advanced training will already purchase initial ideas of technologies.

It is known that the most widespread variant of DE is the so-called "case technology": mailing and the subsequent reception of a packet of training materials and jobs (control questions) to removed listeners by e-mail, the Essential lack of such form is impossibility to check WHO actually performs tasks. Besides, listeners are deprived of an opportunity to see the teacher (even if in record), directly with him to communicate, ask questions about the content of a lecture. Other form TO is a training in real time by means of the appropriate software. [3]

So far for technical reasons this technology in a complete form in the territory of RK can't be applied. The third organizational form can be considered integration of the two first opportunities. Generally we will imagine content such integrative ("case & on-line") technologies so: on the computer which is in the venue of a rate (it is admissible, the correctional organization of education, regional institute of advanced training, etc.), the material of lectures which is finished shooting on the video camera and mounted as appropriate which listeners can watch in time, convenient for them, is delivered. Then in the on-line mode are carried out: an introductory meeting and a fact-finding conversation with listeners, a practical part of a rate, a final lecture (answers to questions, distribution – discussion of control tasks). [4]

The National Scientific and Practical Center of Correctional Pedagogics (NSPCCP), according to plan became the one of participants of process of development of organizational and technological bases of distance training in system of advanced training of teachers-speech pathologists to the Department of Information and Methodical Providing (DIMP) it was entrusted to develop and conduct in the experiment mode professional development course of teachers of special (correctional) school for children with heavy violations of the speech on a subject: "Modern correctional technologies in training and development of children with heavy violations of the speech" - with the DT elements. Having analysed the technical capabilities and having assessed a situation, the staff of department came to a conclusion that the internal and remote form will be the most pertinent form of carrying out under our conditions. From three DO known formats specialists chose integrative - uniting online&case technology. Work began with determination of technological links of course process. The following directions of preparation were determined:

- curriculum and programs;
- base of training materials;
- technical supply;
- techniques and technologies of carrying out studies, including testing of trainees (procedures of intermediate and final control, use of results of questioning of trainees is possible)
- staffing;

- organizational support.

In 6 directions preparatory work went in parallel. The curriculum and programs were traditionally developed by teachers-lecturers together with the methodologist. The contingent of students was defined as a result of monitoring. 22 teachers of speech school of Almaty needed professional development. Besides, this school is well technically equipped: more than 100 units of the modern supportive applications: compact and stationary logopedic trainers, multimedia interactive explicatings of system, the special software for correction of breathing and a voice, the dark sensor room, etc. However the special developing and compensatory equipment was practically not used by teachers on occupations owing to various reasons, of which insufficient information competence of teachers was main. Thus, content of course occupations was determined: acquaintance to the technical means and technologies used in correctional and speech world practice and mastering working methods on those technical devices which are at the disposal of teachers of this school. The curriculum of rates assumed 24 hours of a lecture rate and 12 hours of a practical training.

Creation of base of materials has in parallel begun. Lectures registered in video, content of the test computer program which at that time already was available and was used in our Center was replenished with questions on ICT. "Pauer-poynt of the presentation" were sounded. And, the main thing, 8 movies - occupations of experts of NNPTs with the children visiting our Center have been prepared and finished shooting. Technical supply made the equipment which was available at the disposal of Department and the equipment of a school multimedia class. In NSPCCP from where it was supposed to carry online occupations, available was: a digital video camera in which the most part of material registered; the software ("Teem viewer") which allowed to exercise control of the remote computer which is in correctional school from Centre, the computer with a normal operating system and Internet connection; the software "Skype" At correctional school: an interactive board with a multimedia projector, the computer with Internet connection, the software "Skype" and "Teem viewer"

Techniques and technologies of carrying out studies, including testing of trainees, were determined in the course of development of the educational and thematic plan of rates. Holding lectures with the maximum visualization of material, application of interactive methods in the course of lecturing and workshops was supposed: "Brainstorming", "Role play", "Legal proceeding", "Thesaurus", "Senkvens". [5] Staffing of course actions was performed by lecturers - research associates of NNPTsKP, methodologists - the employees of NSPCCP psychologists and teachers having experience of use of the equipment about which it was told in lectures. The organization and the correct functioning of the internal and remote form chosen by us requires performance of the following steps. Some days before the beginning of courses the written-down in advance lecture material has been brought to school where there had to take place occupations, and placed on the main working computer. Besides, an inspection of readiness of all equipment at school and qualities of Internet communication (Skype and Teem Viewer programs) between NSPCCP and school has been carried out.

In the first day of work of courses in the Online mode - opening and acquaintance of students teachers of school - with lecturers and teachers-consultants has taken place. Then has begun actually training: from the Center (according educational thematically to the plan) the presentations, an interview "were started" by means of remote access of a video of lectures. By the time of the end of lectures of the first day in multimedia class OIMO lecturers have gathered to hear questions of listeners on the content of lectures and to answer them in the mode of real-life communication. The second or third days have been devoted to viewing and discussion of videos with records of occupations of teachers with children/ Video records were placed on the school computer in advance and were started from the Center by specially trained employee - according to the curriculum. Viewing of each roller surely came to the end with discussion of occupation. By the time of discussion in OIMO the teachers giving classes gathered through Skype to hear responses from school teachers. Communication in on-line mode the first minutes was rather difficult for both parties. However eventually remarks of listeners became surer, remarks more and more precisely.

Till 20-30 questions it was set, connected with use of the developing and compensatory equipment. The fourth day - internal. Developing the organizational plan, we decided directly that the subject of rates requires determined – and rather powerful - shares of direct real-life communication of teachers listeners with those who use for a long time and well the ICT owns. So for all day – for participation in a practical training teachers were invited in the Center. All school day, applying interactive methods, the practicing teachers and psychologists of NSPCCP trained school teachers in working methods at the special equipment. The fifth, the last, day of work of rates was devoted to final control of knowledge and abilities, carrying out the Round table "Use of ICT in correctional and speech work" and to summing up.

Final control was carried out in the form of computer testing. Quality of knowledge of listeners of all sections of the curriculum averaged 73,5% that is a good indicator. Content of performances during the Round table, online discussion, results of control allowed to determine the prospects of use of an internal and remote format of professional development course of special teachers and to draw organizational conclusions:

1. The approved format of carrying out rates can be applied in system of advanced training and to be rather effective

2. The organizational plan of internal and remote course actions, including technical support and staffing, shall contain sections:

- Development of content (content) of rates and requirements to skills of listeners for a moment" entrance" and "exit.
- Development of criteria and parameters of a quality evaluation of the held actions.
- The organization and carrying out remote rates of retraining with use modern technical and the software.
- Monitoring of efficiency of the conducted courses (Figure: 1)

The organization and carrying out distant courses of retraining with use of the modern technical and the software




Figure: 1 Organizational plan of internal -and -remote course actions

3. In case of determination of efficiency of course actions using remote technologies it is necessary to consider: results of final testing, video reports of listeners: records of lessons using the gained knowledge, feedbacks, opinions and proposals of listeners and teachers provided in specially formulated questionnaires and at a forum to the Internet

4. Monitoring of post-session activity of teachers shows that their position concerning use of ICT in correctional training has undergone a number of consecutive changes that can be called by the word "evolution". These changes are presented on below following model (Figure: 2). Elements of the professional development program and their impact on behaviorchange are represented below




Figure: 2 Model depicting a continuum of approaches to ICT application for Teacher training and development

This problem opens a special context in special education as a considerable part of the contingent of special schools are disabled people, students at home. [5]

References:

1. *The actions plan on implementation of the State program of development of education of RK for 2011 – 2020* [Электрон.ресурс]. // <http://www.edu.gov.kz/ru> (датаобращения: 12.02.2017)
- 2) *Rules of the organization of training in remote educational technologies in the Republic of Kazakhstan.* – Алматы.- 2009
- 3) *B.Bent Andersen, Katya van den Brinck. Multimedia in education: specialization training course.* – М: Drofa.- 2007.- 254p
- 4) *O. N. Chernenko. Information technologies in educational process: standard providing, recommendations from a work experience.* // O. N. Chernenko . – М :Akademia.-2007.- 316 p
- 5) *Денисова И.А. О состоянии обучения на дому детей-инвалидов с ограниченными возможностями в Республике Казахстан//Вестн. КазНПУ. Сер.Специальная педагогика– 2015. – №2. - С. 28-35.*

УДК: 376.4

МРНТИ: 14.29.25

А.Н. Аутаева¹У.А Мирзахмедова²

²*доцент, пс.з.к., Абай атындағы ҚАЗҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі,*
akbota-n@mail.ru

²*Абай атындағы ҚАЗҰПУ-нің 6М010500 – Дефектология мамандығының 2-курс магистранты,*
uljan-192@mail.ru

9-10 ЖАСТАҒЫ КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАЗАЛЫҚ КООРДИНАЦИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІС

Аңдатпа

Мақалада көру қабілеті зақымдалған балалардың координациялық қабілеттерінің ерекшеліктеріне ғылыми әдеби көздерді зерттеу негізінде талдау жасалынып, оларды жетілдірудің алғышарттары айтылған.Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау барысы көру қабілеті зақымдалған балалардың координациялық қабілеттерін зерттеу мәселесі өзекті болып табылатындығын көрсетті. Әдебиеттерде көру қабілеті зақымдалған балалар «дені сау балалардан» биологиялық жетілу темпі бойынша артта қалып, оларда физикалық даму деңгейлерінің төмен болатындығын көрсетті (бойы, салмағы, кеуде қуысының көлемі мен өзге де антропометрикалық көрсеткіштер). Бұл көру бұзылысының баланың қалыпты даму жағдайын тежеуімен тікелей байланысты.

Көру жүйесінің бұзылысы мен ауытқушылығы баланың қозғалыс қасиеттерінің қалыптасуына (күші, жылдамдығы, төзімділігі т.б) сонымен қатар координациялық қабілеттерді дамытуға (тепе-теңдікті сақтау қабілеті мен кеңістікке бейімделу қабілеті, іс-әрекетін реттеу қабілеті) ықпал етеді.

Түйін сөздер: координациялық қабілеттер, есту қабілеті зақымдалған балалар, екіншілік ауытқушылықтар т.б

Аннотация

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА, НАПРАВЛЕННОГО НА РАЗВИТИЕ БАЗОВЫХ КООРДИНАЦИОННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ 9-10 ЛЕТ С НАРУШЕНИЯМИ ЗРЕНИЯ

А.Н Аутаева¹ А Мирзахмедова²

¹доцент, к.пс.н., КазНПУ имени Абая, заведующий кафедры специального образования, akbota-n@mail.ru

²магистрант 2-го курса специальности 6М010500 – Дефектология, uljan-192@mail.ru
КазНПУ имени Абая,

В статье рассматриваются особенности координационных способностей детей с нарушениями зрения. Научные исследования, проведенные на основе анализа литературных источников, рассматривают координационные способности как предпосылки для прогресса в развитии. Научный анализ литературы показывает, что прогресс детей с нарушениями зрения является проблемой координационных способностей. Публикации, в которых говорится о детях с нарушениями зрения в сравнении со "здоровыми детьми", показывают, что по биологическим параметрам (рост, вес, объем груди и другие антропометрические показатели) у детей с нарушениями зрения гораздо ниже. Расстройства зрения – фактор торможения нормального физического развития ребенка. Для детей с нарушением зрения характерны также расстройства системы альтернативных свойств (сила, скорость, выносливость и т.д.), а также координационных навыков, таких как способность адаптироваться к пространству и способности поддерживать равновесие, способность регулировать поведение.

Ключевые слова: дети с нарушениями, координационные способности, вторичные аномалии.

Abstract

IMPROVEMENT OF FORMATION OF BASIC COORDINATION ABILITIES OF 9-10 YEARS OLD PUPILS WITH SIGHT VIOLATIONS.

A. Autaeva¹ U. Mirzakhmedova²,

¹candidate of psychological Sciences, Professor, head of Department special education, akbota-n@mail.ru
²undergraduate. Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty

The article deals the features of children with visual impairment concerning with their coordination abilities as prerequisites for improvement, conducted on the basis of the analysis of literary sources. A scientific analysis of the literature show that the progress of children with visual impairments is a problem of coordination abilities. Publications, where children with visual impairments are compared with the "healthy children", say that biological maturation is steps for their physical development. There were have shown that level of physical development of this category of children is low (height, weight, breast size and other anthropometric indicators). Visual disturbance is directly related with the condition of abnormal development of this children.

System disorders are inaccurate and the development of alternative properties (strength, speed, endurance, etc.), as well as coordination skills such as the ability to adapt to space and the ability to maintain balance, the ability is the basis of behavior regulation.

Keywords: impaired children, coordinating capabilities, secondary anomalies.

Көру қабілеті баланың онтогенездегі дамуында үлкен рөл атқарады. Сырттан келген ақпараттың 90%-ы көру арқылы қабылданатыны белгілі. Туа пайда болған ақаулықтың және көз ауруларының салдарынан көру анализаторының іс-әрекетінің зақымдалуы қозғалыс белсенділігінің төмендеуіне әкеледі, ол өз кезегінде, баланың әртүрлі қозғалыстарды орындау кезінде қиындықтар тудырады. Көру қабілеті зақымдалған балаларда статикалық және динамикалық теңестікті орындауда, кеңістікті бағдарлауда, қозғалысын бағдарлауда ауытқулар байқалады, қозғалыстың нақтылығы бұзылады, жеке қозғалыстарды орындау жылдамдығы баяулайды (Каплан А.И., Морозов Н.Г., Сермеев Б.В., және т.б.) [1,2].

Көру анализаторының зақымдалуы, қозғалыстың аз болуы екіншілік ауытқуларды: тұлғаның бұзылысы, жалпақ табан, омыртқаның қисаюы (лордоз, сколиоз) сияқты кеңістікке бейімделу үшін кедергі келтіретін жайттарды туындатады. Сондықтан, екіншілік ауытқушылықтың алдын алу

мақсатында дене шынықтыру сабағында арнайы бағытталған түзетушілік сабақтардың маңызы зор болып табылады.

Ғылыми – әдістемелік әдебиеттерді талдау барысы бүгінгі таңға дейін координациялық қабілеттер туралы нақты анықтаманың жоқтығын көрсетті. «Координация» түсінігі өзге де ғылыми түсініктер тәрізді мойындамаушылық жолы арқылы – яғни, дискоординацияны бақылау арқылы туындаған. Мойындамау жолымен туындаған өзге де түсініктер тәрізді ол нақты анықтамасының болмауымен сипатталған. Координация туралы көптеген анықтамалар оның жүйкелік, бұлшықеттік, қимыл-қозғалыстық сияқты үш негізгі түрін сипаттайды.

Бірқатар авторлар тобының пайымдауынша (Фарфель В.С [4]; Фомин Н.А [4], Вавилов Ю.Н, [5] және т.б) жүйке координациясы астарында қимыл-қозғалыс міндеттерін шешуге әкелетін жүйке үрдістерінің үйлесімділігін; бұлшықеттің босаңсыту мен келісімді қысым түсіру сияқты бұлшықет координацияларын түсінуге болады. Нәтижесінде қозғалыс мүмкіндігі туындап, қозғалыс координациясында дененің кеңістікте және уақытта ағзаның функциональді жағдайы мен нақты сол уақыттағы жағдайға, сәйкесінше қозғалыс міндетіне сай жеке мүшелері қозғалыстарының үйлесімділігі пайда болады.

Л.П. Матвеевтің ойынша [7], координациялық қабілет – ол ең алдымен қимыл-қозғалысын мақсатты түрде басқара алу, яғни жаңа қимыл-қозғалыс әрекеттерін құру мен жасауда оларды үйлестіріп, сәйкестендіру, бір бүтінге ұйымдастыру; екіншіден, қозғалыс координациясын ауыстыра алу қабілеті, қажеттілігіне орай олардың параметрлерін өзгерту (меңгерген қозғалысты), өзгеріп жатқан талаптарға орай өзге әрекетке ауыстыру болып табылады.

В.П. Назаров [8] қозғалыс координациясы - ол ағзаның қоршаған ортаға бейімделу нәтижесі ретіндегі қимыл-қозғалыстың уақытпен, кеңістікпен үйлесімділігі деп пайымдады.

Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі бойынша түсінікті сөздікте координациялық қозғалысқа келесі түсініктер берілген: координациялық қозғалыс – ол қимыл-қозғалыс әрекеттерін жинақы орындауға ықпал ететін ағзаның психофизиологиялық және морфологиялық ерекшеліктеріне негізделетін физикалық қабілеттер түрі.

Координациялық қозғалысты дамыту адам ағзасына энергиялық ресурстарды үнемді тұтынуға мүмкіндік береді, ол яғни қозғалыстың уақыт, кеңістік, бұлшықеттің босаңсуы мен қысымға түсу дәрежесі бойынша нақты өлшенуіне байланысты. Бүгінгі таңға дейін координациялық қабілеттіліктің дене шынықтыру теориясы мен тәжірибесінде жалпыға бірдей қабылданған бірегейлік топтастырылуы жоқ.

В.И. Лях өзінің жұмыстарында [9] координациялық қабілеттіліктің келесі түрлерін бөліп көрсеткен: арнайы, ерекше, жалпы. Арнайы координациялық қабілеттер өсу күрделілігі бойынша жүйеленген, психофизиологиялық механизмі бойынша бірегейлі, бүтін мақсатқа бағытталған қозғалыс әрекеттер тобы. Ерекше (спецификалық) координациялық қабілеттерге қимыл – қозғалыстың күштік, уақыттық қозғалыс параметрлерін бағалау, нақты орындау мен ажырату жатады. Оған сонымен қатар тепе-теңдік, ырғақтық, тез әрекет ету, кеңістікке бейімделу, қимыл әрекетін тез қайта ауыстыру, бұлшықеттерді ерікті түрде босаңсыту, вестибулярлы тұрақтылық жатады. Жалпы координациялық қабілеттілік түсінігінің негізінде қимыл-қозғалыстың туындауы мен мағынасына орай оңтайлы реттеу мен басқаруға негізделген адам тарапынан потенциалды түрде іске асырылған мүмкіндіктері жатады. Автор, координациялық қабілеттер шынайы қимыл әрекеттерін орындау барысында туындап, болатындығын ескерсек, онда координациялық қабілеттілік туралы айту барысында оны нақты қимыл әрекеттеріне қатыстырмау қате болатын еді.

Л.П. Матвеев [23] кейбір координациялық қабілеттерді, соның ішінде дәлірек айтсақ, түрлі қысым түрлеріне төтеп беруге қабілеттілік (бұлшықеттік, координациондық, тониальдық); тұрақтылықты ұстауға деген қабілеттілікті «кеңістік сезімі» ретінде көрсеткен.

Координациялық қабілеттілік топтастырылуының аспектілері Hirtz P [10] зерттеу жұмыстарында қарастырылған. Алдымен, автор координациялық қабілеттіліктерді психофизиологиялық функциялармен өзара байланысына орай 18 координациялық көріністерге бөліп көрсеткен. Кейін кең ауқымды экспериментальды мәліметтерге сүйене отырып, автор координациялық қабілеттілік құрылымын туындататын 6 факторларды бөліп көрсеткен.

Кейбір неміс ғалымдар тарапы (Hirtz P, Ludwwig G, Wellnitz J, Limmernan K.) оқушылардың дене шынықтыру үрдісіндегі келесі координациялық қабілеттерді бөліп көрсеткен [10]:

1) Реакцияларға қабілеттілік – есту, көру, тактильді тітіркендіргіштерден кейінгі реакцияларды туындатуға қабілеттілік.

2) Кинестетикалық қабілеттілік, қозғалыстың күштік және уақыттық, кеңістіктік параметрлерін өлшеу, тура шығару мен ажыратуға қабілеттілік.

3) Тепе теңдік ұстау қабілеттілігі – өте тұрақсыз тепе-теңдік қалпында немесе өте аз тіреу кеңістігінде қимыл-қозғалыс міндеттерін тез және мақсатты түрде шешуге арналған.

4) Кеңістікке бейімделу қабілеттілігі, белгілі қимыл-қозғалыс әрекетінде дене қалпын мақсатты түрде өзгерту мен анықтауға қабілеттілік.

5) Ырғаққа қабілеттілік – орындалатын қимыл-қозғалыс әрекет техникасын дұрыс ырғақта орындауға қабілеттілік.

Аталмыш көрсетілген координациялық қабілеттер қиын еңбек, тұрмыстық және спорттық әрекет жағдайында туындайтын түрлі қимыл-қозғалыстарын орындауды қамтамасыз етеді. Бірақ, әрбір координациялық қабілеттілік орындалатын әрекет ерекшелігіне орай өзгеріп отырады.

Құрылымдық топтастыруды ұстана отырып, және олардың морфотипологиялық ерекшеліктермен байланысын, биологиялық жас деңгейімен, дамудың сенситивті кезеңдерімен байланыстарын зерттей отырып, координациялық қабілет туралы білімді тереңдетуге болады. Нашар көретін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өсіп келе жатқан жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жүйесіндегі қағидалар негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, оларды тәрбиелеу мен оқыту өзіне тән бірқатар ерекше міндеттер мен қағидаларға ие болып, ол бағыттар жетілмеген функциялардың және зақымдалулардың орнын басу және түзету, қалпына келтіру, дифференциальды оқытуды ұйымдастыру мен аталмыш балаларды өмір мен еңбек дағдыларына дайындауға бағытталады.

Нашар көретін және көрмейтін (соқыр) балалар қалыпты балалар тәрізді өзінің физикалық және психикалық даму барысында өзгеріп отырады. Әрбір жасерекшелік кезеңдері физикалық дамудың жоғары деңгейімен сипатталып, оның ақыл-ой дамуымен де байланысты болады. Қалыпты жағдай тәрізді балалар дамуының келесі жасерекшелік кезеңдері ажыратылады: сәбилік, мектеп алды балалық шақ, жоғары мектеп жасы. Жас ерекшелік кезеңдерінің қалыпты жағдай мен ауытқушылық кезіндегі дамуын есепке алсақ, аталмыш балалардағы биологиялық даму темпіндегі кейбір артта қалушылықтарды да байқауға болады (Ермаков В.П)

Нашар көретін балалардың физикалық дамуында келесі артта қалушылықтарды байқауға болады: ұзындығы, дене салмағы, кеуде қуысының көлемі, т.с.с антропометриялық көрсеткіштер. Нашар еститін балалардағы айқын артта қалушылық әсіресе жоғары сынып кезеңдерінде байқала түседі: олардың дене ұзындықтары қалыпты балалармен салыстырғанда 5-5,5 см кіші болып, дене массасы 6-7 % кіші, ал кеуде қуысының көлемі 4 см кіші, (Касаткин Л.Ф) келеді.

Көру қабілеті зақымдалған көп балаларда омыртқасының қисықтығы, майтабандылық, дене қалпын түзу ұстамаушылық сияқты белгілер жиі байқалады.

Нашар көретін балаларда дене тұрысын түзу ұстауының бұзылысы ұл балаларда 59,2%, ал қыз балаларда 58 % құраса, ал жалпы білім беретін мектеп оқушыларындағы бұл көрсеткіштер 20 - 14% құрайды (Павлов А.П, [2,3]). Дене қалпын дұрыс ұстау мен артық салмақ сияқты бұзылыстардың басты себебі қимыл-қозғалыстың жетіспеушілігімен сипатталатыны анық.

Белсенділіктің жетіспеушілігі қантамыр жүрек және тыныс алу жүйелерінің функциональды мүмкіндіктеріне де ықпал етіп, соның нәтижесінде артық жүктеме әрекеттеріне шыдай алмау, ептілік дамуының баяулығы да байқалады.

Көру қабілетінің зақымдалуы барысында екінші кемістіктің пайда болатыны мәлім. Олардың танымдық әрекеттері мен үрдістері әлсіз (қабылдау, елес, көрнекі –образдық ойлау) болып, физикалық және қозғалыс функцияларының дамуында өзгерістер пайда болып (жылдамдығы, нақтылығы, қозғалыс координациясының темпі т.б), әлеуметтік тәжірибелерді меңгерулері шектеледі.

Көру жүйесінің бұзылысы мен зақымдалулары қозғалыс қасиеттерін қалыптастыруда кері әсерін тигізіп, олар күші, жылдамдығы, шыдамдылығы, координациясы, статистикалық және динамикалық тепе-теңдігі сияқты қасиеттерінен байқалады (Роземблум, Ю.З, Дробатковская Н.Г). Көптеген балаларда кеңістікті бағдарлау әрекеттері мен кеңістікке макро және микро бейімделулері зардап шегеді (Кручинин В.А ; Сверлов В.С).

Касаткин Л.Ф көрмейтін (соқыр) балалардың физикалық дамуын келесі түрде сипаттап берген. Бұлшықет күші қалыпты балалармен салыстырғанда айтарлықтай әлсіз, баяу және сенімсіз болып келеді. Бұлшықеттерінің өзі әлсіз дамыған, кейде атрофироваланған болып келеді. Белгілі болғандай, көру қабілеті зақымдалған балалар дамуының барлық кезеңдерінде физикалық тұрғыда өз әріптестерінен артта қалып отырады екен.

Көру қабілетінің зақымдалуы кезінде балалардың қозғалыс белсенділіктері төмендеп, ол қозғалыс анализаторының қалыптасуына кері әсер етеді.

Жасы ұлғайған сайын нашар еститін балалардың физикалық даму көрсеткіштері жоғарылап, бірақ бұл үрдіс қалыпты балалармен салыстырғанда баяу болады. Нашар көретін балаларда қантамыр- жүрек және тынысалу жүйелерінің жұмыстарында да айқын ауытқушылықтар байқалып, балаларда физикалық дамудың жас ерекшелік динамикасы сақталғанымен, физикалық даму деңгейі нашар болады.

Қимыл-қозғалыс қасиеттерін қалыптастыруда көру қабілеті зақымдалған балаларда қозғалыс жылдамдығының төмендігі сияқты артта қалушылық байқалады. Бұл функцияның дамуы түрлі жас ерекшелік кезеңдерінде бірдей емес, және ол әсіресе жоғары сынып барысында байқала түседі. Мысалы, қалыпты жағдайда қозғалыс жылдамдығының қалыптасуының аяқталуы 15 жасқа таман аяқталса, ал нашар еститін балаларда ол тіпті 16 жастан соң да жалғаса береді.

Көру қабілеті зақымдалған балалардың қозғалыс әрекетіндегі айқын артта қалушылық ұзындыққа секіру, координация, қозғалыстың дәлдігі сияқты кездерде байқалса, бұл балалардың кеңістікке бейімдеушілік әрекетімен тығыз байланысты.

Көру қабілетін уақытша шектеу, мысалы допты көрмей отырып нысанаға салу бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижесінде зерттелінушілердің 80 % -ы нысанаға допты түсіре алмаған. Бұндай көрсеткіштер тіпті ашық көзбен қайта лақтыру кезінде де байқалған.

Нашар көретін балаларда статистикалық шыдамдылыққа қатысты дамуындағы артта қалушылықтар да байқалады. Қалыпты жағдайда бұл функция 14 жасқа таман аяқталса, нашар еститін балаларда статистикалық шыдамдылық 17 жасқа дейін жалғаса береді (Кручинин В.А.). Бұл балалардың қозғалыс қасиеттерінің дамуы шектелгендіктен, қозғалыс қасиеттерін дамыту мен физикалық дамуындағы ауытқушылықтарды түзету мен алдын алу бойынша арнайы бағытталған түзету –тәрбие жұмыстары жүргізіледі.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау барысы көру қабілеті зақымдалған балалардың координациялық қабілеттерін зерттеу мәселесі өзекті болып табылатындығын көрсетті. Әдебиеттерде көру қабілеті зақымдалған балалар «дені сау балалардан» биологиялық жетілу темпі бойынша артта қалып, оларда физикалық даму деңгейлерінің төмен болатындығын көрсетті (бойы, салмағы, кеуде қуысының көлемі мен өзге де антропометрикалық көрсеткіштер). Бұл көру бұзылысының баланың қалыпты даму жағдайын тежеуімен тікелей байланысты. Көру жүйесінің бұзылысы мен ауытқушылығы баланың қозғалыс қасиеттерінің қалыптасуына (күші, жылдамдығы, төзімділігі т.б) сонымен қатар координациялық қабілеттерді дамытуға (тепе-теңдікті сақтау қабілеті мен кеңістікке бейімделу қабілеті, іс-әрекетін реттеу қабілеті) ықпал етеді. Бүгінгі таңда көру паталогиясы бар балалардың қимыл әрекеттерінің дамуын зерттеу бойынша тек фрагментарлы зерттеу жұмыстар ғана бар. Ал, көру қабілеті зақымдалған балалардың координациялық қабілеттерінің даму заңдылықтарын зерттеу мен оларды бағалау критерийлері бойынша ақпараттар жоқтың қасы.

Әдебиеттерді талдау барысы көру қабілеті зақымдалған балалардың қозғалыс бұзылыстары ең алдымен қозғалыстың дискоординациясымен, соның ішінде қозғалыс реакциясының төмендеуімен, статистикалық және динамикалық тепе-теңдіктің бұзылысымен, жіңішке дифференциальды қозғалыстың қалыптаспағандығымен, өлшенген қозғалыстарды орындаудың сенімсіздігімен сипатталатындығын көрсетті. Осы орайда көру қабілеті зақымдалған балалардың координациялық қабілеттерін дамыту бойынша жұмыстар әлі де болса ғылыми зерттеулерді қажет ететіндігін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Каплан А.И. Охрана остаточного зрения в школе для слепых и слабовидящих детей. М., Просвещение, 1965. -195 с.

2 Каплан А.И. Морозова Н.Г. Если ребенок плохо видит. М., Педагогика. 1969 г.-77с.

3 Морозова В. Г. Пособие для педагогических работников школ слепых и слабовидящих по офтальмологии. Киев, 1987. – 209

- 4 Бобков Г.А. Влияние индивидуально дозированных физических нагрузок на развитие некоторых двигательных качеств у слепых школьников: Сб. науч. тр. / Под ред. Сермеева Б.В. Горький, 1980.- С 20-22.
- 5 Фомин Н.А., Вавилов Ю.Н. Физиологические основы двигательной активности. М.: Физкультура и спорт, 1991. - 224 с.
- 6 Фомин Н.А., Филин В.П. Возрастные основы физического воспитания. М.: Физкультура и спорт, 1972. - 256 с.
- 7 Матвеев Л.П., Новиков А.Д. Теория и методика физического воспитания: Учебник для ин-тов физ. культуры, - М.: Физкультура и спорт, 1976. Т.1. - 304 е., Т.2.-256 с.
- 8 Назаров В.П. Координация движений рук у детей школьного возраста. М.: Физкультура и спорт, 1969. - 32 с.
9. Лях В.И. Координационные способности школьников.- Мн.: Полымя, 1989. -159 с.
10. Hirtz P. Stand und Enturklung der koordinativen-motorischen Leistungspahigkeit vor Kinder und Jugendlichen //Theorie und Praxis der Korperkultur.-1979.-№ 2.-S. 103-106

УДК 376.4

МРНТИ: 14.29.37

Алшынбекова Г.К.¹, Арбабаева А.Т.², Сексенбаева А.Т.³, Садвокасова А.А.⁴

*¹б.ғ.к., доцент, ² п.ғ.м., аға оқытуш, ^{3,4} дефектология кафедрасының 3 курс студенттері
Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университет
Қазақстан*

АУТИЗМДІ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын туралы мағлұмат беріледі, қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша аутизмге шалдыққан балалардың саны күрт өсуде. Қазастанда да бұл мәселе кең таралып барады, аутистік тұлғалық қасиеттері бар балалар жылдан жылға, өкінішке орай, көбеюде. Аутизмнің пайда болу себептері, алдын алу шаралары мен емдеу жолдары әлі толық зерттелмеген. Дегенмен, аутизмнің көріну белгілері анықталған. Аутист балаларды оқу – тәрбие арқылы түзету және реабилитациялау, әлеуметтік ортаға бейімдеу жұмыстарын оңалту орталықтары балаларға көмек көрсету үшін жылдан - жылға тәжірибесін арттыруда.

Ерте балалық аутизм синдромына шалдыққан балаларды зерттеу, бұл әсіресе психикалық және коммуникативтік қызметін теориялық аспектілері болып саналады.

Кілт сөздер: аутизм, ерте балалық аутизм, стереотиптік ойы, ТЕАССН бағдарламасы, АВА терапиясы, коррекциялық жұмыс, психодрама ойыны.

Аннотация

ОСОБЕННОСТИ КОРРЕКЦИОННОЙ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ АУТИСТАМИ

Алшынбекова Г.К.¹, Арбабаева А.Т.², Сексенбаева А.Т.³, Садвокасова А.А.⁴

*¹ к.б.н., доцент, ² м.п.н. ^{3,4} студенты 3 курса arbabaeva78@mail.ru
Кафедра дефектологии КарГУ им. Е.А.Букетова
г.Қарағанда, Қазақстан*

В данной статье рассматриваются тяжелые формы расстройств аутистического спектра, - речь идет об отсутствии отношений с социальной средой. В настоящее время число детей, страдающих аутизмом, в мире резко возросло. Широко распространены эти расстройства и в Казахстане; количество аутичных детей из года в год, к сожалению, растет. Причины аутизма, его профилактика и лечение до сих пор изучены недостаточно. Начиная жизнь, дети страдающих аутизмом, в обществе сталкиваются со многими трудностями. Тем не менее, повсеместно в РК для детей с расстройствами аутистического спектра организуется образовательная коррекция и реабилитация; открываются реабилитационные центры, чтобы помочь детям адаптироваться к социальной среде, чтобы улучшить практику и совершенствовать опыт работы.

В статье рассмотрены теоретические аспекты изучения расстройств аутистического спектра, особенностей психики и коммуникативной функции детей с данным нарушением.

Ключевые слова: аутизм, стереотипная игра, программа ТЕАССН, АВА терапия, коррекционная работа, игра, психодрама.

Abstract

FEATURES OF CORRECTIONAL WORK WITH AUTISTIC CHILDREN

*Alshynbekova GK¹, Arbabaeva A.T², Seksenbaeva AT³, AA Sadvokasova⁴
¹k.b.n., Associate Professor, ² m.p.n., Senior Lecturer arbabaeva78@mail.ru
^{3,4} students of 3-d course*

*The EABuketov University. Department of defectology
Karaganda Kazakhstan*

This article discusses the severe form of autism disorders in the child's development, it is the lack of relations with the social environment. Currently, the number of children with autism in the world sharply risen. Widespread and Kazakhstan in this issue, autistic children each year is unfortunately growing. Autism Causes, prevention and treatment has not yet been fully explored. Since the life of children with autism in the society will face many difficulties However, for children with autism educational correction and rehabilitation, rehabilitation centers, to help the children adapt to the social environment in order to improve the practice of experience from year to year.

He theoretical aspects of the study RDA syndrome, especially mental and communicative function of children with this syndrome.

Keywords: autism, early childhood autism, the stereotypical game TEASSN program, ABA therapy, corrective work, the game psychodrama.

Аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (БЕА) синдромы дейді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін : [1, с. 15].

Аутизм баланы ауру немесе ауыратын деп санаудың орнына оның дамуы мен оқуына белгілі бір жағдай мен тәсіл қажет болатын «басқаша бала» деп санаған дұрыс. Бала аутизмі бар баламен коррекциялық жұмыстар жүргізгенде негізгі бағыттар төмендегідей болады:

- сезім мен қабылдауды, көру арқылы арқылы қозғалыс қимылдарын дамыту.
- өзіне қызмет етуді дамыту.
- қарым – қатынас жасауда сөйлеу тілін дамыту.

Аутизм балалармен коррекциялық жұмыс жүргізу үшін ең бірінші тренинг арқылы психикалық процестерін дамыту ойындары жүргізіледі. Коррекциялық жұмыс бір уақытта бірнеше бағытта жүргізіліп, кез-келген бір бағыттағы ойын жүзеге асуы мүмкін.

Әрбір ойын түрлерінің өзіндік маңыздылығы бар:

1. Стереотиптік ойын (баланың өз бетінше ойыны, ойынның қайта-қайта қайталануы, ойынның өзгеріссіздігі, ойынның ұзақтығы).
2. Сенсорлы ойын (көру, есту, ұстап көру, қозғалыс-қимыл жасау, иіскеу, дәм сезу).
3. Терапевтік ойын. Бұл ойын алдын-ала даярланады (эмоция мен сезімді ояту).
4. Психодрама ойыны (қорқыныш пен үрейді бәсеңдету).
5. Бірігіп сурет салу ойын (қоршаған ортамен таныстыру, шынайы әлемдегі өмірге бағыттау) [2, б.15].

Аутизмге шалдыққан балалардың тек қана когнитивтік деңгейі төмендеп қана қоймайды, әлеуметтік өзара әрекеттесудің дамуы бұзылады, басқа адамдермен қарым- қатынасқа түсуі қиындайды.

- Ғылыми зерттеуші Ватсон 1989 жылы маңызды коммуникациялық функцияларды бөліп көрсетті:

- өтініш. Бұл функция тек вербалды ғана емес, сонымен қоса вербалды емес тәсілдер болуы мүмкін;
- көңіл бөлуді талап ету;
- бас тарту. Кейде бұл функция балада жоғары, соның салдарынан қоршаған ортада қиындықтар туыдыру мүмкін;
- түсіндіру;
- ақпараттарды хабарлау;
- ақпаратқа сұраныс;
- өзінің эмоциясы жайында хабарлау.

Аутизмге шалдыққан адамдар жоғарыда айтылған функцияларды тез меңгереді. Алайда, алғашқы үш функция оларда қиындықтар тууы мүмкін, яғни бұл функцияны олар қалай пайдалану керектігін білмейді.

Ю.В. Саенко аутизмді шизофрениямен шекаралас патологиялық күй деп анықтайды. Аутизм көптеген психикалық бұзылыстарда кездеседі. Оның себептері түрлі болуы мүмкін, бірақ көп жағдайда тұқымқуалаушылықтан болады.

Л. Каннердің пікірінше, ерте балалық аутизм өз бетінше бұзылады деп келе, оның негізгі белгілерін атап көрсетеді:

- адамдармен толыққанды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндіктің болмауы;
- сыртқы әлемнен оқшаулану;
- көзбен байланыстың жеткіліксіздігі немесе жоқтығы;
- «Мен» дамуының кідірісі.

Баланың «Мен» бейнесінің қалыптасуы толықтай оның жақын әлеуметтік ортасы- ересектер және құрдастарының әлемі ұсынатын ақпаратқа байланысты болады.

Аутизмге шалдыққан бала қоғамдағы белсенді өмірін бастай отырып, көптеген қиыншылықтарға тап болады. Олар сол әлем жайындағы білімдердің жетіспеушілігімен ғана емес, өзі тектес адамдардың арасында тіршілік етуге үйрену, яғни өзін өзге адамдардың арасында үйлесімді сезіну, даму, жетілу қажеттіліктеріне де байланысты болады. Ол үшін адамдардың бір-бірімен қалай араласатындықтарын, олардың нені бағалап, нені жақтырмайтындықтарын түсіну маңызды.

Көптеген психологиялық зерттеулер баланың ересекпен қарым-қатынасын, атап айтқанда, ата-аналарымен және туысқандарымен қарым-қатынастарының баланың психикалық қабілеттері мен қасиеттері – ойлауының, сөйлеуінің өзін-өзі бағалауының, эмоциялық аумағының, қиялының қалыптасуында шешуші рөл алатынын дәлелдеуде. Ол балалардың адамзаттың қоғамдық- тарихи тәжірибеге икемделуін қамтамасыз етіп, ол арқылы білімдермен, материалдық, рухани, мәдени құндылықтар түрінде анықталған іс-әрекет тәсілдерімен, нәтижелерімен алмасады.

Баланың ересекпен алғашқы эмоциялы қарым- қатынасы сөйлеудің дамуының алғашқы бастауы болып табылады. Қарым- қатынастың сан мен сапасына баланың болашақтағы коммуникативті қабілеттерінің деңгейі, оның қызығушылықтары, өзін-өзі түсінуі, сана –сезімі тек ересектермен қарым- қатынастарының барысында ғана қалыптасуы мүмкін. Ол төмендегідей негізде жүзеге асырылады:

- қарым- қатынастың субъектісі ретінде оның күйлерімен үйлесетін ересектердің жағымды қасиеттері;
- ересектердің балалардың тәжірибесін байытуы;
- ересектердің баланың жаңа білімдерді, іскерліктерді, қабілеттерді, меңгеруін талап ететін міндеттерді қоюы;
- ересектердің көзқарастары мен бағаларды бекітуші әрекеттер,
- баланың қарым-қатынаста ересектер әрекеттері мен қылықтарының үлгілерін сіңіру мүмкіндігі;
- балалардың бір-бірімен қарым – қатынас барысында өздерінің шығармашылық бастауларын ашудың жағымды жағдайлары [3, б. 18].

Әлем бойынша аутизм мәселесін зерттеп жүрген ғалым, халықаралық Autism Speaks ұйымының президенті Энди Ши маусым айының соңында Алматыға келген сапарында «Азаттыққа» сұхбат беріп, аутизмнің «жас ауру» болса да, кең таралып бара жатқанын айтты. «Егер мемлекет аутизммен күресті жаппай жүргізсе, науқастардың санын азайтуға болады. Аутизмді дәрігерлер ерте жаста анықтаса, емдеуге де болады. Бұдан бөлек, аутизмге шалдыққан балалармен дұрыс жұмыс жасалса, олардың көбі қоғамға сіңіп, мектептерде білім алуына мүмкіндігі бар» дейді ғалым [3, б 14].

Алайда, қазіргі кезде біздің мемлекетімізде бұндай ауыр жан дертіне шалдыққан адамдарды елеп-ескеріп, осы жолда адамдық парызын өтеуді мұрат тұтқан жандар қатары аз емес. Оған дәлел ретінде 2015 жылы 2 сәуірде (бүкіл әлемде аутизм мәселесі туралы мәліметтерді тарату күні) Булат Утемурастовтың «Асыл мирас» Жеке Қайырымдылық Қоры «Аутизм- Барлығы үшін өмір жалғыз» деген ерекше балаларды қолдау бағдарламасын ұсынғандығын және бұл қордың әлі күнге шейін сауабы мол, қайырымды істері жалғасын тауып келе жатқандығын айтып өтуімізге болады..

Аутизммен ауыратын адамдарға көмек жүйесі ең алғаш 60 жылдардың ортасында АҚШ пен Батыс Европада қалыптаса бастаған. Европадағы алғашқы аутизммен ауыратын балаларға арналған (бүкіл әлемдегі алғашқы) «Sofienskole» мектебі психиатрияда да, арнайы педагогикада да

«балалар аутизмі» түсінігі әлі қалыптаспаған кезде 1920 жылы Данияда жұмыс істей бастады. ЕБА-мен ауыратын балаларға көмек жүйесінің тарихы 50 жылдардың аяғында қызметтері психиатрияның түрлі нұсқаларының принциптеріне негізделген аздаған жеке мекемелер пайда болуымен дамыған.

Оперантты оқыту (мінез терапиясы) АҚШ және кейбір басқа елдерде (Норвегия, Оңтүстік Корея, бірқатар араб елдері, белгілі бір деңгейде Германияда да) өте кең таралған. Әдіс түрлі аспектілері бойынша қажетті мінез-құлықты қалыптастыратын сыртқы шарттарды болжайды: әлеуметтік-тұрмыстық дамуда, сөйлеуде, оқу пәндерін және өндірістік дағдыларды меңгеруде. Ресми түрде әдістің тиімділігі жеткілікті жоғары: 50-60%-ға дейінгі шәкірттер қабілетті болады. Сонымен қоса бұқаралық мектептің бағдарламасын меңгере отырып, олар тіршілігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті табысты жұмыс істеуге мүмкіндік алады, ал кейбір жағдайларда тіпті колледждер мен ЖОО түседі.

Сонымен қоса оқыту барысында алынған дағдылар басқа шарттарға әрең ауыстырылады, қатты, азды-көпті деңгейде механикалық «роботталған» сипаты бар және қоғамдағы өмірге икемді бейімделудің қажетті деңгейіне жету жүзеге аспайды, ал жүзеге асқанның өзінде белгілі бір деңгейде қолданылған әдіске де байланысты болып келеді.

ТЕАССН-бағдарламасы 70 жылдары Э. Шоплер, Р.Райхлер және Г.Месибовтың басқаруымен Солтүстік Королина штатында дамыған, қазіргі кезде сол және басқада штаттарда мемлекеттік болып есептеледі, ол Европа, Азия, Африка мемлекеттерінде кеңінен тараған.

ТЕАССН бағдарламасы және оперантты оқыту арасында кейбір жекелеген методикалық ерекшеліктерінің ұқсастықтарында тұжырымдамалық тәртібі бойынша айырмашылықтары бар.

Аутизммен ауыратын балалардың психикалық ерекшеліктерін мұқият зерттеу көптеген шетелдік авторларды мынадай шешімге келтірді, аутизм кезінде ойлау, қабылдау және психика мүлдем басқаша, қалыпты жағдайға қарағанда: қабылдау айтарлықтай бір қалыпты сипатта болады, балалар сабақтастықта ұйымдастырылған процестерді үйренбейді немесе қиындықпен үйренеді, оларда ойлау ерекшеліктері мүлдем басқаша.

Бұл психикалық ерекшеліктер қоршаған ортаға бейімделуді қиындатады, ал ауыр жағдайларда қоршаған ортаға бейімделу мүмкіндігінен айырылады, ТЕАССН – бағдарламасының жақтастарының ойынша, күшті баланың қоршаған ортаға бейімделуіне емес, оның негізгі ерекшеліктеріне сай өмір сүру жағдайын жасауға бағыттау керек.

Күш ауызша қарым-қатынастың түрлерін дамытуға, қарапайым тұрмыстық дағдыларды қалыптастыруға жұмсалуда.

ТЕАССН- бағдарламасы іс-жүзінде шынайы өмірге бейімделуді ешқашан жеткілікті жоғары деңгейде қамтамасыз етпейді, бірақ ол тіпті аутизмнің ауыр жағдайларымен жұмыс жасауда да тұрақты өзгерістерге өте тез жетуге мүмкіндік береді. Өмір сүру мүмкіндігіне «тәуелсіз және өз бетінше» қол жеткізу мақсаты орындалады, бірақ тек арнайы, шектелген немесе жасанды жағдайлар жасалғанда. Өмір сүруін және жетілуін отбасылық жағдайда ұйымдастыру өте ыңғайлы болып саналады, өйткені отбасы – аутизммен ауыратын бала үшін «табиғи өмір сүру ортасы» болып табылады. Бұл тезис ата-анамен жұмысты өте маңызды етеді.

Ресейлік аутизмді түзету тәсілдерінің ішінде К.С.Лебедин және О.С.Николайдың ұсынған әдістері кең тараған, бұл аутизмді ең алдымен аффективтік бұзылу ретінде көрсеткен кешенді, медико-психо-педагогикалық түзету әдістері. Шетелдік әдістерге қарағанда айырмашылығы – педагогтар, психологтар мен психиатр-дәрігерлер арасындағы тұрақты өзара әрекеттестікке кешенді мән беріледі. Негізгі күш эмоциялық жағын түзетуге, баланы эмоционалды сергітуге бағытталған. ЕБА-ның жеңіл түрімен жұмыс жасағанда әдіс біршама тиімді болып табылады, ауыр аутизмдік ауытқулар кезінде оны пайдалану өте қиын болып келеді.

Сонымен қатар, аутист балалар суды өте жақсы көреді. Сондықтан оларды «жаңбыр балалары» деп атайды. Себебі мамандардың күнделікті жұмыс барысында байқаулары бойынша, бұл балалар суды көргенде қуанып эмоциялық үлкен әсер алады. Ата-аналардың айтуы бойынша да, үйлерінде суға түскенді ұнатады екен.

Дамыған елдерде арнайы терапия бар. Ол дельфиндермен емдеу. Дельфинотерапия арқылы аутист балалардың 70%-ы жазылып кетеді деген тұжырымдаманы ғалымдар дәлелдеп отыр. Өкінішке орай, Қазақстанда емнің бұл түрі жоқ. Жылқымен серуендеу емін қазақтан артық білетін жан жоқ десек, біздің елде Астана қаласындағы түзету мекемелерінде стационар балаларды жазғы кезде арнайы ипподромға апарып осы жылқы терапиясын арнайы мамандармен қолданып келеді екен.

Ресми дерек бойынша Қазақстанда 1099 бала аутизмге шалдыққан деген пайымдаулар бар. Бірақ бұл цифр одан да көп, себебі, жанұя мүшелерінің ғана қарауында отырған, мемлекет көмегіне жүгінуге әлеуметтік жағдайы мүмкіндік бермейтін отбасылар да баршылық. Елімізде аутизмге шалдыққан балалардың сандық көрсеткіші соңғы он шақты жылда жүзден астам есе өскен. Қазақстан Республикасының 11.07.2002 жылғы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 Заңын іске асыруда дамуында ауытқушылығы бар балалардың диагнозын анықтау, емдеу, оналту, оқу-тәрбие үрдісін жан-жақты қарастырудың қажеттігі маңызды. Дегенмен, отандық мамандар Қазақстанда мұндай пациенттер үшін арнайы білім беру және бейімдеу орындары жеткіліксіз деген пікірлерін білдіруде.

Қазақстанда аутизмге шалдыққан балаларды бөлек оқытатын, оларды әлеуметтік ортаға бейімдейтін мемлекеттік орталық жоқ. Сондықтан аутизмге шалдыққан балалардың ата-аналары «Ашық әлем» атты қоғамдық қор құрған. Олар бұл қордың аясында бір-бірімен ақыл-кеңес алмасады. Осы қордың мүшесі Әлия Арқарованың пайымдауынша, аутизмнің күрт өсуін бүкіл әлем ғалымдары зерттеп жатыр. Бұл жаппай кездесетін құбылысқа айналып барады. Бірі – ананың денсаулығы әсер етеді десе, бірі – экологияны кінәлайды. Қазір біздің алдымызда аутизммен ауыратын балаларды әлеуметтік өмірге бейімдеу, оларды оқыту мақсаты тұр. Қазақстанда заң бойынша, балалардың барлығы тең құқылы. Бірақ механизм жоқ. Мәселен, аутизмге шалдыққан балаларды оқыту үшін мемлекеттік тұрғыда көп құжаттар дайындалуы керек. Аутизм Қазақстанда әлі терең зерттелген жоқ. Терең зерттелген жағдайда науқас балаларды оқыту мәселесі де қарастырылар. [3, б.23].

Қорытындылай келе, жалпы әлемде аутизмнің таралуы кейінгі жылдары күрт өсуде. Аутизмнің пайда болу себептері, алдын алу шаралары мен емдеу жолдары әлі толық зерттелмеген. Дегенмен, аутизмнің көріну белгілері анықталған. Аутист балаларды оқу – тәрбие арқылы түзету және реабилитациялау, әлеуметтік ортаға бейімдеу жұмыстарын оналту орталықтары балаларға көмек көрсету үшін жылдан - жылға тәжірибесін арттыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Дефектология журналы –Аутизм синдромына шалдыққан балалармен түзету жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері, Даулетиярова М. №1 қаңтар 2011 жыл.*
2. <http://el.kz/m/articles/> - Аутизм туралы не білеміз?
3. *Дефектология журналы –Аутизмге шалдыққан балалардың коммуникативті дағдыларын түзете-дамыту, Глеумбетова А. №4 шілде-тамыз 2014 жыл.*
4. <http://group-global.org/kk/node/32273>

УДК 376.3; 376.3.018.42
МРНТИ:14.29.27

Ғылыми жетекші: А.Н. Аутаева,¹ Ә.Е. Қалымова

¹*доцент, п.с.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі, akbotan@mail.ru*

²*Абай атындағы ҚАЗҰПУ-нің 6М010500 – Дефектология мамандығының 2-курс магистранты, aigerimkalyimova@gmail.com*

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫСТЫ БАҒДАРЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Есту қабілетінің зақымдалуы баланың барлық тіршілік әрекеттеріне әсер етеді. Әсіресе, ол физикалық даму мен координациялық қабілеттердің дамуына айтарлықтай ықпалын тигізеді. Бұл мақалада есту қабілеті зақымдалған балалардың қимыл-қозғалысты бағдарлау қабілеттерінің даму ерекшеліктерінің теориялық аспектілері қарастырылған. Қимыл-қозғалысты бағдарлаудың алғышарттары, компоненттері мен ерекшеліктері анықталып, қимыл-қозғалыс қабілеттерінің бала өміріндегі ролі туралы сипатталып, арнайы ғылыми еңбектерге шолу жасалынды.

Түйін сөздер: есту қабілеті зақымдалған балалар, қимыл-қозғалыстарды бағдарлау, физикалық тәрбие беру

Аннотация

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ДВИГАТЕЛЬНО-КООРДИНАЦИОННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ СЛУХА

Научный руководитель: А.Н. Аутаева¹

А.Е. Калымова²

¹к.пс.н., доцент, зав.кафедрой специального образования, akbota-n@mail.ru

²магистрант 2-го курса КазНПУ имени Абая, agerimkalyмова@gmail.com

Нарушение слуха влияет на развитие всех сфер жизнедеятельности ребенка. Особенно это отражается на развитии физических и координационных качеств. В этой статье рассматриваются теоретические аспекты развития двигательных-координационных способностей у детей с нарушением слуха. Были определены предпосылки, компоненты и особенности двигательных-координационных способностей, описана их роль в жизни ребенка. А также сделан анализ научной литературы по заданной теме.

Ключевые слова: дети с нарушением слуха, двигательные-координационные способности, физическое воспитание

Abstract

FEATURES OF COORDINATION ABILITIES OF CHILDREN WITH HEARING IMPAIRMENT

A.N. Autaeva¹A.E. Kalyмова²

¹candidate of psychological Sciences, Professor, head of department of special education, akbota-n@mail.ru

²2-d course master specialty of Defectology, KazNPU named after Abai, agerimkalyмова@gmail.com

Impaired hearing affects the development of all spheres of life of the child. Especially, this is reflected in the development of physical and coordination skills. This article discusses theoretical aspects of development of coordination abilities of children with hearing impairment. Premises were identified, the components and characteristics of coordination abilities described its role in a child's life. And also made analysis of the scientific literature on a given topic.

Keywords: hearing impairment children, coordination abilities, physical education

Халықаралық естімейтін-сөйлемейтіндер федерциясының ақпараты бойынша әлемде есту қабілеті зақымдалған әр-түрлі деңгейдегі адамдардың саны 30 миллион шамасында. Есту қабілетінің төмендеуінің 80 % адам өмірінің алғашқы жылдарында пайда болады [1].

Балалық шақта есту қабілетінің жоғалуының нәтижесінде есту қабілеті зақымдалған балалардың дамуында қалыпты балаларға қарағанда бірқатар ерекшеліктер бар. Ол ерекшеліктердің қатарына сөйлеу тілінің дамымаушылығы, танымдық процесстерінің дамуы, тұлғаның қалыптасуы және қимыл-қозғалыс қабілеттерінің дамуы және т.б. жатады.

Осы кезекте, есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың қимыл-қозғалыс қабілеттерінің ерекшеліктері, қалыптасу жолдары әлі де өзекті тақырыптардың қатарында.

Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың қимыл-қозғалыс сферасы арнайы педагогика мен психология ғылымдарының жетекші зерттеушілердің назарын аудартты (Ж.И. Шиф, 1941; 1962; 1968; А.И. Дьячков, 1957; И.М. Соловьев, 1962-1971; Т.В. Розанова, 1962-1982; А.П. Гозова, 1968; 1979; Р.М. Боскис, 1975; Н.Д. Ярмаченко, 1976; Л.С. Выготский, 1983) [7]. Авторлар есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытудағы дифференцияланған оқыту мазмұнын анықтап, физикалық тәрбие беруге айтарлықтай үлес қосты.

Ұзақ уақыт бойы теория мен практикада арнайы білім беру мекемелерінде физикалық тәрбие берудің негізгі мақсаты болып балаларды негізгі қозғалыстарға (жүру, жүгіру, өрмелеу, өрмелеп асып түсу, секіру, лақтыру) үйрету болып табылатын. Бірақ бұл жағдай есту қабілеті нашар және естімейтін балалардың физикалық дайындығы, денсаулығы қанағаттандырылмаған болып шықты (Е.В. Пархалина, 1995) [8].

Қимыл-қозғалыс қасиеттерін тәрбиелеу бойынша жинақталған ғылыми-әдістемелік ақпараттың молдылығына қарамастан, арнайы білім беру саласында бұл проблема әлі де зерттелу барысында болды. Себебі, қимыл-қозғалысты дамыту жайлы мағлұматтар есту қабілеті зақымдалған балаларға физикалық тәрбие беру проблемасының барлық қырларын талдауға мүмкіндік бермеді.

Есту қабілеті зақымдалған балаларға физикалық тәрбие беру мен қимыл-қозғалыс сферасын түзетуде аса маңызды орынды физикалық жаттығулар алады. Физикалық жаттығулар бас ми қабығының тонусын қалыпқа келтіріп, вегетативті бұзылулардың алдын алып, қимыл-қозғалыс дағдыларының даму деңгейіндегі айырмашылықтарды төмендетіп, координациялық қабілеттерінің даму деңгейін жоғарлатады.

Физикалық тәрбие беру екі нақты спецификалық бағытты қарастырады: біріншіден қимыл-қозғалыс әрекеттеріне үйрету және екіншіден физикалық (қимыл-қозғалыстарды) қабілеттерді дамыту [1].

Есту қабілеті зақымдалған балаларға физикалық тәрбие берудің екі бағытында да маңызды түзетуші міндеттерінің бірі - есту қабілеті зақымдалған балаларда қимыл-қозғалысты бағдарлауды дамыту мен қалыптастыру болып табылады.

Көптеген уақыт бойы қимыл-қозғалысты бағдарлау мен ептілік түсініктері синоним сөздер ретінде қабылданды. Тек соңғы кезде отандық және шетел ғалымдары қимыл-қозғалысты бағдарлау түсінігін жекелеңдіріп қарастыра бастады. Мысалы, Н.А. Бернштейннің «О ловкости и развитии» еңбегінде осы екі терминнің арасындағы айырмашылықтар көрсетілді [10].

Автордың пікірінше (Н.А. Бернштейн, 1991), қимыл-қозғалысты бағдарлау әр түрлі қимыл-қозғалыс жағдайларында пайда болатын, қимыл-қозғалысты басқару мен реттеуге бағытталған адам организміндегі қасиеттер жиынтығы. Бағдарлау қабілеттері кез келген қимыл-қозғалыс барысында білінеді [9].

Қимыл-қозғалысты бағдарлау қабілеттері келесі компоненттерден тұрады:

- Кеңістікте бағдарлау қабілеті;
- Тепе-теңдікке қабілет (динамикалық және статистикалық тепе-теңдік);
- Жауап қайтару;
- Ритмге қабілеттілік;
- Қозғалыс параметрлерін дифференциациялау;
- Қимыл-қозғалысты қайта құру;
- Вестибулярлы тұрақтылық;
- Бұлшық етті ерікті босату.

Аталған компоненттер талданған зерттеулерге сай төмендегі топтарға бөлініп қарастырылады:

Бірінші топ. Қимыл-қозғалыстың кеңістіктік, уақыттық және динамикалық параметрлерін нақты өлшеп, реттейтін мүмкіндігі.

Екінші топ. Статистикалық (поза) және динамикалық тепе-теңдікті ұстау мүмкіндігі.

Үшінші топ. Қозғалыс әрекеттерін артық бұлшық еттің тырысуынсыз (қозғалыстың бөгелуі) орындау мүмкіндігі.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың қимыл-қозғалысты бағдарлау қабілеттерінің пайда болуы мен қалыптасуы бірқатар факторларға тәуелді болып, ұзақ әрі күрделі процессті құрайды.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың қимыл-қозғалыстарын бағдарлауды зерттеген зерттеушілер оның қалыпты балаларға қарағанда келесідей ерекшеліктерін анықтаған: жүру мәнерінің жеке бұзылыстарын, ірі және ұсақ моторикасын бағдарлау, статикалық және динамикалық тепе-теңдік, пантомимика, мимика, жест және т.б. (Л.В. Рябова, 1969; А.П. Гозова, 1968; Н.Г. Байкина, 1991; Л.Б. Дзержинская, 1997; Л.Д. Хода, 1999; Э.В. Молчанов, 2000; и др.)[4].

Есту қабілеті зақымдалған балалардың көбісі қалыпты дамыған балалардан қимыл-қозғалыстың дамуы бойынша артта қалуда. Мысалы, А.А. Венгер, Г.Л. Выгодская және Э.И. Леонгардтың (1972) мәліметтері бойынша балалардың 70% ерте жаста басын ұстау, отыру, тұру және жүру сияқты әрекеттері бойынша қалыпты балалардан артта қалады. Өз бетімен жүрудің тежелуі есту қабілеті зақымдалған балалардың 50% кездеседі. Статистикалық және динамикалық тепе-теңдікті ұстау, координацияның тұрақсыздығы, қимылдардың сенімсіздігі, кеңістікте бағдарланудың даму деңгейінің төмендігі есту қабілеті зақымдалған балалардың көбісінде бастауыш сынып жасына дейін сақталынады. Моториканың даму ерекшеліктері қозғалыс барысында да, сонымен қатар заттармен әрекет барсыныда да кездеседі. Көптеген балаларда ұсақ моториканың, артикуляциялық аппараттың дамуында артта қалушылық байқалынады. Статистикалық және динамикалық тепе-теңдікті сақтаудағы кемшіліктер бастауыш мектеп жасына дейін сақталынады.

Аталған есту қабілеті зақымдалған балалардың қимыл-қозғалысты бағдарлау сферасындағы қалыпты балаларға қарағандағы ерекшеліктері өзарабайланысқан, жалпы шартталған себептерден туындайды: есту дефектісінің құрылымы, сөйлеу функциясының жеткіліксіздігі, қабылданатын ақпараттың аздығы, қимыл-қозғалыс анализаторларының жағдайы, вестибулярлы аппараттың функционалды белсенділігінің деңгейі.

Қимыл-қозғалыс ерекшеліктердің жиынтығы негізгі сенсорлы жүйелердің дефектілі негізінде қалыптасатындықтан қимыл қозғалыстың координациясында аса айқын білінеді.

Сондықтан, есту қабілеті зақымдалған балалар күрделі координациялық дағдыларды меңгеруге айтарлықтай көп уақыт жұмсайды (Костанян А.О., 1963; Лях В.И., 1992) [2].

Зерттеушілердің көптеген еңбектерінде есту қабілеті зақымдалған балалардың қимыл-қозғалысты бағдарлау қабілетінің төмен деңгейін вестибулярды аппараттың (әсіресе, тепе-теңдікті ұстау) функционалды белсенділігінің жеткіліксіздігімен түсіндіреді (Дзюрин В.В., 1975; Бессарабов Н.С., 1979; и др.) [11].

Тепе-теңдіктің бұзылуы кезінде есту қабілеті зақымдалған балаларда қимыл-қозғалыстың баяулығы, қозғалыстар амплитудасының аздығы пайда болады. Есту қабілеті зақымдалған балалар қалыпты балалардан тепе-теңдікті ұстау бойынша барлық жас категорияларында артта қалуда. Ең үлкен айырмашылықтар (89% дейін), әсіресе, бастауыш және орта мектеп жасында байқалынады (В.А. Какузина, 1973, В.И. Лях, 1992) [2].

Туа пайда болған немесе ерте жаста пайда болған есту немесе вестибулярлы аппарат анализаторларының функцияларының бұзылуы есту қабілеті зақымдалған балаларда өз кезегінде жүру, жүгіру, өз денесінде бағдарлану, заттармен жаттығулар кезінде білінетін кеңістікте бағдарлану сезімінің төмендеуіне әкеліп соғады (Кудряшов В.В., 1978) [12].

Есту қабілеті зақымдалған балалардың көзді ашып жүру барысында қалыпты балаларға қарағанда аса айырмашылықтар байқалмағанымен, көзді жұмып жүру кезінде айтарлықтай ерекшеліктер байқалынды. Есту қабілеті зақымдалған балалардың көру арқылы бақылаудың жоқтығы кезінде тепе-теңдіктің бұзылулары балалардың 45,7% анықталған.

И. С. Беритовтың (1956) анықтауынша, есту қабілеті зақымдалған балалар көзді жұму кезінде кеңістікте бағдарлау қабілетін мүлдем жоғалтатындығын айтты [3]. Мектеп жасындағы балалардың жүру барысында ассиметриялар кездеседі. Уақыт өте келе жүру барысында ассиметрия деңгейі бәсеңдейді. Есту қабілеті зақымдалған және қалыпты балалардың арасындағы айырмашылықтар 11-14 жасында аса айқын білінеді.

Қорыта келе, есту қабілеті зақымдалған балалардың қимыл-қозғалысты бағдарлау қабілеті бала өмірінде аса маңызды орынды алады. Бүгінгі таңда есту қабілеті зақымдалған балалардың қимыл-қозғалысты бағдарлау ерекшеліктері мен дамыту жолдары өз деңгейінде толық, терең зерттелмеген. Есту қабілеті зақымдалған балаларға қимыл-қозғалысты бағдарлау қабілеті оның әр түрлі өмір сфераларына әсер ететіндіктен, бұл тақырып әлі де қарастыруларды қажет етеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Г. Байкина, *Влияние потери слуха на адаптационные и реабилитационные процессы глухих подростков // Адаптивная физическая культура.-2002.-№4-С.14-19*
2. В.И. Лях, *Координационно-двигательное совершенствование в физическом воспитании и спорте // теория и практика физической культуры.-1991.-№1-С.17-20*
3. Беритов И.С., Хчинашвили С.Н. *К вопросу о значении вестибулярного аппарата в пространственной ориентации // Теория и практика физической культуры, 1958. - Т.21, вып. 12. - С. 914-923.*
4. Рябова Л.В. *Особенности функционального состояния слабослышащих детей дошкольного возраста и влияние элементов физического воспитания на их развитие: Автореф... канд. мед.наук.- М. - 1969.-34 с.*
5. В.И. Лях, *Развитие координационных способностей школьников от 7 до 17 лет в процессе физического воспитания: Сб.науч.тру 1986 .С-114-130.*
6. В.А. Рябичев, *Методические указания о допуске к занятиям спортом глухих детей // теория и практика физической культуры.- 1966.С. – 19-20*
7. Шиф Ж.И. *К психологии сравнения // Вопросы воспитания глухонемых и умственно отсталых детей. - М.: Учпедгиз, 1941.-е. 57-78.*
8. Пархалина Е.В. *Готовность слабослышащих детей к обучению в школе: Дисс. ...канд. пед. наук. М. - 1995. - 188 с.*
9. Бернштейн Н.А. *Очерки по физиологии движений и физиологии активности. - М.: Медицина, 1966. - 349 с.*
10. Бернштейн Н.А. *О ловкости и ее развитии / Под редакцией И.М. Фейгенберга. - М.: Физкультура и спорт, 1991. — 287 с.*
11. Дзюрин В.В. *Роль слова в развитии движений школьников: Дисс... канд. пед. наук. - М., 1970. - 247 с.*

12. Кудряшов В.В. *Формирование движений с предметами у учащихся глухих, умственно отсталых, с церебральным параличом на уроках физической культурой (на примере упражнений с мячом): Дисс... канд. пед. наук. - М. - 1978. - 138 с.*

УДК 376 :37.2

МРНТИ: 14.29.21

Г.Ж. Жунисханова¹, Б.Б. Жаканбаева²

*¹аға оқытушы, ²магистр, оқытушы,
Арнайы білім беру кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы. Zhakanbaeva@bk.ru*

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ (1-2СЫНЫПТАҒЫ)КЕҢІСТІКТІ БАҒДАРЛАУ ЖӘНЕ МЕЗГІЛ ҰҒЫМДАРЫН ТҮСІНУ ЕРЕШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша кеңістікті және мезгілдік ұғымдарын бағдарлай алмау мектеп бағдарламасын меңгеруде үлкен қиындықтар туғызады деп айтады. Бұл мақалада көмекші метептердегі бірінші екінші сынып оқушыларының кеңістікті бағдарлау және мезгіл ұғымдарын түсіну мәселелерімен айналысқан ғалымдар, көмекші метептердегі бірінші екінші сынып оқушыларының кеңістікті бағдарлау және мезгіл ұғымдарын түсінуін анықтау әдістері және анықтау әдістерінің нәтижелері, сонымен қатар ерешеліктері қарастырылған

Кілт сөздер: ориентация, анализ, кеңістік, уақыт, ай, апта.

Аннотация

ОСОБЕННОСТИ ПРОСТРАНСТВЕННОЙ ОРИЕНТАЦИИ У ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА(1-2 КЛ)

Г.Ж. Жунисханова¹, Б.Б. Жаканбаева²

*¹Старший преподаватель, ²преподаватель, магистр,
КазНПУ имени Абая, кафедра «Специальное образование»*

Zhakanbaeva@bk.ru

В статье рассматриваются особенности пространственной ориентации у детей с нарушением интеллекта

Ключевые слова: ориентация, анализ, пространство, времени, месяц, неделя

Abstract

FEATURES OF SPATIAL ORIENTATIONS OF CHILDREN WITH VIOLATION OF MENTAL ACTIVITY (1-2 classes)

Zhunishanova G.Z., Zhakanbaeva B.B.¹

¹senior lecturer, ²teacher

KazNPU named after Abai

The Republik of Kazakhstan, Almaty. Zhakanbaeva@bk.ru

In article there are discussed features of spatial orientations children with violation of mental activity

Keywords: Features, orientation, time of week, time of the year, month

Ақыл-ойы кем балалардың сөз қорының аздық ерекшелігі В. Г. Петрова және Г. И. Даникина, Н. В. Тарасенко, Г. М. Дульнев сияқты көп авторлардың көңілін аударады. Олар балалардың жалпы түсінігінің нашарлығы өмірде жиі және сире қолданылатын сөздіктердің қалыптасуына өз қолтаңбасын сөз қорының кедейлігінің себептері ақыл-ойының дамуының төмендігі, қоршаған орта білмеуі және ол туралы түсініп, сезулерінің шектеулігі, қызығушылықтың қалыптаспауы, араласып сөйлесу қажеттілігінің төмендігі болып табылады. Сөйлеу тілінің кемістігі баланың ақыл ойының дамуымен тығыз байланысты қаралады, сондықтан балалардың сөйлеу тілімен олардың психологиялық дамуына логопед өте кең түрде көңіл аудару керек. Ақыл ойы кемдіктің ең тараған түрі кеңістік пен мезгілді бағдарлай алмау деп саналады. Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша сөйлеу тілінің емдігін кеңістікті және мезгілдік

ұғымдарын бағдарлай алмау мектеп бағдарламасын меңгеруде үлкен қиындықтар туғызады деп айтады. Сөйлеу тілі кемістігін түзетпей және кеңістік пен мезгілді бағдарлай алмаудың арқасында балалар оқу кезінде және жалпы оқу процесінде көп қиындықтарға ұшырайды. Сондықтан кеңістік пен мезгілді бағдарлау түсініктері есте сақтау қабілетінің дамуымен тығыз байланыста болғандықтан коррекциялауды. Яғни түзетуді қажет етеді. Кеңістікпен мезгіл ұғымдарын болжау туралы арнайы психология және педагогика әдебиеттерінде жақсы сипаттама алған. Н. Ф. Гнездилов, Ш. И. Шив көмекші мектептердің алдына сапалы білім беруді мақсат етіп қойды. Бұл талаптардың бәрі ақыл есі кем балаларға ауызша және жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыру арқылы кеңістікті мезгілмен бағдарлауды тығыз байланыстырады

Біздің сынақтың негізгі мақсаты- кеңістіктік және мезгілдік ойларды білдіретін сөздерді түсіну мен қолдану ерекшеліктері анықтау.

Сынаққа 57 оқушы қатысқан, оның 35-і 1 сыныпта, 22 оқушы 2-сыныпта оқиды. Олигофрен оқушылардың барлығында нақұрыстық дәрежесі байқалған. Зерттеудің негізгі әдісі - әңгімелесу болып табылады. Сынақ жекелей өткізілген. Бір баламен жұмыс жасауға 25-30 минут жұмсалған. Балаларға тапсырманы орындау кезінде қажетті көмектер көрсетілген: нұсқаулықтарды қайталау және мүшелеу, суыртпақ сұрақтар.

Зерттеуге арналған міндеттер мен әдістемелік материалдар баланың жасына сәйкес, олардың психо-физиологиялық ерекшеліктері есепке алынып таңдалынған.

Кеңістіктік және мезгілдік ойларды білдіретін сөздерді түсіну мен қолдану ерекшеліктері анықтау әдістері.

Сынақ әдісі кеңістіктік-мезгілдік ұғымдарды түсіну және пайдалану ерекшеліктерін табуды қарастырды. Сынақ кезінде балалардың кеңістіктік-мезгілдік ойлар мен олардың түсінік ерекшеліктері, сөз қолдану қабілеті анықталды.

Анықтаушы сынақ әдісінің міндеті 2 сериядан тұрады. Бүгінгі қарастыратынымыз бірінші серия. Екінші сериясы келесі бөлімде қарастырылады.

1 серия: «Кеңістіктік – мезгілдік ойларды көрсететін сөздерді түсіну».

Әрбір серияның міндеттері мен мәселелері кеңістік пен мезгілді білдіретін ұғымдар мен сөздерді пайдалануын анықтау болды.

Бірінші серия: «Кеңістіктік мезгілдік ұғымдарды түсіну»

Бұл тапсырманың мақсаты оқушылардың көмекші сөздерді түсінуін анықтау болып табылады.

Тапсырма №1

Балаларға нұсқаулық бойынша керек суретті табу берілді.

1. Нұсқаулық. «Үстелдегі доп салынған суретті көрсет».
2. «Үстелдің астындағы доп салынған суретті көрсет».
3. «Үстел үстінде доп салынған суретті көрсет».
4. «Үстелге салынған доптың суретін көрсет».
5. «Үстелдің артына салынған доптың суретін көрсет».
6. «Үстелде салынған доптың суретін көрсет».

Тапсырма №2

Тапсырманың мақсаты: балалардың кеңістіктік ұғымдарды: сол жағынан, оң жағынан, арт жағынан, алдыға түсуін анықтау болып табылады.

Балаларға «Театрда» суреті ұсынылады. Сынақшының қойған сұрақтарына жауап беру керек болды. Суретте көру залында отырған адамдар бейнеленген. Объект таңдалды.

1. «Петяның сол жағында кім отырғанын көрсет».
2. «Петяның оң жағында кім отырғанын көрсет».
3. «Петяның алдында кім отырғанын көрсет».
4. «Петяның артында кім отырғанын көрсет».

Тапсырма №3

Мақсаты: - оқушылардың мезгілдік ұғымдарды: тәулік мезгілін, жыл мезгілін, апта күндерін түсінуін анықтау. Балаларға «тәулік мезгілі» мен «жыл мезгілін», «апта күндерін» білдіретін сөздерін таңдап алу ұсынылды.

1. Мына сөздердің ішінен « тәулік мезгілін», «апта күндерін» білдіретінін таңда.
2. Мына сөздердің ішінен « жыл мезгілі» мағынасын білдіретінді таңда.

Тапсырма №4

Бұл тапсырманың мақсаты – балалардың тәулік мезгілі ерекшеліктерін түсіну, сондай-ақ тәулік мезгілін керек сабақтастығына қарай бейнеленген суретпен орналастыру қабілетін анықтау болып

табылады. Балаларға суретте қандай тәулік мезгілі бейнеленгені, сондай-ақ оларды белгілі сабақтастықпен қою тапсырылды.

1. Таңертеңгі уақыт салынған суретті көрсет.
2. Күндізгі уақыт салынған суретті көрсет.
3. Кешкі уақыт салынған суретті көрсет.
4. Түн салынған картинаны көрсет.

Жақсы нәтижеге жету үшін әр жерден түрлі сұрақтар қойылды.

Тапсырма №5

Мақсаты: балалардың жыл мезгілін түсіну ерекшеліктерін, суреттерді керек жыл мезгіліне қарай және жыл мезгілі белгісін орналастыру анықтау.

Балаларға мынадай сұрақтарға жауап беру керек болды.

1. Қыстың қандай белгілерін білесің?
2. Көктемнің қандай белгілерін білесің?
3. Жаздың қандай белгілерін білесің?
4. Күз түскенде не болады?

Содан кейін жыл мезгілі бейнеленген суреттер ұсынылды.

1. Қыс бейнеленген суретті көрсет (күз).
2. Мына суреттердің қайсысында көктем салынған, қалай ойлайсың (жаз).

Содан кейін суреттерді белгілі сабақтастықпен қою тапсырылды: қыс, көктем, жаз, күз.

1-2 сыныптардағы ақыл-ойы кем балалардың кеңістіктік-уақыттық түсінік ерекшеліктері

Бұл бөлімде 1-2 сыныптағы ақыл-ойы кем балалардың кеңістік мезгілдік ұғымдары ерекшеліктерін қарастырамыз. Бірінші тапсырма; ішінде, артында, астында, үстінде мағынасындағы көмекші сөздерді ұғыну ерекшеліктерін анықтауға бағытталады.

Зерттеудің нәтижесі көрсеткендей 1 және 2 сынып оқушылары көп көмекші сөздерді түсінеді. Балалар «ішінде» және «сыртында» көмекші сөздері қолданылатын суреттерді дұрыс көрсетті, бұл көмекші сөздерді балалар бәрінен жақсы білетін болып шықты. Оқушылар бұл көмекші сөздерді бір-бірімен әңгімелесу кезінде көп қолданады, сондықтан бұл олардың түсінуіне жеңіл тиді.

Барлығынан бұрын қиындық тудырған «астында» және «үстінде» көмекші сөздері болды. Балалар оларды жиі шатыстырады. Кейде тіпті қай суретті таңдарын білмей қиналып қалды.

Бұл тапсырманың нәтижелерін №1 кестеден көруге болады.

№1. Кесте

«Ақыл-ойы кем балалардың кеңістіктік ойларды білдіретін шылауларды түсінуі (%-бен)»

Көмекші сөздер	1-сынып	2-сынып
Ішінде	98	100
Онда	100	100
Артында	67	71
Астында	62	69
Үстінде	57	57
Онда	36	48

Кестеден көріп тұрғандай 1 сыныптағылар 2 сынып оқушыларына қарағанда көмекші сөздерді нашар түсінеді. Көмекші сөздер кеңістікте бейімделуге өте маңызды. Көп көмекші сөздермен балалар бастауыш мектепте танысады. Екінші сынып оқушыларының көмекші сөздерді көбірек түсінетін себебі олардың сабақта көбірек танысатындығымен байланысты болған.

Түйіндей келгенде, балалар көмекші сөздерді жақсы түсінеді деуге болады. Балалар кейде сауалды ауызша айтты, әсіресе 1 сынып оқушылары.

Айта кету керек, балалар сауалдарды атап айтқан кезде тапсырманы тезірек орындады. Оқушылар «астында» және «үстінде» көмекші сөздерді шатастырумен қатар, «онданы» түсінуге біраз қиналды. «Катядағы көлекті көрсет», «Қыздағы допты көрсет» деген сияқты қосымша сұрақтар қоюға тура келді.

Балаларды бақылай келе және олармен әңгімелесу арқылы мұғалімдермен бірігіп балалардың «ішінде» және «сыртында» шылауларын 1 – 2 сынып оқушылары «үстінде», «астында» көмекші сөздеріне қарағанда 100 пайыз түсінетіндігі белгіленеді.

Тағы да айта кететін нәрсе, балалар «алыс», «жақын», «жоғары», «төмен» түсініктерін ауыстыратындығы.

Біздің ойымызша, балалардың кейбірі көмекші сөздерді түсінбейтіндігі олармен мектепте жеткіліксіз жұмыс жасайтындығымен сондай-ақ ақыл-есі кем балалардың жеке ерекшеліктерімен байланысты.

Келесі тапсырма балалардың кеңістіктік ұғымдарды анықтауына бағытталады-сол жағынан, оң жағынан, алдыда, артында. Балалар сурет бойынша объектіге қарап отырған көрермендерді анықтауы қажет болған еді.

1-сынып оқушылары «алдыда», «артында» сөздерін дұрыс түсінеді. Бұл тапсырманы тек 5 оқушы орындай алмады. 2-сыныпта мұндай 6 бала болды.

№2 кестеден біз, 1-сынып оқушыларының «алдында», «артта» ұғымдарын пайыздық мөлшері көрсетілген.

№2. Кесте

«Ақыл-ойы кем балалардың «алдыда» «артта», «сол жағынан», «оң жағынан» ұғымдарын түсінуі»

Ұғым	Бірінші сыныптар	Екінші сыныптар
Алдында	81	77
Артында	86	83
Оң жағынан	43	58
Сол жағынан	51	52

«Сол жағынан» және «оң жағынан» ұғымдарын түсінуде қиындықтар көбірек болды. Отырған балалар сурет бойынша сол жағын және оң жағындағы объектіні балаға көрсету үшін, оған басқа кеңістікте отырғанын көз алдына елестету керек болды, сондықтан бірінші сыныптағылардың

жартысынан азы ғана дұрыс жауап берді және екінші сыныптағылардың 55-ы жауап берді. Көп жағдайда балалар ойланбай, селесөк жауап берді.

Алдыңғы зерттеуден бізге белгілі болғаны, балалар осы қателіктерді жиі жібереді екен. Бұл 1 сынып және 2 сынып оқушылары үшін қалыпты заңдылық болып табылады.

Бұрынырақ алынған зерттеулер, қазіргі зерттеу нәтижелерін салыстыра келіп, балалар сол жағындағы және оң жағындағы заттарды көрсеткеннің орнына, қарама-қарсы бағытты көрсетеді, бұлай 1-сынып оқушыларының дерлік 55-ы 2-сыныптың екені белгіленеді.

Бақылаудан және алдыңғы зерттеуден көргеніміздей, денесінің оң және сол жақтарын жақсы айыра білетін балалар шамамен 87 екіншісі сыныптықтар және 83 біріншісі сыныптықтар екені анықталды.

1 және 2 сынып оқушылары оң және сол жақтарын аса жақсы айыра алмайды, тапсырманы орындау кезінде оларға көмек керек болды.

Оқушылар «оң жақ» мағынасын жақсы түсінеді екен. Бұған себеп балалардың әр нәрсені көбінесе оң қолымен істейтіндігі. Олардың жазғанда тамақ ішкенде, тек оң қолмен пайдаланатындығы.

Жүргізілген зерттеуімізге талдау жасай келе, ғалымдар мәліметтері нәтижелерімен салыстыру кезінде Т.Мусейитова (1961ж) зерттеуінде алынған мәліметтер тағы бір дәлелденді. Ол, кеңістіктік қатынасындағы әр жеке топтың кеңістікті жеке образдық түрде меңгеріп, есеп беру нүктесі функциясын атқаратын мұндай жұмыстан соң қарама-қарсы жағдайдағы объектіні айыруға жағдай тууы мүмкін екенін байқаған. Балалардың қандай да болмасын түсінігі осылай қалыптасқан. Қорытындылай келгенде, көп балалардың салыстыра білмейтіндігінен хабар алдық.

Ары қарай біз мезгілдік ұғымдарды түсінуді зерттедік. Бұл ұғымдарды анықтай келе, осы ұғымдардың сабақтастығы болып табылатын тәулік, жыл мезгілін түсіну қажет болды. Балалар мына және басқа ұғымдар бөліктері болып табылатын карточкаларды талқылау қажет болды. Балаларға көмек ретінде суыртпақ сұрақтар қойылды. Солардың негізінде төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік. Оларды төмендегі №3 кестеден пайыздық көрсеткішпен байқауға болады.

№3. Кесте

«Ақыл-ойы кем балалардың мезгілдік жинақтаушы ұғымдары түсінуі (%-бен)»

Ұғым	1 сынып	2 сынып
------	---------	---------

«Тәулік мезгілі»	69	74
«Апта күндері»	38	38
«Жыл мезгілдері»	79	86

Кестеден көріп тұрғанымыздай балалар «апта күндері» атауларын бірінші сыныптың 20 оқушысы және кінші сыныптың 13 оқушысы дұрыс түсінбейді.

«Жыл мезгілі» атауларын балалар жақсырақ түсінеді екен. Балалар тапсырма кезінде «жыл мезгілі» ұғымын жақсы түсінетіндігі анықталды. Жыл мезгілін білдіретін картаны таңдау кезінде, балалар негізінен «қыс», «жаз» содан кейін «көктем», «күз» жазылған карталарды таңдады.

«Апта күндері» атауларын балалар бәрінен нашар түсінеді. 1 және 2 сынып оқушыларының түсініктері шамамен бірдей деңгейде.

Бұл тапсырманы орындау кезінде балалар тек үндемей отырды. Көмек берілгеннен кейін олар апта күндері атаулары бар карталарды таңдай бастады, бірақ бәрі емес. Балалар бұл тапсырманы орындау кезінде «тәулік мезгілі», «жыл мезгілі» түсініктерімен көп таныс екендігін анықтадық. Бұдан кейін, балалардың тәулік мезгілдерін, жыл мезгілдерін жақсы және апта күндерін нашар игерген деген қортындыға келдік.

Келесі тапсырма оқушылардың тәулік мезгілін түсінуге және онда бейімдеуге бағытталды. Балаларға тәулік мезгілі бейнеленген картинаны және тәулік мезгіліне тән белгілерді анықтау ұсынылды.

Тәулік мезгілдерінде бейімделуді зерттей келе, сабақтастығын анықтау мен белгілер 1 және 2 сынып оқушылары «таңертең», «кеш», «күндіз» түсініктерімен аса жақсы таныс емес. Күн, таңертең, кешті анықтау кезінде балалар жиі шатыстырды. «Күн» түсінігі олардың ойында тәуліктің жарық бөлігімен байланысты болып келеді. Таңертең және «кешті» анықтауда үлкен шатысу болады.

Мағжан (1 сынып) картина бойынша анықтау кезінде «кеш» бейнеленген картинаны «түн» деп көрсетті, ал «таңертеңді» «кешпен» шатыстырды.

Таңертең таблицадан қанша пайыз бала тәулік мезгілін дұрыс белгілей алғанын көреміз.

Кесте №4 «Тәулік мезгілін білдіретін сөздерді түсіну(%-бен)»

Ұғым	1 сынып	2 сынып
Таңертең	54	62
Күн	89	90
Кеш	97	49
Түн	98	100

№4 кестеден көргеніміздей балалар суреттен түнді оңай белгілей алады, себебі, «Түнде күн жоқ, барлығы ұйықтайды» дейді. Мұнда балалардың көпшілігі «Түнде табиғатта қандай құбылыстар болады» деген сұраққа 2 сыныптағылар «Далада қараңғы болғанда, ит үреді», «Төбелес болады» деп жауап берді.

Балалардың ешқайсысы жұлдыз, ай туралы айтқан жоқ. «Күндіз не болады?» деген сұраққа, жарық болатындығын, торғайлар ояматындығын, күн шығып тұратындығын айтады. Оқушылар кеш және таңертең туралы сұраққа тіпті жауап берген жоқ.

Балалар тәулік мезгілін режимдік ерекшелік сәттері арқылы анықтайды, оларды үнемі қайталанып отыратын мезгіл кезіндегі белгілі қызмет түрімен байланыстырады.

Балалардың пікірінше, таңертеңге тән қайталанып отыратын қызмет түрімен байланыстырады. Кешке және түнде ұйықтау керек дейді.

Тәулікте болатын табиғаттағы өзгерістер туралы балалар білетін деңгейіне қарай бағытталады.

Балалардың жауабы мазмұны жағынан кедей, фрагменттік, жалпылау қасиетке тән. Біз анықтаған заңдылық балалар тәулік мезгілін, белгілеріне қарағанда гөрі, сурет бойынша ғана тезірек анықтайды.

Айта кету керек, 1-сынып оқушыларының жауабы, 2-сынып оқушыларына қарағанда дәлірек болады. Бұдан 2-сынып оқушыларымен олардың түсінігін қалыптастыру бойынша неғұрлым ұзақ жұмыс жүргізілетіндігі көрініп тұр. Тәулік сабақтастығын белгілеу туралы да

осыны айтуға болады. Оқушылар көбінесе күн мен түнді дұрыс белгілейді, ал таңертең мен кешті тіпті атамайды». Күндіз олар үшін «таңертең» мен кешті бойына жинақтайтын түсінік болып табылады.

1 және 2 сынып оқушылар келесі тапсырманы орындауда қиналады. Оларға сурет бойынша жыл мезгілін және олардың сабақтастығын сондай ақ белгілерін атау туралы тапсырма берілді. Оқушылардың жыл мезгілдері туралы түсінігін тексеру кезінде, жыл мезгілдері белгілерін атауға қиналып, ұсынылған сурет бойынша суреттеп бере алмады. Балалар қыс кезінде қар түсетіндігін негізгі бағыт ретінде ұстанды. Олар адамдардың қызметіне және киіміне назар аудармады.

1 және 2 сынып оқушылары көбінесе «көктем» және «күз» ұғымдарын өзара санды ғана емес, жазбен шатастырады. Күздің айырмашылығын білдіретін жалғыз белгі жапырақтардың сарғаятындығы, 2 сыныптың бірнеше оқушылары күзге тән құстардың ұшып кетуі болып табылатынын атады. 1 сынып оқушысы күзге тән белгіні былай деп атады: «күн қысқа болады, ал түн қысқа және суық болады». Кейбір балалар ауа райындағы өзгерістерді атады: «жаңбыр жауады»

Бір қызығы, оқушылар жыл мезгілін атаған кезде тек табиғаттағы жарқын өзгерістерге мән береді екен. Оқушылар адам қызметімен сирек байланыстырады, онда да өздері атаған қызметті ғана айтады.

Сондай ақ балаларға сурет бойынша қыс мезгілін анықтау тапсырылды. Бұл тапсырманы оқушылар сәтті орындады. Нәтижесі №5 таблицасында жазылған.

№5 кесте «1 және 2 сынып оқушыларының жыл мезгілдерін түсінуі» (%-бен)

Ұғым	1 сынып	2 сынып
Қыс	93	100
Көктем	67	78
Жаз	83	87
Күз	70	74

Барлық балалар сурет бойынша жыл мезгілдерін жақсы белгілейді. Оларға жыл мезгілдері мен белгілерін атағаннан гөрі осы оңай.

Мұнда мезгілдік «көктем» және «күз» ұғымдарын белгілер кезде шатастыру басталады. Балалар үшін көктемді, жазды айырып тұратын, шекаралық түсінік жоқ. Олар тек қана қысты айыра алады. Содан кейін біз балаларға жыл мезгілдері салынған суреттерді келу кезегімен орналастыруды тапсырдық. Бұл тапсырманы өте аз оқушы ғана орындай алды. Қалған балалар мұны білмейтіндігін алға тартып, бұл тапсырманы орындаудан бас тартты, немесе мұны мүлдем өз әрекеттері жайлы тіпті ойламастан істеді. Мектеп бағдарламаларында балаларды жыл мезгілдеріне үйрету қарастырылған.

Қортынды:

Кеңістік және мезгілді білдіретін терминдерді жеткіліксіз түсінетіндігі байқалады.

Сонымен қатар төмендегідей жетіспеушіліктер байқалды:

- 1 және 2 сынып оқушылары «үстінде» және «астында» көмекші сөздерін қарастырады;
- Сол және оқ жақтары ұғымдарын нашар айыратындығы байқалады;
- Көп балалар салыстыру функциясын білмейді;
- Балалар тәулік мезгілінің сабақтастығын анықтау кезінде қиындықтарға ұшырауда;
- Балалар «жыл мезгілі» мен «апта күндері», «тәулік мезгілі» терминдерін нашар түсінеді;
- «Таңертең» мен «кеш» ұғымдарын шатастырады;
- Балалар тәулік мезгіліне тән белгілерді нашар біледі;
- Оқушылар жыл мезгілдеріне тән белгілерді атаған кезде қиналады.

Балаларды әрқайсысының ерекшелігіне қарай оқыту негізінде, олардың бойындағы қозғалыс та әртүрлі қалыптасқан, бұған балалардың әртүрлі сөйлеу мүмкіндіктері, әртүрлі сана қызметі деңгейі мен ақау дәрежесі куә болғандай. Балалар кеңістік-мезгілдік ұғымдарды меңгеру үшін, оларды дұрыс түсініп және қолдану үшін, оларды дұрыс түсініп және қолдану үшін, оқыту барысында әр баланың сана және сөйлеу мүмкіндіктерін есепке алып, жеке қадам жасауымыз керек. Кеңістіктік – мезгілдік ұғымды оқыту кезінде неғұрлым жақсы түсіну үшін көп ойын және көрнекті материал қолдану қажет.

Оқыту кезінде жеке әдістер қолдану, балалардың күтпеген басқа ұғымдарды түсіндіру үшін қажет. Бір бала ұғымды меңгерген болса, оған осы ұғымдарды сөйлеу кезінде

белсенді қолдануға тапсырмалар беру керек, ал басқа балалар бұл ұғымды тіпті меңгермеуі мүмкін, оларға осы ұғымды қалыптастыру үшін тапсырмалар беру керек.

Талдау жүргізе келе, ақыл-ойы кем 1 мен 2 сынып оқушыларының кеңістік-мезгілдік ойлары жеткіліксіз қалыптасқан, кеңістік-мезгілдік ұғымдарды түсіну мен қолдану жағы төмендеу деген қорытынды жасадық.

Әдебиеттер тізімі

1. Ананьев, Б.Г. Особенности восприятия пространства у Рыбалко Е.Ф детей/ Б.Г Ананьев Ленинград, - 1964г

2. Ананьев Б.Г. Пространственные различения/ Ленинград, 1958г.

УДК 378.091:376-056.39

МРНТИ: 14.29.01

У.А Мирзахмедова¹, А.А. Тайжан²

¹Абай атындағы ҚАЗҰПУ-нің 6М010500 – Дефектология мамандығының 2-курс магистранты

²профессор, м.ғ.д., Абай атындағы ҚАЗҰПУ, арнайы білім беру кафедрасы, sozba14@mail.ru

БАЛАҒА ДИНАМИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУДЕГІ ПМПК – НЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Бұл мақалада- баланың мінез – құлқын, әлеуметтік бейімделуін, қиындықтарын, әсіресе жағдайларын білім беру мекемелері баланың жағдайын жиі бақылау қажет болып табылады. Баланы динамикалық тексеруде ПМПК (балалардың ата-аналарының келісімімен немесе олардың заңды өкілдері) барлық балаларды диагностикалық кезеңде оқыту немесе тәрбиелеуге, және балаларды білім берудің жаңа деңгейіне өткізуге міндетті болып табылады.

Түйін сөздер: ПМПК, мінез-құлық, әлеуметтік бейімдеу, мүмкіндігі шектеулі бала, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, психолог.

Аннотация

АКТИВНОСТЬ РЕБЕНКА В ПРОЦЕССЕ ЕГО ИЗУЧЕНИЯ НА ПМПК

У.А Мирзахмедова¹, А.А. Тайжан²

¹магистрантка 2 курса по специальности 6М010500 КазНПУ им. Абая,

²д.м.н., профессор кафедры специального образования КазНПУ им. Абая, sozba14@mail.ru

В статье рассматривается деятельность ПМПК во время динамического испытания ребенка.

Ключевые слова: ПМПК, поведение, социальная адаптация, дети с ограниченными возможностями, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, психолог.

Abstract

THE ACTIVITIES OF THE CHILD DURING THE DYNAMIC TEST AT PMPC

U.Mirzakhmedova¹, A. Taizhan²

¹undergraduate Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty-

²Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty,

The article discusses the activities PMPC during the dynamic test the child.

Keywords: PMPC, behavior, social adaptation of children with disabilities, surdopedagog, tiflopedagog, oligophrenopedagog, psychologist.

Баланы динамикалық тексеру жүргізгенде ПМПК мамандары, ата – анасының немесе ПМПК сауалнамалары арқылы білім беру жолы қажеттілігіне қарай өзгертіледі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру мекемелері өз қатарластарына мінез – құлық бұзылыстары, әлеуметтік және білім беру, бейімдеу шарттарына байланысты қосады. Мұндай бұзылыстар, ереже бойынша, баланы қосудың әртүрлі шарттардың өзгерістерін қажет етеді. Ең алдымен мыналарды жатқызуға болады:

- Баланың жағдайына (мінез –құлық мәселелеріне) қарай білім беру мекемесіне келу режимін өзгерту қажет.
- Оқу бағдарламаларын өзгерту қажеттілігі – баланы белгілі ПМПК – ның білім беру бағдарламасымен ғана (білім беру мәселелері) дамыту мүмкін емес. ПМПК мен жалпы білім беру мекемелердің мамандарымен бірлесіп білім беруді қолдау бағдарламасы аясында жеке оқыту жоспарына бірдей өзгеріс енгізеді, ол мамандар арқылы жүзеге асырылатынын атап өткен жөн;
- Қолдауға басқа мамандарды тарту қажеттілігі;
- Білім беру міндеттері мен әлеуметтік бейімдеу үшін өзге де арнайы құралдар мен жабдықтармен қамтамасыз ету қажеттілігі (ұйымдастырушылық мәселелері);
- Білім беру мекемелердің белгіленген көмекке ата- аналардың (заңды тұлға) келіспеушілігі немесе баланың жағдайын қамту;
- Білім беру мекемелердегі әлеуметтік жағдайдың өзгеруі (инклюзивті білім беруді іске асыру мүмкін еместігіне дейінгі білім беру мекемелердегі кең ауқымды әлеуметтік жағдайлар) және басқалар.

Динамикалық тексерулерге әкеп соғатын себептерге байланысты қабылдау орны, және білім беру мекемелерімен динамикалық тексерулер ПМПК мамандарымен жүзеге асырылады.[1]

Осыған байланысты білім беру мекемелері осындай баланың динамикалық бағалаулары, сұрауларын бала мен маман немесе білім беру мекемесінің алдында тұрған проблемаларына жатқызуға болады. ПМПК сарапшылары, барлық мамандар мен егер қажет болса ата – анасының қатысуымен білім беру мекемелері ПМПК хаттамасының үзіндісі бойынша талқылауы қажет.[2]

<p>Ұйымдастырушылық - ізденушілік</p>	<p>-Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын. Мына шарларды ала келдім. - Бір жылда неше мезгіл бар? - Кәне, атап шығайық...</p> <p>-Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді білдіреді. Мына шардың түсі қандай? -Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді? Қыста жер қандай болады? Сары шарды көрсету Бұл түс қай жыл мезгілін білдіреді? -Себебі күзде ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі. Жер беті сары кілемге ұқсайды. Жасыл шарды көрсету. Бұл түс қай жыл мезгілін білдіреді? -Табиғат көктемде оянып, жер беті жасыл шөпке толады. Ағаштар бүршік жара бастайды. Қызыл шарды көрсету. -Қызыл түс қай жыл мезгілін білдіреді? -Балалар, түстерін білдік, енді сиқырлы шардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме? Кәне, шарды кім жарады? Балалар, бізге тапсырмалар берілген, осы тапсырманы дұрыс орындасандар, мына сиқырлы кілемшеге отырып, «Ғажайып математика» еліне саяхатқа барамыз 1-тапсырма: 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау</p>	<p>Төрт мезгіл. Қыс. Көктем. Күз. Жаз.</p> <p>Ақ</p> <p>Ақ</p> <p>Қыс</p> <p>Күз</p> <p>Көктем</p> <p>Жаз</p> <p>Иә</p> <p>Кілімшеге отырып, саяхатқа</p>

	<p>2- тапсырма: дидактикалық ойындар: «Сандардың көршісін тап», «Жоғалған санды ата», «Қайсысы артық?»</p> <p>3- тапсырма: логикалық есептер</p> <p>-Дүкенен анам 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. Менде неше доп қалды?</p> <p>-Қоянда неше құлақ бар? (қоянның суретін көрсету)</p> <p>Ағашта 10 құс отыр, оның 2-еуі ұшып кетті. Ағашта қанша құс қалды?</p> <p>Себетте 7 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?</p> <p>Сергіту сәтін өткізу</p> <p>«Бала, бала, балапан» әні.</p> <p>Бір серігіп алсаңдар одан әрі жалғастырайық.</p> <p>Мынау түрлі-түсті пішіндерді қараңдаршы. Оларды қалай атаймыз?</p> <p>Балалар, геометриялық пішіндерді ажырата білсек, енді «Ғажайып математика» еліне саяхатқа баратын кілемшемізге қарап геометриялық пішіндерді орналастырайық!</p> <p>Қараңдаршы, балалар, қандай әдемі кілемшелер жасадыңдар. Ал осы кілемдегі оюлар қандай пішіндерден құралған?</p> <p>Қорытынды:</p> <p>Геометриялық пішіндерді кілемшеге орналастырдық.</p> <p>1-ден 10-ға дейін тура және кері санадық.</p> <p>Түрлі ойындар ойнадық.</p>	<p>жиналады</p> <p>Қойылған сұрақтарға балалар кезек-кезек жауап береді</p> <p>Ойынға қатысады.</p> <p>Тапсырмаларды интерактивті тақтада орындайды.</p> <p>Әуенмен қимыл-қозғалыстар жасайды.</p> <p>Тіктөртбұрыш, төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек, сопақша.</p> <p>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</p> <p>Үшбұрыш, төрт-бұрыш, дөңгелек, сопақша.</p> <p>Балалар бірден оңға дейін орыс-ша, қазақша санайды.</p>
<p>Рефлексивті - түзетушілік</p>	<p>-Жарайсыңдар, балалар, бәріміз келген қонақтармен қоштасайық.</p> <p>-Бүгінгі оқу қызметімізге белсене қатысып отырған балаларды бәріміз құттықтап, белсенділіктері үшін қолдарына жұлдызша береміз.</p>	<p>Балалар қуанады</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуге тиіс: 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды біледі.

Болу тиіс: Пішіндерді ажыратып, сипаттай алады.

Жасауы тиіс: Сандарды (аз, көп) салыстырады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Фомичева О. С. Воспитание успешного ребенка в компьютерном веке. М.: "Гелиос АРВ", 2000г.
2. Горвиц Ю. М. «Развивающие игровые программы для дошкольников»
3. Горвиц Ю.М., Чайнова Л.Д., Поддьяков Н.Н., Зворыгина Е.В. и др. Новые информационные технологии в дошкольном образовании. М.: ЛИНКА-ПРЕСС, 1998г.

4. «Логика» Идилова Т.С.
5. «Кел, санайық!» Елубаев Е.
6. «Санап үйренеміз» Идилова Т.С.
7. «Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Әдістемелік құрал» Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А.

УДК 376.01-053.4-056.264

МРНТИ: 14.29.01

Ибатова Г.Б.¹

¹п.ғ. магистрі, PhD 2 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты, ТП ҰҒПО аға ғылыми қызметкері. Алматы қ., Қазақстан

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ЕКІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗУ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Кейінгі кезде бастауыш сынып оқушыларының арасында жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының көбеюі ерекше орын алып отыр. Баланың фонематикалық есту, дыбысты естіп қабылдауы т.б. танымдық процестері дамыған, балабақшада тәрбиеленген кезде сауат ашу сабақтары толыққанды жүргізілген жағдайда жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу шаралары қамтылған деуге болады. Аталған шаралар жүргізілмесе бірінші сыныпқа келгенде және одан жоғарғы сыныптарда, мысалы айтқанда 2 сыныпта да ол қателер жалғасын таба береді.

Т. В. Ахутина, Р. И. Лалаева, А. Н. Корнев, В. И. Ляудис, Л. Г. Парамонова, Л. С. Цветкова, А. В. Ястребова және т.б. мектеп жасындағы балалардағы дисграфияны жою бойынша логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыруға өз зерттеу жұмыстарында көңіл бөлген [1,3].

Бұл жұмыс бірнеше әдіснамалық тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бірінші тәсіл қазіргі заманғы логопедия теориясы сәйкес келеді және жазуда қиыншылықтары бар балаларды логопедиялық диагностикалау нәтижелеріне негізделеді [4,5].

Түйін сөздер: дисграфия, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары, фонематикалық есту, фонематикалық талдау және жинақтау.

Аннотация

ОРГАНИЗАЦИЯ ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ РАБОТЫ ПО ПРЕОДОЛЕНИЮ НАРУШЕНИЙ ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ 2 КЛАССОВ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Ибатова Г.Б.¹

¹магистр п.н., докторант 2 курса PhD докторантуры, КазНПУ имени Абая, институт педагогики и психологии. Старший научный сотрудник НИИЦ КП. ibatova_g@mail.ru

В данной статье рассматриваются вопросы организации логопедической работы по преодолению нарушений письменной речи учащихся 2 классов общеобразовательной школы. Под термином дисграфия понимается частичное расстройство письма. В применении к младшим школьникам вернее говорить не о расстройстве, а о трудностях формирования, становления навыка письма. Основным симптомом дисграфии является наличие стойких специфических ошибок. Возникновение таких трудностей у учащихся не связано ни с умственной отсталостью, ни с тяжёлыми нарушениями слуха, ни с регулярностью школьного обучения.

Многие исследователи сходятся во мнении, что нарушение письма и чтения основываются на совокупности дисфункций: недостаточной сформированности речи, ручной умелости, чувства ритма. Как важный фактор исследователи отмечают у детей с нарушениями письма и чтения трудность анализа и воспроизведения точной пространственной и временной последовательности.

Ключевые слова: дисграфия, нарушения письменной речи, фонематический слух, фонематический анализ и синтез.

Abstract

THE ORGANIZATION OF LOGOPEDIC WORK ON OVERCOMING VIOLATIONS OF WRITTEN SPEECH OF PUPILS 2 CLASSES OF A COMPREHENSIVE SCHOOL

This article deals the organization of logopedic work on overcoming the writing of violations of pupils 2 classes of a comprehensive school. The term refers to a partial disorder dysgraphia writing. When applied to younger students rather not talk about the disorder, and the difficulties of the formation, the formation of writing skills. The main symptom of dysgraphia is the presence of persistent specific errors. The occurrence of such problems at students' works is not associated with mental retardation or with severe hearing impairment or with the regularity of school. Many researchers agree that a violation of the letter and reading based on a set of dysfunctions: inadequate formation of speech, manual skills, sense of rhythm. As the researchers note an important factor in children with reading and writing disorders is difficult analyzing and reproducing the exact spatial and temporal sequence.

Keywords: dysgraphia, violations of writing, phonemic hearing, phonemic analysis and synthesis.

Диагностикалық мәліметтерді талдау келе логопед белгілі бір оқушының жазудың функционалды жүйесінің әлсіз жақтарын табады (ең алдымен лингвистикалық), дисграфияның түрін немесе түрлердің үйлесімділігін анықтайды және соған сәйкес дисграфияның әр түрін түзету бойынша әдістемелік нұсқауларға сүйене отырып, түзету жұмысын жоспарлайды. Мұндай жұмыс дисграфияның бірдей түрі байқалатын, бірдей жас шамасындағы балалармен жеке немесе топпен жүргізілуі мүмкін.

Дисграфияның белгілі түрлерін түзету бойынша логопедиялық жұмыстар толығырақ Р.И.Лалаева мен Л.Г.Парамонованың кітаптарында қамтып көрсетілген, атап айтқанда, сөйлеу тілі мен оптикалық функцияның жеткіліксіздігімен байланысты дисграфияның алдын-алу жұмыстарының түрлері мен бағыттарына сипаттама берілген.

Логопед сөйлеу тілі жүйесінің барлық құрамдас бөліктерімен бір уақытта жұмыс істейді – сөйлеу тілінің дыбыс айту жағы мен лексикалық – грамматикалық қатарымен. Сонымен қатар жұмыста бірнеше кезеңдер бар, олардың әр қайсысы жетекші бағытқа ие [22].

I кезең – сөйлеу тілінің дыбыс айту жағын дамытуда кемшіліктердің орнын толтыру (фонематикалық қабылдау мен фонематикалық көріністерді дамыту; дыбыс айту бұзылыстарын жою; сөздің дыбыстық - буындық құрамын талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыру; дыбыстық – әріптік байланысты бекіту және т.б.);

II кезең – лексика мен грамматиканы меңгеру аймақтарындағы кемшіліктердің орнын толтыру (сөздің мағынасын нақтылау және жаңа сөздерді жинау арқылы сөздік қорын ары қарай байыту және сөзжасамды жетілдіру; синтаксистік құрылымды қолдану мәнін анықтау; оқушылардың сөз тіркесін, сөйлемдегі сөздердің байланысын, әртүрлі синтаксистік құрылымның моделін меңгеруі арқылы байланыстырып сөйлеу тілін грамматикалық безендіруді жетілдіру);

III кезең – байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыруда кемшіліктердің орнын толтыру (байланыстырып сөйлеу тілін құрастыру дағдылары мен икемділіктерін дамыту және жетілдіру; сөйлеу тілінің мағыналық құрылымын бағдарламалау; сөйлеу тілінің байланысы мен кезектілігін қою, сөйлеу тілін құруға қажет тілдік құралдарды іріктеу).

Екінші, кейіннен басқа сынып оқушыларымен логопедиялық жұмыс мектеп бағдарламасына сәйкес дәл сол бағыттар бойынша жүргізіледі, бірақ балалардың орындайтын ауызша және жазбаша жұмыстары қиындатылады. Бағыттар бойынша бөлінген жұмыс жазбаша сөйлеу тілінің түріне ешқандай байланысыз жүзеге асырылады. Ол сөйлеу тілі мектеп талаптарына сай емес жазу мен оқуда көптеген қателіктер жіберетін балалармен жүргізіледі.

И.Н.Садовникова дисграфияны түзету жұмысының жетекші бағыттардың ішінен келесілерін бөліп көрсетеді:

- кеңістіктік және уақыттық түсініктерді дамыту;
- фонематикалық қабылдау мен сөздің дыбыстық талдауын дамыту;
- сөздік қорын сандық және сапалық байыту;
- сөзді буындық және морфемалық талдау мен жинақтауды жетілдіру;
- сөйлемдерді саналы құру және сөздердің үйлесушілігін меңгеру;
- оқушылардың фразалық сөйлеу тілін оларды көп мағыналы, синоним, антоним, омонимдермен таныстыру арқылы байыту [31].

Логопедтердің тәжірибесінде ұнамды тәсілдің оңайлатылған нұсқасы кездесуі мүмкін – логопед оқушыларды жазуда жіберетін қателердің түрлеріне негізделе отырып біріктірсе. Бұл балалармен осы түрдегі қателерді жоюға арналған белгілі сабақ саны жүргізіледі. Кейде мектеп

логопедтері тек осы қағида бойынша жұмыс жасайды. Бұл сәйкесінше, мектептегі бастауыш сынып оқушыларының саны көп болған жағдайда жұмысты ұйымдастырудың қиыншылығымен негізделген. Басқа себебі ол балаларды сауаттылыққа үйрету бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің жеткіліксіз кәсіби жұмысы болуы мүмкін, сол кезде логопед әріптестерінің көптеген шала жұмыстарын толықтыруға мәжбүр.

Оқушылардың дисграфиясын түзету үшін жоғарыда сипатталған тәсілдер ең алдымен, балалардың ауызша сөйлеу тілі мен тілдік мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталған. Екінші сынып оқушыларын лингвистикалық дамытудың жеткіліксіздігінің жазудағы бейнесі, бұл логопедиядағы дәстүрлі балалар дисграфиясына сәйкес.

Дисграфияның әр түріне қатысты әдістемелеріне кеңінен тоқталайық.

Аграмматикалық дисграфияны түзету.

Р.И.Лалаева[8] аграмматикалық дисграфияға мынандай сипаттама береді: «Аграмматикалық дисграфия сөйлеу тілінің грамматикалық жағының (морфологиялық, синтаксистік) жетілмеуі... Жазуда сөйлем деңгейіндегі аграмматизмдер сөздің морфологиялық құрылымының бұзылуымен, жалғау, жұрнақтарды алмастырумен, септік жалғауды дұрыс қолданбауымен, күрделі сөйлемдерді құрастырудағы қиыншылықтармен, сөйлемдегі сөз кезектілігін сақтамау, тастап кетумен сипатталады».

Түзету жұмысының негізгі міндеттері:

- заттың атауын, іс — әрекетін, сипатын білдіретін сөздерді мағынасымен сәйкестендіруін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру;
- сөздің морфологиялық құрамы туралы түсінігін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру;
- сөйлеу тілінің грамматикалық жағын қалыптастыру, дамыту, жетілдіру.

Аграмматикалық дисграфияны түзету логопедиялық жұмысының мазмұны:

- балалардың сөз қорындағы сөздердің мағынасын анықтау және әр түрлі сөз таптарын жаңа сөздермен, сөзжасам дағдыларын меңгерту арқылы сөз қорын молайту. Түбірлес сөздерді біртіндеп меңгерту;
- сөз тіркестерін, сөйлем арасындағы байланысты, әртүрлі синтаксистік құрылымдардың модельдерін меңгеру арқылы сөйлеу тілінің грамматикалық жағын анықтау, дамыту және жетілдіру;
- байланыстырып сөйлеу тілін мына бағыттарда дамыту:
- әңгіменің кезектілігін анықтау;
- әңгіме құрастыруға қажет сөздік материалды іріктеу;
- үлгі бойынша сөйлем құрастыру, қайта құрастыру дағдысын жетілдіру.

Оптикалық дисграфияны түзету.

Оптикалық дисграфияны түзету жұмысының негізгі міндеттеріне:

- көріп қабылдауын, талдау, жинақтауын дамыту;
- жазуда шатастыратын әріптерді ажырату жатады.

Логопедиялық түзету жұмысының негізгі мазмұны:

- түр, түс, көлем туралы түсініктерін анықтау;
- өз денесін, қоршаған ортаны бағдарлау;
- әріптерді құрастыру, қайта құрастыру;
- әріптерді табу, бөліп айту.

Логопедиялық түзету жұмысының негізгі бағыттары:

- көріп қабылдауын және тануын (гнозисын) дамыту;
- көріп есте сақтауын анықтау және кеңейту;
- кеңістік түсінігін, қабылдауын дамыту;
- көріп талдау, жинақтауын дамыту;
- шатастыратын дыбыс және әріппен жұмыс.

Ажырату жұмысы келесі кезектілікпен жүргізіледі:

- жеке әріптерді ажырату;
- шатастыратын әріптерді буында ажырату;
- шатастыратын әріптерді сөзде ажырату;
- шатастыратын әріптерді сөйлемде ажырату;
- шатастыратын әріптерді мәтінде ажырату.

Жоғарыда айтылған жұмыс бағыттары негізінде перспективті жоспар құрастырылады.

Оптикалық дисграфияны түзету барысында қолданылатын жұмыс тәсілдерін құрастырайық.

1. Көру гнозисін қалыптастыру мақсатымен қолданылатын тәсілдер:

- контурмен сызылған заттарды атау;
 - бірінің үстіне бірін сызылған суреттерді атау;
 - жетіспейтін бөлшегін толықтырып сызу, атау;
 - түрі, түсі, нөлемі бойынша заттарды іріктеу;
 - суреттегі айырмашылықтарды табу.
2. *Көріп есте сақтауын (көру мнезисін) дамыту:*
- 10 — шақты суреттің ішінен 4-5 суретті есте сақтап атау, көрсету;
 - әріптердің ішінен тек дауысты, дауыссыз әріптерді есте сақтап атау;
 - алғашқы кезектілікті сақтап әріптерді, сандарды, фигураларды орналастыру;
 - «Не өзгерді?», «Не жоғалды?» ойындар.
3. *Әріпті тануын, әріп бейнесін ажыратуын қалыптастыру:*
- Л-М, А-Д, К-Ж, Ж-Х, П-Н, Ш-Щ;
 - бірінің үстіне бірі жазылған әріптерді атау;
 - дұрыс, қате жазылған әріптерді анықтау;
 - элементтері бойынша әріп құрастыру;
 - бір әріптен екінші әріп құрастыру (х-ж, т-г, р-в, т.б.);
 - әріптердің ұқсастығын, айырмашылығын анықтау.

Оптикалық дисграфия, дислексияда әріп бейнесін бекіту үшін әріпті бір ұқсас затпен сәйкестендіру (О — дөңгелекпен, З — жыланмен, т.б.) немесе тақпақтар жаттау сияқты тәсілдер қолданған тиімді. Мысалы: Мына әріпке қарашы, Былай «Е», былай «Ш»

Сонымен, ЖСТБ-ы әртүрлі белгілермен сипатталатын күрделі ақаулыққа жатады. Сондықтан дисграфияны түзету жұмысы оның түрін, белгілерін, механизмін ескере отырып жүргізілуі тиіс. Логопедиялық жұмыстың нәтижелі болуы көп жағдайда перспективтік жоспарлы дұрыс құрастырып, оның іске асуына тығыз байланысты болады.

Жұмыс жоспары (бағдарлама) төмендегі талаптарға сәйкес құрастырылу керек:

- қазақ тілі пәнінің бағдарламасына сәйкес;
- ақаулықтың түрін, құрылымын ескеру;
- онтогенетикалық ықпал ету;
- сөйлеу тілінің даму деңгейін ескеру;
- қазіргі кезеңдегі түзету жұмысының жаңа технологиялары мен көзқарастарды ескеру;
- логопедия ғылымындағы негізгі қағидаларды басшылыққа алу.

Бағдарламада түзету жұмысының мақсаты мен міндеттері, мазмұны дисграфияның түріне байланысты алынады. Мысалы, тілдік талдау мен жинақтаудың салдарындағы дисграфияда төмендегідей міндеттерді атауға болады:

- сөйлем құрамын талдау дағдыларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру;
- буындық талдау және жинақтау дағдыларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру.
- фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру.

Акустикалық дисграфияны түзетудің негізгі міндеттері:

- естіп қабылдауын дамыту;
- дыбыс туралы ұғымын қалыптастыру, дамыту;
- фонематикалық талдау, жинақтауын дамыту,
- шатастыратын дыбыстарды ажырату дағдысын дамыту.

Аграмматикалық дисграфияны түзетудің негізгі міндеттері:

- затты, іс — әрекетті, құбылыстарды атау мен сәйкестендіруін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру;
- сөздің морфологиялық құрылымы туралы түсінігін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру;
- сөйлеу тілінің грамматикалық жағын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру;
- байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру.

Оптикалық дисграфияны түзетудің негізгі міндеттері:

- көріп қабылдауын, талдауын, жинақтауын дамыту;
- жазуда шатастыратын дыбыстарды ажырату.

Жалпы мектептің I — ші сынып оқушыларын жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарынан сақтандыру бағдарламасының мақсаты:

- ауызша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету;
- оқытуда қиыншылық кездесетін балаларды қазақ тілі мен оқу сабақтарына қажет біліктілігі мен дағыларын меңгеруге жан — жақты дайындау жатады.

Бағдарламаның міндеттері:

- фонематикалық талдау, жинақтауын дамыту;
- тілдік талдау, жинақтауын буын, сөз, сөйлем, мәтін деңгейлерінде дамыту;
- фонемдерді ажыратуын анықтау, бекіту;
- кеңістікті — уақытты бағдарлау түсінігін анықтау және дамыту;
- зейінің, есте сақтауын, ойлауын дамыту;
- сөз қорын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, дамыту;
- сөйлеу, жазу, оқу актілеріне қатысатын анализаторларды (есту, көру, сезу) дамыту.

Жазу кемістіктерді түзету жұмыстарының басты бағыттары:

1. *Фонематикалық түйсігін жетілдіру.* Қарама-қарсы дыбыстарды және буындарды ажырату жұмысын тек айтумен естіртіп қана жүргізіп қоймайды, сондай –ақ оны жазу тілінде бекітіп машықтандырады. Фонематикалық түйсігін қалыптастыруда міндетті түрде тілдің қимылдау анализаторларының қатысуымен жүргізеді. Сондықтан фонематикалық есту қабілетін жетілдірумен дыбыстарды айтқызу жұмыстары бір мезгілде жүзеге асырылады.
2. *Дыбыстарды айтқызу жұмыстары.* Ең алдымен, бұрмалану, алмастыру, түсіріліп қалдыру сияқты дыбыстардың айтылуындағы барлық кемістіктерді жою қажет. Кейде сөйлеу тіліндегі дыбыстарының айтылуы сақталған балаларда кездеседі. Мұндай жағдайларда тіл қимылының анализаторын іске қосу үшін сөйлеу тілі мүшелерін анығырақ еститіндей ету керек. Одан басқа, фонематикалық есту қабілеті бұзылған жағдайда, тіпті сақталған дыбыстардың өздерінің артикуляциясы мүлде анық болмайтынын есте сақтау қажет.
3. *Дыбыстарды талдауға және жинақтауға дағдылануын жетілдіру.* Фонематикалық түйсігін жетілдіру жұмысына өтеді. Бұл жұмыстың негізгі түрлері мынадай болады:
 - а) сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбыстарды бөлу;
 - ә) жетпейтін дыбыстарды, буындарды жазып бітіру;
 - б) бір бағанға бір буынды сөздерді, екінші бағанға екі буынды сөздерді жазып, буындардың сандық мөлшері бойынша сөздерді іріктеу.
 - в) берілген дыбысқа сөздер ойлап табу және оларды жазу, әр сөзге қарама-қарсы дыбыстары бар басқа сөздерді іріктеп алу.
4. *Сөздік қорын байыту және оларды іс жүзінде пайдалана білуге жетілдіру.* Бұл кезең балаларды жаңа сөздердің әр түрлі жасалу жолдарымен таныстырады. Әр түрлі жұрнақтардың көмегімен бір етістік сөзден бірнеше жаңа етістік сөздер жасайды. Сөздік құрау жұмысының басқа бір түрі біріккен сөздерді іріктеу. Мұндай жұмыс дұрыс жазу ережесін жақсартып, баланың ой – өрісін кеңейтеді. Өткізілген барлық оқу жұмысында сөздік қоры молаяды, дәлелденеді, бекітіліп тұрақталады. Басты мәселе дыбыстарын талдау бойынша әрбір сөздің маңызын анықтау, жазуы мен оқуын жаттығумен байланыстыру. Сөздік қорының белсенділігін арттыру үшін жұмыс жүргізеді.
5. *Грамматикалық дағдыларын жетілдіру.* Кезеңнің негізгі мақсаты жалғаулықтарды түсіндіру, сөйлемдердің көлемін кеңейту және қысқарту болып табылады.
6. Ауызша қалай болса, жазбаша да солай сөйлеу тілінің байланысын жетілдіру. Жазуындағы кемістіктерді жою жұмысы барлық оқу жылы бойынша жүргізіледі. Олардың қажетті шарттарының нәтижелілігі ауызекі сөйлеу тілі мен жазуын жетілдіру болып саналады [27].
Оқуы мен жазуындағы кемістіктерді түзету тоқтаусыз әрдайым жұмыс істеуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Қ.Өмірбекова «Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы, түзету жолдары» Алматы: «Print-S» ЖШС баспаханасы 2009ж. 17-25 беттер.
2. М.Е.Хватцев *Аграфия и дисграфия // Хрестоматия по логопедии.* - М., 1997. - С.113-120.
3. Қ.Қ.Өмірбекова, А.С.Тухышева «Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің жағдайы» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы, №1 (44) 2016ж.38бет.
4. З.А.Мовкебаева, Г.Н.Ибдимина «Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазуындағы ерекше қателердің таралуы» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы №2 (37) 2014 ж. 34б.
5. Қ.Қ.Өмірбекова «Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тіл бұзылыстарын түзетудің педагогикалық шарттары» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы №4 (43) 2015ж. 18 б.

А.К. Молдабаева¹, А.Аутаева.²

¹*Абай атындағы ҚАЗҰПУ-нің 6М010500 – Дефектология мамандығының 2-курс магистранты, ainura.moldabaeva93@gmail.com*

²*Ғылыми жетекші, психол.ғ.к, Абай атындағы ҚазҰПУ, Арнайы білім беру кафедрасының доценті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ. akbota-n@mail.ru*

ЖСТД МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА КІШІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ЖСТД мектеп жасына дейінгі балалармен логопедиялық жұмыста кіші фольклорлық формаларды қолданудың ерекшеліктеріне сипаттама берілген.

Түйін сөздер: кіші фольклорлық формалар, уату-алдарқату, мәпелеу, әлпештеу жырлары, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер.

Аннотация

А.К. Молдабаева¹, А.Аутаева.²

**ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ МАЛЫХ ФОЛЬКЛОРНЫХ ФОРМ В ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ РАБОТЕ С
ДЕТЬМИ ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ**

¹*магистрантка 2 курса по специальности 6М010500 КазНПУ им. Абая, ainura.moldabaeva93@gmail.com*

²*научный руководитель, к.психол.н., доцент кафедры специального образования КазНПУ им. Абая, akbota-n@mail.ru*

В данной статье рассматривается методика обследования состояния связной речи детей с общим недоразвитием речи с помощью сказок.

Ключивые слова: связная речь, метафора, деформация текста

Abstract

**FEATURES OF APPLICATION OF SMALL FOLKLORE FORMS IN LOGOPEDIC WORK WITH
SCHOOL AGE CHILDREN WITH THE GENERAL UNDERDEVELOPMENT OF THE SPEECH**

А.К.Молдабаева¹, А.А.Аутаева²

¹*undergraduate of the 2nd course, specialty 6M010500 – Defectology, Abai Kazakh National Pedagogical University.*

²*Research supervisor Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty,*

The role of fairy tales in the development of coherent speech of children with an undeveloped speech is described in the article

Key Words: coherent speech, the deformed text, metaphor

Мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы сөйлеу тіліндегі жетіспеушіліктерді жеңу заманауи логопедияның өзекті мәселерінің бірі болып отыр. Оның күрделілігі, сөйлеу тілінің ауытқушылығы қандай да бір деңгейде болмасын ол тек жалғыз өмір сүре алмайды (Л.С. Выготский). ЖСТД балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстары көп аспектілі сипатқа ие болып, бұл тіпті бірқатар ғалымдардың психологиялық-педагогикалық (Р.Е. Левина, С.С. Ляпидевский, С.А. Миронова, Л.Ф. Спирина, Т.Б. Филиева, С.Н. Шихонская) [2], психолінгвистикалық (О.Н. Исаев, В.В. Ковалев т.б) зерттеу жұмыстары дәлел. Зерттеушілер сонымен қатар ЖСТД балалардың сөйлеу тіліндегі тілдік сезімінің қалыптаспағандығы (Р.Е. Левина) мен ашық пайымдауларын құрудың қабілетсіздігі (В.К. Воробьева, Л.Р. Давидович т.б), когнитивті-сөйлеу тілдік әрекетінің жетіспеушілігіне негізделген тілдік құралдарды пайдаланудағы инерттілік жақтарын (Л.И. Белякова, Г.В.Гуровец, В.И. Лубовский, О.В. Усанова) да атап өткен.

ЖСТД балалармен логопедиялық жұмыстың жаңа формаларын іздеу түзетушілік-педагогикалық үрдістің мазмұны мен талаптарының өзгерістеріне тікелей байланысты болып келеді. Заманауи қоғамда түзетушілік –логопедиялық жұмыстың тәсілдері мен мазмұндары гуманистік антропогендік мәдениетпен, мәдени құндылықтармен, ықпалдасу түріндегі түзетушілік-педагогикалық әсер етудің диалектикалық стилі арқылы іске асырылуы керек. Бүгінгі таңда психолінгвистика, фольклористика, тілдік кіріспе, сияқты материалдар белсенді өңделіп, логопедиялық ықпал ету тәжірибесіне ақырындап енгізіліп, балаларың сөйлеу тілінің дамуының бір сападан екіншісіне ауысуына бағытталып отыр. Заманауи ғылым кіші фольклорлық формаларды сөйлеу тілдің когнитивті-семантикалық категориялары ретінде анықтап, онысыз адамның тілдік құзіреттіліктерін дамыту мүмкін еместігін көрсетті. Осыған орай түзетушілік-логопедиялық жұмыста антропоцентризммен сипатталатын кіші фольклорлықмәтіндерді қолдану өзінің өнімділігімен, диалогтық және когнитивті сөйлеу тілдік бағыттылығымен сипатталады.

Кіші фольклорлық формаларды қолдану мәселелері В.П. Аникина, Б.Н. Путилова, Г.С. Виноградова, В.И. Даля, Н.И. Кравцова, С.Г. Лазутина, В.А. Проппа [3] сияқты ғалымдар тарапынан зерттелінген. Кіші фольклорлық формалар түрлі позициядан, тұрақты сөздік кешендер ретінде (Л.И. Ройрензон), адамдар арасындағы қатынасты, белгілі жағдайлардың белгілері ретінде (Л.А. Морозова, Г.Л. Пермяков, Ю.В. Рождественский), когнитивті –семантикалық субкатегориялар ретінде Р.Лангакер, Л. Талми, тілдегі категориялаудың базалық деңгейінің концепті ретінде ДЖ. Лакофф, Э. Рош сияқты ғалымдар зерттелінген.

М.М. Алексеева, Б.Т. Лихаева, Э.В. Померанцева, Б.А. Рыбакова, К.Д. Ушинский т.б ғалымдардың еңбектерінде балалардың ана тілдеріне және оның мәдениетіне деген қызығушылықтарына тәрбиелеудің құралы ретінде фольклорлық жанрлардың бірнеше түрлерін пайдалану мүмкіндіктері айтылған. К.Д. Ушинский мақалдар, мәтелдер, жаңылтпаштар мен әзілдер балалардың назарын ана тілінің дыбыстық әсемдігіне аудартатындығын айтқан. [4]

Фольклор сөйлеу тілді дамытудың мәселелерін шешуде бағасыз көмек көрсетеді, себебі, халықтың ауызша шығармаларында халық тәжірибесі сөйлеу тілдік дамудың қажет және шынайы формаларын әлдеқашан жинаған. М.В. Фадееваның пайымдауынша, фольклор сезім мен көңіл-күйдің жағымды алаңдаушылығымен байланысты немесе қарым-қатынастың мәселелік жағдайларына қызмет ететін мәтіндердің үлкен жүйесіне ие. [5]

Л.Тальми мен Р. Лангакердің жұмыстарында фольклорлық мәтіндер нақты жағдайларға қатысты физикалық, психологиялық, әлеуметтік өзара әрекетіне қатысты концептуальді суперкатегория ретінде қарастырылып, түрлі тілдік құралдар арқылы сипатталады. Б.Б. Эльконин сонымен қатар ритм мен рифма әсіресе балаланың ерте жасында тақпақтар мен сөз тіркеестерінің, түрлі сөздерді есте сақтаудың негізі болып табылады екен. Ол сөздер мен фразаларды қайталау барысында бала санасының пәні болып оның мағынасы мен мәні емес, дыбыстық құрамы мен ритмикалық құрылымы болып саналады екен.

Бала түсініктерінің дамуында тілдің ролі ерекше. Ол бала тарапынан қабылданған байланыстарды бөлшектеу мен ашуда байқалады. Берілген заттың атауы, жалпылама көрініс формасы бола отырып, заттың маңызды ерекшеліктеріне бейнесінің сәйкестігін қамтамасыз етеді. Кейде бейне негіздері көрнекі түрде қабылданбайды. Бұл бейнені объект емес, белгілі қасиеттер сипаттап, көрнекі образ бен түсініктер арасындағы аралық орынды алады (мысалы, «жалқау», т.б). бұндай образдар объектінің негізін сипаттап, бала тәжірибесінде ұзағынан сақталады. Кіші фольклор жанрларының шығармаларында ол айқын көрініс табады: «жалқаудың жаны тәтті», т.б

Фольклорлық шығармалар тіл мәнерлігінің белгілі құралына ие болып, олар оны бейнелік жағынан және көкемдей түседі. Бұл ерекшеліктер мектеп жасына дейінгі балаларға фольклорлық шығармаларды жалпылап, оларда айқындалған мәдениеттердің ерекшелігін көруге мүмкіндік береді.

Балалық шақ ерекше әлеуметтік мәдени феномен бола отырып, бала фольклорын реттеудің маңызды контекстісі болып саналады. И.С. Кон балалық шақты жеке тілдік функциясы бар автономды әлеуметтік мәдени шынайылық, өзіндік субмәдениет ретінде қарастырады. М.Гудмэн балалық шақтың үш маңызды жүйесін түрін бөліп көрсеткен: балалар ойыны, фольклор, және көркем шығармашылық, балаалрдың қарым-қатынас әрекеттері .

Бесік жыры, әлпештеу жырларының болуы әлпештеу поэзиясының бастысы бола отырып, ол «ерте фонемдікпен» байланысты болып келеді. (Л.П. Якубинский). Баласына бағытталған анасының дауысы сөздердің еш мағынасы мен мәнін түсінбейтін бала үшін эмоциональді аймақ бола отырып, дені сау бала тұлғасын қалыптастырудың кепілі болып саналады.

Бесік жырлары, әлпештеу жырлары баланы тыныштандыруға арналған шағын лирикалық шығарма бола отырып, басқа фольклорлық жанрлар сияқты мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытушы құралы болып саналады. Әуендік мәнерлігімен қоса шынайылықпен алғаншқы қатынасқа түсу құралы бола отырып, ол өз ішінде психологиялық, педагогикалық функцияларды қамтиды: дыбысты шығарып айтуға бағыттап, сөз ақпарат және коммуникация құралы ретінде болып, нәтижесінде бала әуендік және музыкалық интонацияны, динамиканы іске асырып, көңіл-күйді жеткізуші тәсіл ретінде тептік-ритмдік қабылдауын қалыптастырады, ұлттық тілдің әуендік ерекшеліктерін түсінуін қамтамасыз етеді.

Баланың сөйлеу тілі мен ойлауының бұл заңдылықтарын арнау-тілеу өлеңдері, тәжікелесу, уату-алдарқату, әлпештеу-мәпелеу өлеңдері т.б сияқты дыбыстық үйлесімділіктері бар балалар фольклорының алғашқы жанрларын сипаттайды.

Бесік жыры (әлпештеу жырлары) әлпештеу, уату-алдарқату жырлары, қызықтама жырлары түрлі дыбыстық материал үйлесімділігін қамтып, балалар үшін дыбыстық дағдыларды меңгеруге көмектесіп, балаларды ойынға дайындап, сөз деңгейінде ойынның эстетикалық мәнін ашып, қоршаған ортаның түрлілігін тануға мүмкіндік береді. Олар балаларды вербальді әрекетке, өзара қатысушылыққа, белсенді қарым-қатынасқа тартып, балалардың қозғалыс қабілеттерін қалыптастырып, заттық-манипуляциялық әрекетін детерминациялап, баланың сөйлеу тілін дамытудың толыққанды жағдайы болып саналады. Бесік жырының негізгі қызметі – баланы тыныштандырып, ұйықтату болса, ал уату алдарқату жырларының міндеті керісінше тынышсызданған баланы алдандырып, көңілін басқа жаққа аудару, әлпештеу жырларының негізгі мақаты бала денесін дамытуға байланысты жаттығуларды сүйемелдеу болып табылады.

Олар әуендік, поэтикалық естіп қабылдауларын ұйымдастырып, ырғақты сезінуін қалыптастырып, қарым-қатынастың диалогтық тәсілін меңгеруге ықпал етіп, есте сақтау қабілеттерін іске қосып, қарым-қатынастың жаңа субъектілеріне, жаңа ақпараттарға бейімделуіне көмектеседі. Сәбилік ғұрып жырларының ішінде әлпештеу өзінің бастауын «уату, әлпештеу» сөзінен алып, оның негізгі қызметі бала денесін дамытуға байланысты жаттығуларды сүйемелдеу болса, уату-алдарқату жырларының басты міндеті баланы алдандыру, көңілін сергіту, ойнату болып келеді. Кейін уату – алдарқату жырлары келіп, олар сәби сәл қара тұяқ болып, аяғы тілі шығып, өз бетімен ойынға араласа бастаған кезде баланың бір дене мүшесін пайдаланып, алдарқататын ермек-ойын өлеңдер басым бола бастайды. Қазақ халқы арасында кең таралған осындай жырларының бірі – «Қуырмаш». Жылап отырған баланың алақанын алып, «қуыр-қуыр-қуырмаш, тауықтарға бидай шаш», - деп баланың алақанын бидай қуырғандай етіп қытықтайды. Қимыл әрекеттері алдарқату жырларының негізі болғандықтан, онда бір бейненің екінші бейнеге ауысу жүреді. Онда сюжет созылған сайын алдарқату тәсілі баланың назарын өзіне аудартып, сол арқылы сюжеттің байланыстық ұйымдастырылуына жүгіндіреді.

Бесік жырлары, әлпештеу мен уату алдарқату бесік жырына жатып, оның құндылығы ең алдымен, интонацияның мәнерлігімен сипатталады. Қарапайым рифма, бірнеше рет қайаланатын сөз тіркестері мен сөздер, эмоционалды бағытталған әуендер баланы дыбыстық сөйлеу тіліне назар аударуға итермелейді. Бұл әсіресе сөйлеу тілінің даму деңгейі төмен балалармен логопедиялық жұмыстарда өте маңызды болып келеді. Себебі, оларда естіп назар аударуы, интонациялық реакциялар, сөздері қалыптаспаған болып келеді. Аталмыш фольклорлық мәдениеттер қайталанатын фонемалар мен дыбыстық үйлесімдер, дыбыстық еліктеулер арқылы белсенді дыбыстық ықпал етуді қамтамасыз етіп, олар баланың аз дәрежедегі мүмкіндіктеріне есептелініп, олардың дамып келе жатқан еліктеуші қабілетіне сүйеніледі.

Әлпештеу жырлары қатарына аударма қисынсыз өлеңдер де жатып, шынайы байланыстар мен қатынастардың араласуынан күлкі тударатын – өлеңдер мен такпақтардың ерекше түрі болып саналады.

Бұл өлеңдердегі үйлеспеушіліктер баладағы көріністер мен заттардың қатынастарын шынайы түсінуіне бағытталған. Қисынсыз – әзіл-оспақ әңгімелер, ертегілер негізінен мүмкін емес жайттарды мүмкін етіп айтуға бағытталады.

Олар негізінен балалардың талдауы мен жинақтауын дамытып, дұрыс ойлауын және қалжын-күлкі сезімін дамытып, жағымды көңіл-күйлерді шақырып, сезімдік ойлау мен елестің, логикалық, ассоциативті тұрғыда дамытуға мүмкіндік береді. Баланың фонематикалық есту қабілетінің қалыптасуына ықпал етіп, сөйлем мен сөзді түсінуге және ондағы морфологиялық, грамматикалық, және семантикалық өзгерістеге назар аударуға ықпал етеді.

Қисынсыз және өтірік өлеңдерді меңгеру үрдісінде балалар шынайылықтың рациональді-логикалық құрамдастығын танып, моно және полилогтық хабарламалардағы семантикалық,

лексикалық талдауға үйренеді. Қисынсыз мәтінде алогизмді бөліп алып, мазмұнын шынайылықпен сәйкестендіру, өне қисынсыздықтар жағдаяттық коллизиясына өзінің реакциясын негіздеу маңызды болып саналады.

3 жастан асқан соң, шамамен 4 жасқа таман бала сөйлеу тілін меңгеру барысында тілдің грамматикалық құрылымын меңгеріп, баланың сөйлеу тілі мен тақпақтар арасындағы шекара жоғала бастап, «баланың былдырынан тақпақтар» туындай бастап, «тақпақтар- өйлеу тілінің қалыпты жағдайы бола бастайды» (К.Чуковский). Бұл шақта балалардың қиялы айтарлықтай дамыған болып (Л.С.Выготский) балалардың фольклоры балалар тарапынан шыңарылған, орындалатын, және осы балалар тарапынан жеткізілетін болып келеді [1]. Олар тұрақты мәтіндер жүйесіндегі бекітілген және іске асырылатын ұжымдық шығармашылық ұжымдық форма болып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, олардың ойының және коммуникативті әрекетін реттеуші мағынасына ие болып келеді.

Сұрамақ - көне заманғы ұжымдық дәстүрлі салттардың элементтері болып, «шақыру», «сұрау», «жүгінуге» негізделеді. Ол мазмұны, тақырыбы жағынан тақпақтармен үндескенімен, композициялық құрылымы жағынан, орындалу мәнері жағынан олардан ерекшеленеді. Сұрамақтардың тағы бір ерекшелігі табиғат құбылыстарымен, жан-жануарлармен адам ретінде тілдесу болып табылады. Ол күнге, кемпірқосаққа, жаңбырға, құстарға да бағытталуы мүмкін. Соңғы уақыттағы фольклор жанрларында ұраулар ойын ретінде болып, оған көптеген қызықты жайттар енгізілді. Сұраулар табиғатпен қатынасқа тікелей негізделіп, табиғаттың көріністері мен жайттары туралы қарапайым мәліметтерге танымдық аспект әкеліп, интонациялық және метроритмикалық сезімталдық пен есте сақтауын дамытады екен.

Тәжікелесу және арнау-тілеу өлеңдері - ол ересектер әлеміне балалар тұрмысына келген жеке қалаулар, тілектер.Тәжікелесу –диалог арқылы бірін-бірі қажап, күлкіге айналдыру, сөзбен іліп-қағуы. Тәжікелесудің қимыл әрекетке негізделген түрлеріде бар.

Арнау ,тілеу өлеңдері – жанауарлар мен құстарға бағытталған қысқаша тақпақ тәріздес келеді. Оларда әдетте ойынның ережелері, көмек сұрау формалары т.б қажет әрекеттер бекітіледі. Көптеген арнау, тілек өлеңдері ежелгі тілектермен арнаулардың көне сипатының қалдық формасын сақтайды. Оларды «күнтізбелік балалар фольклорымен» терминімен біріктіру қабылданған. (Г.С. Виноградов).

Ойын өлеңдері балалардың күнтізбелік фольклоры сияқты көне болып келеді. Басқаша айтқанда балалар ойынды бастап, немесе оны ойын әрекетімен байланыстырады. Олар ойын шартын қамтып, ойын әрекетін байланыстырып, тіпті қорытынды ролін атқаруы да мүмкін. Талдау ойын барысында әсіресе сөздік арнаулармен және өлеңдермен бірге жүргенде анықталынады.

Жалпы балалар фольклорына тән шығармалардың барлығында ойындық белгілердің болатыны өзіс., бірақ ойындарға арналған балалар фольклорына жататын туындыларда бұл сипат ерекше көрінеді, оларда ойынға тән драматизм мен қимыл әрекет динамизмі күшіті болып келеді. Ойынға шақыру өлеңдерінің бірі -санамақтар - ойындағы адалдық пен тәртіпке негізделіп, өзінің өзгешелігі арқасында педагогикалық және көркем құндылығына сөзсіз ие болып келеді.Олар мектеп сөйлеу тілі зақымдалған жасына дейінгі балалар үшін табылмас әдістемелік құрал бола отырып, дыбысты дұрыс айтуға тәрбиелеу үшін және грамматикалық формаларды өңдеу үшін, артикуляциялық аппаратты жаттықтыру үшін қолданылуы мүмкін[1].

Санамақ ойындарында сонымен қатар психологиялық мәселелер де шешіледі: балалар барынша ашылып, ойын барысында ұжымға оңай бейімделе алады. Санамақтар баланы әлеуметтендірудің алмастырсыз құралы болғандықтан, олардың арқасында бастапқылары мен ерушілерін анықтап, рольдерді тарату барысында балалар арасындағы өзара қатынастағы қысылуларды шешуге болады. Ұжымдық ойындарда санамақтар көмегімен сөйлеу тілдік шығармашылық ойлар да жүзеге асырылады.

Санамақтар ырғақ пен интонацияның ерекше құрылымдық иесі болып саналады. Ауызша халық шығармашылығында санамақтар бала шығармашылығының ерекше жемісі ретінде таныады. Оларды түрлі халықтың түрлі тілдерінде орындай отырып, балалар сөйлеу тілдік дыбысталуларына сүйенеді. Естігендері мен көргендерін жылдам қимылдармен үйлестіріп, ол сол санамақтардың ырғақтары болып табылады. Санамақтардың ырғақтары динамикалық қимылда болып, шапшаң қимылдан әлсіз қимылға ұласып отырады (шапалақ, табан басу т.б)

Қаламақ –әдетте балалар екі топқа бөліну қажеттілігі барысында туындайды. Қалған балалар екіден жұптасып, бір –бірне жасырын ат қояды. Сөйтіп, қойған аттарын екі жол өлеңмен екі басшыға айтып, қалауын сұрайды:«Аспандағы жұлдыз керек пе?Судағы құндыз керек пе?

Алтын асық керек пе? Күміс қасық керек пе?»

Жаңылтпаштар – халықтың шығармашылық-мәдениетінің элементі бола отырып, ондағы ойындар мен сауықтардың үйлесімдігі технологиялық құрал мен әдісті құрайды. Жаңылтпаштар – қиын дыбысталатын дыбыстар таңдалынған арнайы ойлап табылған фраза, тез айтылатын қара сөз немесе өлең түрінде болады.

Жаңылтпаштар артикуляцияның қалыптасуына, ана тілінің дыбыстарын дұрыс айтуға ықпал етіп, баланың сөйлеу тілін, ойлау белсенділігін, ерік пен есте сақтауын, сөз шешендігін, поэтикалық естіп қабылдауын, ырғағын дамытып, тілдің мағыналық және құрылымдық жақтарын меңгеруге де ықпал етеді. Балалар эмоциональдық – сезімдік, бейнелік, интонациялық, дыбыстық және семантикалық қатынас арқылы «дыбыстық бейне» сипатын түсіне бастайды (Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па?).

Мазактамақ - шағын рифмикалық мәтіндер бола отырып, онда кейіпкердің жағымсыз сипаттарына әдейі күлкілі аттар қойылып, немесе бірнеше ырғақталған қатарлардағы есімдер нұсқалары да қосылады. Олардың негізінде балалар ырғақтар түсінігін меңгереді (Антошка-картошка), сонымен қатар антонимдік, синонимдік қатардағы ырғақтар түсінігі қолданылады (жақсылық-жамандық). Кіші фольклорлық жанр ретінде мазактамақ ойыны балалардың поэтикалық сезімдері мен метроырғақтық сезімталдықтарын дамытып, қарым-қатынастарының дамуына ықпал етеді. Олар өздерінің сезімдерін сөйлемде айқын, еркін жеткізуге, сонымен қатар оларды жеткізе білуге үйреніп, әрекеттің жағымсыз формаларын түзету құралдары ретінде орын алады. мазактамақ ойынының топ өміріндегі ролі ерекше, ол әрекет нормаларының әлеуметтік пайымдауларына ықпал етіп, әлеуметтік төзімділік формасы ретінде болады. Сонымен қатар олар балалардың интонациялық сезімталдығының дамуына ықпал етіп, тіл логикасын меңгеру мен дамытудың әдісі болып, дыбысталу, гипербола, т.с.с лексикалық мәнерлік құралдарының мүмкіндіктерін аша түседі. Келекету ойындары бала өмірінде жиі кездесіп, эмоциональды тұрақтылықтың өзіндік жаттығуы болып табылады.

Жұмбақтар халық шығармасында баланың ой-өрісін, алғырлығын, білімін ынау мақсатында нақты зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталған шағын әдеби жанр. Жұмбақтар балалардың есте сақтау қабілетін дамытып, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру сияқты қабілеттерін қалыптасытырып, пайымдауға, дәлелдеуге, ой қорытындысын жасауға үретіп, қарым-қатынастағы жағымды эмоциональдық фонды туындатуға көмектеседі.

Жұмбақтардың ертегі типтес образы дәл ертегідей емес, бірақ сюжеті бойынша соған жақын болып келеді және жұмбақтар ертегілер тәрізді қағидаларға сүйеніп жасалынған: Бала өмірінде жұмбақтардың алатын ролі ерекше. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл роль ақылдылығын дамытуға ғана негізделмейді. В.П.Аникин жұмбақтарды шешіп жаттыға отырып, балалар шынайы ақталған салыстыруларға жүгініп, метафорлық және өзге де образдардың туындату түрлерін меңгереді екен. Жұмбақтың ең бастысы – поэтикалық құралы – метафоралық тәсілі. Жұмбақта тұспалдап айтылатын нәрселер дайын, ап-айқын күйінде көрінбей, тұспалдана беріледі. Жұмбақты шешу үшін бейнелік-ассоциативті ойлау қабілетіне ие болып, логикалық тәртіптегі аз емес қиыншылықтарды да жеңе білу керек.

Мақалдар – уақытпен және шындықпен тексерілген және тіл жүйесіндегі орны ерекше орны бар афористік сипаттағы халықтың қысқаша нақыл тілі. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алынғы жолдарында пайымдап, соңғы жылдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі («Қайраңы жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без»)

Мақалдың заманауи анықтауында қызыл тіл формасының сөйлеу тілдік айналамына кіретін ауызша халық шығармашылығының лирикалық емес жанры үшін белгілі қысқашалық пен қарапайымдылық тән болып келеді. Ол өзінің үлкен мазмұнына қарамастан, ол нақты пайымдауға, өмір бақылауларының және әлеуметтік-тарихи тәжірибенің қорытындысы болып саналады. Көптеген зерттеуші лингвистер (В.И.Даль, И.М. Снегирев, Ф.И. Буслаев, В.И.Чичеров, В.П. Аникин, А.М. Жигулев, С.Г. Лазутин т.б) мақалдарды зерттеумен айналыса отырып, оған тән кей ерекшеліктерді бөліп көреткен:

1. Барлық мақалдардың оқытушылық-үйретушілік сипаты болып, олар белгілі тәрбиелік мақсаттарға негізделеді. Мақалдардың қорытындылары әмбебап және өзінің заңдылығына ие («мақалда не түзетушілік, не түзетулер болмайды»)
2. Мақалдардың шығармашылық және таныдық мағыналары үлкен болып келеді. Олар халық тарихымен бірге жүріп, адамдардың өмірі мен тұрмысына жаңа жайттарды әкеледі.

3. Өзге жанрларға қарағанда мақалдар арнайыорындалмайды, олар белгілі жағдайларға сай жанды ауызша сөйлеу тілінде қолданылады. Тек сөйлеу тілінде ғана мақалдар нақты мағанаға ие болады.
4. Мақалдар – аяқталған пайымдар, өзіндік сөйлемдер. Бұл әсіресе мәтелдің мақалға ауысу жағдайында байқалады.
5. Шынайылықтың образдық және эмоциональдық бейнесі көбінесе өзге көркем шығармада түрлі көріністерді эстетикалық бағалаумен тығыз байланысты болып саналады.

Мақалдардың эмоциональдық құрылымында ырғақтың атқаратын ролі ерекше: ол сөйлеу тілінің қимылын туындатып, үзіліс пен логикалық екпінді есепке алады. Осы белгілері бойынша Л.А. Морозова мақалдардың екі түрін бөліп көрсеткен: прозалық және тапқытық болып табылады. [6]. Г.Н. Волков сонымен қатар мақалдардың халық педагогикасына тән екі заңдылықтардан тұратындығын пайымдаған: меңзеу, ол зерттелінушілердің санасына ықпал ету құралы ретінде және белгіліден белгісіздікке оқыту болып саналады.

Мақалдарға мәтелдер жақын болып келеді. Мәтелдерде ой-пікір тұжырымдалып емес, даналық қорытынды, түйінді пікір түрінде айтылады.өзінің қысқалығымен, тұрақты қызыл тілдігімен ерекшеленіп, ауыспалы мағыналары ой қорытындысының аяқталмағанын білдіретіндей.. мәтелдер халықтың әлеуметтік тарихи тәжірибесін нақты –бейнелік жалпылау ды көрсетіп, тірі ауызша тілде белгілі тұлғаларға ғана қатысты емес, сонымен қатар белгілі әрекеттерге байланысты да айтылады. Мәтелдердің көкемдік функциялары ерекше және түрлі екендігін С.Г.Лазутин өзінің еңбектерінде атап өткен.[7]

Сонымен, қорытындылай келе фольклорлық мәдениет оның барлық көрінісінде де ең алдымен сөйлеу тілдік көрінісінде баланың шынайылығына жақын болып келеді. Өлеңдер, уату-алдарату, әлпештеу,мақалдар, мәтелдер, санамақ , т.б өлеңдерге негізделген ікші фольклорлық формалар қоғамның рухани құндылығын жеткізетін халықтың тілдік әрекетінің жемісін құрайды. Оларжағдайлардың белгілері сонымен қатар тілдік қоғамдық тәжірибені меңгерудің тұрақты бейімдеушілігі болып саналады.

Зерттелініп отырған мәселелерді талдау мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілі түрлі әрекет негізінде тілдік көріністерді реттеу нәтижесінде дамитындығын көрсетті. Балалар фольклорлық тілдерді меңгере отырып, өзінің танымының шеңберін кеңейтіп, адамзат, халық жеткен білім деңгейіне ұмтылып, өзінің сөйлеу тілінде жеке тәжірибесін бекітіп, оны қатынастың ыңғайлы, қысқаша негізі ретінде қолдануға мүмкіндік алады.Жалпылай отырып, кіші фольклорлық формалар сөздер сияқты балалар үшін белгілі мағыналардың иесі (негізі) болып, олардың семантикалық қасиеттері балалармен жұмыс барысында әрекеттік, контекстік ықпал етуде мүмкін болады.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі

1. *Выготский Л.С. Собрание соч.Т.3: Проблемы развития психики /под.ред. А.М.Матюшкина.-М.:Педагогика,1983.-367с.*
- 2.*Левина Р.Е.Опыт изучения неговорящих детей(алаликов)/Р.Е. Левина.—М.— 1951.-120с.*
- 3 *.Аникин В.П. Русские народные пословицы, поговорки, загадки и детский фольклор/В.П.Аникин. -М.: гос. уч-пед.изд.мин.проев.РСФСР,1957.-240 с.*
